4. Бейне/онлайн ҰҚ
5. Цифрлық білім беру ресурстары

Материалдарды жинақтап, өңдеуді Орталық қызметкерлері жүзеге асырады.

Ақпараттық жүйе мақсаты:

1) қала балабақшалары үздік педагогтерінің тәрбиелеу және оқыту тәжірибесін ескере отырып мектепке дейінгі білім беру ұйымдары педагогтеріне шығармашылық даму мен кәсіби өсуіне әдістемелік қолдау көрсету және жинақталған тәжірибені таратуға жағдай жасау;

2) жетекші және пилоттық балабақша педагогтеріне консультативті көмек көрсету үшін бірыңғай білім беру платформасы мен ақпараттық алаң құру;

3) инновациялық білім беру бағдарламасын, оқу ресурстарын, тәрбиелеу және оқыту әдістемесін тарату;

4) Астана қаласы бойынша мектепке дейінгі білім беру ұйымдарының педагогтерінің АКТ пайдалану дағдыларын дамыту және тиімді пайдалану.

Орталық бүгінгі күні ақпараттық жүйе контентін толтыру бойынша іс-шараларды жүйелі жүргізуде.

Жоғарыда мазмұндалған негізінде, өз материалдарын біздің сайтқа орналастыру мүмкіндігі туралы барлық Мектепке дейінгі білім беру ұйымдарының педагогтері хабардар етілді.

Қашықтан ұйымдастырылған қызметке қойылатын талаптар:

Бейне ұйымдастырылған қызмет (ҰҚ) (.mp4, .mov немесе басқа да келісім бойынша) бейне форматында;

Бейне ҰҚ көлденеңінен түсірілуі қажет.

Бейне ҰҚ ұзақтығы 8-10 мин аспайды.

Бейне ҰҚ төмендегі кестеге сәйкес түсірілді

№	Ұйымдастырылған қызмет кезеңдері	Хронометраж
1	Сәлемдесу	1 мин
2	Негізгі кезең. Негізгі тақырыптың мазмұнын ашу, түсіндіру, балалардың іс-әрекетке бағдарлануы, ойын тапсырмалары, бекіту	5-6 мин
3	Тақырыптың мазмұнына сәйкес сандық ресурсты ұсыну	1 мин

4	Рефлексия. «Мен не істедім? Мен не істей алмадым?» сұрақтарына жауап	1-2 мин
---	----------------------------------------------------------------------	---------

Ұйымдастырылған оқу қызметті түсіру үлгісі.

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламаларына сәйкес (ҚР Білім министрінің 2022 жылғы 14 қазандағы № 422 бұйрығы) әрбір баланың мүддесін, ерекшелігі мен қажеттілігін ескере отырып, жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтар негізінде әлеуетін тұтас дамыту және ашу үшін «Елордалық мектеп» платформасы 5 (бес) бағытқа бөлінді:

1. Физикалық дамуы.
2. Коммуникативтік дағдыларын дамыту
3. Танымдық және зияткерлік дағдыларды дамыту
4. Балалардың шығармашылық дағдылары мен зерттеу қызметін дамыту.
5. Әлеуметтік-эмоционалды дағдыларды қалыптастыру.

Бейне ҰҚ авторының аты-жөні, жұмыс орны. Бұдан әрі бейне ҰҚ тақырыбы, мақсаты, міндеттері және күтілетін нәтижесі жазылып, тақырыпқа байланысты толтырылады (бір бетке, Microsoft Word).

2020-2022 жылдар аралығында Мектепке дейінгі білім беру ұйымдары 1249 іс-шара елордалық платформаға жүктелді.

№	Бағыт	Оқыту тілі	Кіші топ – 2 жастағы балалар	Ортаңғы топ – 3 жастағы балалар	Ересек топ – 4 жастағы балалар	Мектепалды топ – 5 жастағы балалар	Барлығы
1	Денсаулық / Здоровье	каз	9	23	40	40	112
2		рус	5	8	5	19	37
3	Қатынас / Коммуникация	каз	29	41	84	66	220
4		рус	11	20	21	57	109
4	Таным / Познание	каз	49	116	56	53	274
5		рус	34	45	41	31	151
6	Шығармашылық / Творчество	каз	27	24	29	38	118
7		рус	8	14	12	19	53
8	Әлеумет / Социум	каз	6	23	41	57	127
9		рус	3	8	9	28	48
10	Барлығы		181	322	338	408	1249

Жалпы орта білім беру

Пандемия біздің еліміздегі көптеген аспектілерге, соның ішінде білімге де әсер етті және барлық мұғалімдер қашықтықтан оқыту форматына көшуге мәжбүр болды. Жаңа форматқа күрт көшудің салдарынан мұғалімдерге қолдау және қосымша оқыту қажет болды. «Elordamektep.kz» жобасына орта білім

беру бөлімінен 10 280 сабақ салынды. 1-11 сыныптар бойынша барлық пәннен 1, 2, 3, 4 тоқсан бойынша КТЖ сәйкес толтырылды. Платформаның көмегімен сабақтардың ҚМЖ, слайды, тақырыпты дыбыстау уақыт пен қашықтыққа карамай баршаға қолжетімді болды. Пандемия кезінде «Elordamektep.kz» платформасын Астананың мектеп оқушылары және педагогтерімен бірге республиканың барлық пән педагогтері тегін қолданды. Ата-анада аталған платформаға тегін кіре алды. «Elordamektep.kz» платформасында сабақтар екітілде салынды.

Техникалық және кәсіптік білім беру

2020 жылдан бастап Астана қаласының техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдары педагогтерінің өздерінің авторлық оқу құралдарын, дидактикалық және әдістемелік материалдарын Елорда-мектеп жобасында <https://elorda-mektep.kz/> орналастыру арқылы өзінің педагогикалық тәжірибесін жалпылау және тарату, мүмкіндігіне ие болды.

Қазіргі таңда Елорда-мектеп онлайн платформасы техникалық және кәсіптік білім беру саласындағы сарапшылар бекіткен әдістемелік материалдардың мол контентін келесі бағыттарда ұсынады:

- Жалпы білім беретін пәндер - 362 бейне материал, оның ішінде 200 қазақ тілінде, 162 орыс тілінде.
- Әлеуметтік-экономикалық пәндер – 27 бейне материал, оның ішінде 18 қазақ тілінде, 9 орыс тілінде.
- Арнайы пәндер – 402 бейне материал, оның ішінде 205 қазақ тілінде, 197 орыс тілінде.
- Жалпы кәсіптік пәндер – 86 бейне материал, оның ішінде 60 қазақ тілінде, 26 орыс тілінде.

Елорда-мектеп жобасында техникалық және кәсіптік білім беру саласы бойынша жинақталған мемлекеттік және орыс тіліндегі 877 білім беру ресурстарын кез келген қолданушы әдістемелік көмек ретінде тегін пайдалану мүмкіндігіне міндетті түрде тіркелу шарты арқылы қол жеткізе алады.

Қосымша білім беру

Астана қаласында 11 қосымша білім беру ұйымы жұмыс істейді: Әл-Фараби атындағы Оқушылар сарайы, М. Өтемісұлы атындағы Оқушылар сарайы, әл-Фараби атындағы оқушылар сарайы, 3 Балалар музыка мектептері, 2 Өнер мектептері, Балалар көркемсурет мектебі, Техникалық шығармашылық орталығы, Балалар-жасөспірімдер туризмі және өлкетану орталығы, «Шығыс» балалар-жасөспірімдер орталығы.

Қосымша білім беру ұйымдары өз қызметтерін келесі бағыттар бойынша жүзеге асырады:

- көркем-эстетикалық;
- техникалық;
- ғылыми-жаратылыстану;
- туристік-өлкетану бағыты;

- дене шынықтыру-сауықтыру;
- әлеуметтік-гуманитарлық;
- экологиялық.

2020 оқу жылынан бастап сайтта «Elorda-mekter.kz» қосымша білім беру педагогтеріне бейне сабақтар мен сабақтар орналастырылды.

- Туристік-өлкетану және экологиялық-биологиялық бағыт – 15 сабақ;
- Ғылыми-техникалық бағыт – 34 сабақ;
- Әлеуметтік педагогикалық бағыт – 26 сабақ;
- Спорттық бағыт – 14 сабақ;
- Көркем эстетикалық бағыт – 793 сабақ.

Елорда-мектеп жобасында тәрбие және қосымша білім беру саласы бойынша жинақталған мемлекеттік және орыс тіліндегі «Elorda-mekter.kz» қосымша білім беру педагогтеріне **(882)** бейне сабақтар мен сабақтар орналастырылды.

Балаларды қосымша білім берумен қамтуды ұлғайту мақсатында алдағы уақытта да жұмыстар жүргізіледі.

Арнайы білім беру

Арнайы білім беру педагогтері мен жалпы білім беру ұйымдары педагогтері ерекше білім беру қажеттіліктері бар балалармен жұмыс жасауда теорияны практикада дамытуда орталықтың «Elordamekter.kz» сайтында ата-аналар мен педагогтерге арналған өздерінің бейне-ұсынымдарын орналастырды. Бұл барлық оқушыларды қашықтан оқыту кезінде ерекше білім беру қажеттілігі бар балалардың ата-аналары мен педагогтерге әртүрлі тақырыптарда берілген көмек болды.

№	Бұзышылықтар түрлері	Оқыту тілі	Мектепке дейінгі білім беру	Жалпы білім беру	Барлығы
1	Көру қабілетінде бұзылыстары бар балалар үшін	Қазақ	3	5	8
		Орыс	3	7	10
2	Есту қабілетінде бұзылыстары бар балалар үшін	Қазақ	2	4	6
		Орыс	13	15	28
3	Сөйлеу тілінде бұзылыстары бар балалар үшін	Қазақ	10	4	14
		Орыс	14	4	18
4	Тірек -қозғалыс аппаратында бұзылыстары бар балалар үшін	Қазақ	13	3	16
		Орыс	5	2	7
5	Зерде бұзылыстары бар балалар үшін	Қазақ	2	31	33
		Орыс	5	25	30

6	Психикалық дамуы тежелген балалар үшін	Қазақ	4	2	6
		Орыс	14	5	19
7	Эмоциялық -ерік аясында және мінез-құлқында бұзылыстары бар балалар үшін	Қазақ	6	4	10
		Орыс	15	6	21
Барлығы			109	117	226

Кітапханалық сағат

«Elordamektep.kz» платформасы кітапханашылар үшін олардың кәсіби дамуы мен біліктілігін арттыруда шешуші рөл атқарады. Міне, осы платформаларды пайдалануға болатын бірнеше маңызды мақсаттар:

1. Кәсіби құзыреттілікті арттыру: платформа кітапханашыларға деректерді жинау және талдау, ақпараттық технологиялар және т.б. сияқты әртүрлі салаларда білімдері мен дағдыларын жетілдіруге мүмкіндік беретін өзекті және пайдалы материалдарға қол жеткізуге мүмкіндік береді.

2. Қазіргі заманғы талаптарға сәйкестік: кітапхана саласындағы технологиялар мен жұмыс әдістері үнемі дамып келеді. Оқыту платформалары кітапханашыларға өз міндеттерін тиімді орындау қабілетін қамтамасыз ете отырып, соңғы трендтерден, стандарттардан және технологиялардан хабардар болуға көмектеседі.

«Elordamektep.kz» платформасында барлығы 89 бейнероликтер орналастырылған: кітапхана сағаты - 12, «Оқуға құштар мектеп» жобасы - 57, кинофильмдер – 20.

«Elordamektep.kz» интернет-платформасы педагогтердің күнделікті сабаққа дайындалуында таптырмас көмекші құрал. Платформа білім беру ұйымдарының барлық деңгейін қамтыған, әдістемелік материалдар жинағы болып табылады.

Ұсынылған жобаға қызығулық танытсаңыз, толық ақпарат алу үшін жоба авторларымен байланысқа шыға аласыз!

Жоба авторы: Астана қаласы әкімдігінің «Әдістемелік орталығы» МКҚК

Телефон: 8 (7172) 48-11-57

Электронды почта: reception@astana-modern.edu.kz

Алматы қаласы

Жоба атауы: «ЕЛ ЖАСТАРЫ» Алматы аймақтық бағдарламасы

Бағдарламаның мақсаты:

Әлеуметтік дамудың қазіргі жағдайлары мен қажеттіліктерін ескере отырып, қазіргі қоғамда мейлінше табысты бейімделуге қабілетті азамат пен патриоттың бәсекеге қабілетті және әлеуметтік белсенді жеке тұлғасын қалыптастыруға ықпал ететін бірыңғай білім беру кеңістігін құру.

Бағдарламаның міндеттері:

- 1) «Білімді ұлт» сапалы білім беру» ұлттық жобасы шеңберінде балалар мен жастарды тәрбиелеу мазмұнын жаңарту;
- 2) оқыту мен тәрбиелеуді дамытудағы әлемдік тенденцияларды, тәрбие саласындағы педагогикалық ғылымдардың жаңа жетістіктерін есепке ала отырып, жаңартылған тәрбие мазмұнының мақсаттарын, міндеттерін анықтау;
- 3) жалпы адамгершілік, ұлттық және этномәдени құндылықтар негізінде тұтастай тәрбие үдерісінде білім беру ұйымдарында оқитындар мен олардың отбасыларының, мектептің, мемлекеттің, қоғамдық ұйымдардың бірлескен әрекеттерін қамтамасыз ету;
- 4) балаларды тәрбиелеудегі ата-аналардың психологиялық-педагогикалық құзыреттілігі мен жауапкершілігін, жастарды салауатты отбасы құруға, отбасы институтын бекітуге саналы қатысуға дайындау;
- 5) салауатты өмір салтын ынталандыру, девиантты және аутодеструктивті мінез-құлықтың алдын алу;
- 6) әлеуметтік маңызы бар балалардың, отбасы және ата-ана бастамаларын, балалардың қоғамдық бірлестіктерінің қызметін дамыту және қолдау;
- 7) еліміздің қоғамдық-саяси, экономикалық және мәдени өміріне қатысу қажеттілігін, жеке адамның өз құқықтары мен міндеттеріне саналы көзқарасын қалыптастыру, мектептегі өзін-өзі басқару және пікірсайыс қозғалысына қатысу;
- 8) денсаулық мүмкіндіктері шектеулі балаларды оқыту мен тәрбиелеуге жағдайлар жасау;
- 9) балаларды тәрбиелеуде мектептен тыс білім беру ұйымдарының және дене шынықтыру мен спорт саласындағы ұйымдардың рөлін арттыру;
- 10) қалада қалыптасқан дәстүрлер мен тәрбие құндылықтарын дамыту.

Жүзеге асырудың негізгі механизмі: Алматы қаласының орта және қосымша білім беру ұйымдарының білім беру үдерісі.

Жүзеге асыру мерзімі: 2022-2025 жылдар

Тәрбие – адам, қоғам, мемлекет үшін білім берудің маңызды бөліктерінің бірі. Қазақстандық қоғамның рухани-адамгершілік бағытта

калыптастырылуында, ішкі және сыртқы сын-тегеуріндер алдында оның ынтымақтасуында, ел болашағын жасайтын жаңа ұрпақты қалыптастыруда тәрбиеге басты рөл бөлінеді.

Аймақтық бағдарламаны құрастыру барысында нормативтік-құқықтық актілер, бағдарламалық құжаттар мен мақалалар, халықаралық тәрбие тәжірибесі, қаламызда қалыптасқан тәрбие үрдісіндегі ерекшеліктер мен ұлттық дәстүрлер пайдаланылды. Бағдарламаны жүзеге асырудың мақсаты мен міндеттері, қағидаттары, қызмет бағыттары тұжырымдалып, күтілетін нәтижелер айқындалды.

Бағдарламаны жүзеге асыру аясында тәрбие процесін ұйымдастырудың методологиялық негіздері

Балалар мен жастарды тәрбиелеудің «ЕЛ ЖАСТАРЫ» Алматы аймақтық бағдарламасы келесі методологиялық қатынастар мен тәсілдерге жүгінеді:

Аксиологиялық тәсіл

Аксиологиялық тәсіл білім алушылардың өмірі үшін айқындаушы болып табылады, адамды базалық ұлттық құндылықтардың тасымалдаушысы ретінде бекітеді. Ол білім алушылар үшін берік адамгершілік негіздерде орта құруға мүмкіндік береді.

Жүйелік-белсенділік тәсіл

Жүйелік-белсенділік тәсілі адамның тәрбиесі мен әлеуметтенуінің не екенін түсінуге мүмкіндік береді. Бұл идеалдарды, құндылықтарды, моральдық көзқарастарды, моральдық нормаларды игеру арқылы білім алушы объективті түрде кіретін әртүрлі іс-әрекеттерді педагогикалық тұрғыдан біріктіретін әмбебап қызмет.

Дамытушылық тәсіл

Тәрбие мен әлеуметтенудің дамушы сипаты – бұл адамның белгілі бір құндылығын саналы түрде қабылдау, білімнен жеке көзқарасты қабылдауға және оған сәйкес әрекет етуге дайын болу.

«ЕЛ ЖАСТАРЫ» бағдарламасының қағидаттары мен ерекшеліктері

Бағдарлама моральдық-адамгершілік, тұлғалық даму, әлеуметтік ашық оқу-тәрбиелік ортаны қалыптастыруға бағытталған. «Оқу-тәрбие ортасы» санаты білім алушының рухани-адамгершілік даму кеңістігін ұйымдастыру, оның тиімді әлеуметтенуі және уақтылы есеюі үшін негіз болып табылады.

Оқу-тәрбие ортасы – бұл білім беру ұйымының педагогикалық ұжымы отбасының, қоғамдық ұйымдардың, қосымша білім беру мекемелерінің белсенді және келісілген қатысуымен ұйымдастыратын білім алушылардың өмірін қалыптастыру процесі, дәстүрлі адамгершілік қағидаттарының үйлесімімен мәдениет кеңістігі.

Білім алушы қандай да бір құндылықты өзінің қызметі арқылы өзі қабылдауы тиіс. Адамгершілік тұрғыда өзін-өзі анықтауға педагогикалық

қолдау оның рухани-адамгершілік дамуының шарттарының бірі болып табылады.



«ЕЛ ЖАСТАРЫ» жобасымен толығырақ танысу үшін бағдарламасын жүктеп ала аласыздар.

<http://gcnto.gov.kz/page/101>

«ЕЛ ЖАСТАРЫ» бағдарламасы қойылған міндеттерді іске асырудың келесі қадамдарын қарастырады:

I қадам – 1-4-сынып оқушылары – **«Менің отбасым және мен»**

II қадам – 5-8-сынып оқушылары – **«Менің өмірлік ұстанымым»**

III қадам – 9-11-сыныптардың оқушылары – **«Бәсекеге қабілетті тұлға»**

IV қадам – техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарының білім алушылары – **«Бәсекеге қабілетті ұрпақ»**

Бағдарлама рухани-адамгершілік даму мен тәрбиені қамтамасыз етуге, үздіксіз процесте әлеуметтік мінез-құлық нормалары мен ережелерін игеруге бағытталған.

8. «ЕЛ ЖАСТАРЫ» бағдарламасының мазмұны

Тәрбие процесінің мазмұны тұжырымдамалық бағыттар шеңберінде, мектептің, отбасының, білім алушылардың бірлескен қызметі негізінде, қоғамдық ұйымдар мен қосымша білім беру мекемелерінің өзара әрекеттестіктеріне сүйене отырып, ұлттық құндылықтар негізінде құрылады.

«ЕЛ ЖАСТАРЫ» бағдарламасы мазмұнының өзегі мектеп оқушылары мен колледж білім алушыларын барынша қамти отырып, жалпы қалалық (мектепшілік, аудандық, қалалық) іс-шараларды өткізу болып табылады.

2022 – 2025 жылдар кезеңінде келесідей қалалық жобаларды іске асыру жоспарлануда:

2022 жыл – «Мектептегі өзін-өзі басқару жүйесі – іс жүзінде: Біздің «Жоқ!» дегеніміз де маңызды» әлеуметтік бастама **марафоны** офлайн форматында өткізіледі, өткізілу мерзімі: қазан – мектепшілік кезең; қараша – аудандық кезең; желтоқсан – қалалық кезең. Қатысушылар: мектеп парламенттері басшыларының топтары. Келесі кезеңге алдыңғы кезеңнің жеңімпаздары қатыса алады. Форматы: үгіт бригада, театрландырылған көрініс және т.б. Қойылатын талаптар: топтың атауы, логотипі, формасы немесе атрибутикасы, қатысушылардың іс-шараларының марафонды өткізу Ережесіне сәйкестігі. Оның талаптары, бағыттар мен мерзімдері «Мектептегі өзін-өзі басқару жүйесі – іс жүзінде: Біздің «Жоқ!» дегеніміз де маңызды» әлеуметтік бастама марафоны ережесінде көрсетілген.

2023 жыл – «Біз және еліміздің Негізгі Заңы!» атты **Қалалық мультимедиа байқау** келесі кезеңдер бойынша және көрсетілген

мерзімдерде өтеді: қыркүйек – мектепішілік, қазан – аудандық, желтоқсан – қалалық кезең. Қортынды кезең – Оқушылар сарайының сахнасында гала-байқау. Қалалық байқауға қойылатын талаптар «Біз және еліміздің Негізгі Заңы!» атты Қалалық мақсатты жобада көрсетіледі. Қатысушылар: әртүрлі жастағы оқушылар топтары, ата-аналар, педагогтар.

2024 жыл – «Әр күніміз өмір мерекесі!» Қалалық корпоративтік және әлеуметтік саясаттың фестивалі офлайн/онлайн форматында өткізіледі. Фестивальге дайындық: **тұрақты және әлеуметтік жауапты дамудың** ұсынылған тақырыптары бойынша бейнероликтер әзірлеу және түсіру, гала-концерт-фестивальде өнер көрсету үшін сценарий әзірлеу. Дайындық пен қатысуға қойылатын талаптар «Әр күніміз өмір мерекесі!» Қалалық жобасында көрсетіледі. Қатысушылар: әртүрлі жастағы оқушылар топтары, ата-аналар, педагогтер.

2025 жыл – «Шапағат сыйла!» Қалалық еріктілер қозғалысының үйлестіру жобасын іске асыру. Бұл жоба «ЕЛ ЖАСТАРЫ» Алматылық аймақтық балалар мен жастарды тәрбиелеу бағдарламасын іске асырудың қорытындысы ретінде қалалық конференция форматында жүзеге асырылатын болады.

Қалалық іс-шараларды өткізумен қатар 1-11 сынып оқушыларымен, колледж білім алушыларымен, ата-аналармен тұрақты түрде әңгімелесулер, дөңгелек үстелдер, брифингтер, интерактивті форматтағы іс-шаралар өткізіледі.

I қадам

1 – 4-сыныптардың оқушылары – «Менің отбасым және мен»

Мақсаты: төменгі сынып оқушыларында Отанға, оның бір бөлігі ретінде отбасына, өмірге деген сүйіспеншілікті қалыптастыру, халықтың салт-дәстүрлеріне, елдің тарихи өткеніне құрметпен қарау, үлкендерге, қыз балаларға, әйел адамдарға құрмет көрсету, кішілерге қамқорлық жасау, шешім қабылдауда өз ұстанымын қалыптастыра білу.

Бірінші қадамның міндеттері:

-патриотизм сезімін, мемлекетіміздің қаһармандық тарихына, ұлттық мәдениетке қатыстылығын тәрбиелеу, ұлттық сана-сезімді дамыту;

-шешім қабылдауда өзіндік ұстанымды қалыптастыру, іс-әрекеттері үшін әлеуметтік жауапкершілік, төзімділік, қоршаған ортаға, жануарларға қайырымды қатынас, қыздармен дұрыс қарым-қатынас, құрдастарымен жанжалсыз қарым-қатынас, олардың өмірі мен басқалардың өмірін түсіне білу;

-отбасылық дәстүрлерді, үлкендерді құрметтеуге, кішілерге жауапкершілікпен қарауға тәрбиелеу;

-ұлтаралық қарым-қатынаста, ерекше білім беру қажеттіліктері бар балалармен қарым-қатынаста толеранттылыққа тәрбиелеу.

Құндылықтар: Отанға, өз халқына деген сүйіспеншілік; кіші Отанға, отбасына деген сүйіспеншілік; өмірге деген сүйіспеншілік; үлкендерді құрметтеу, әйелдерді, қыздарды құрметтеу; өзінен кішілерге деген жауапкершілік; төзімділік; өмірі мен денсаулығын сақтау;

Қызмет мазмұны:

-оқушылардың әлеуметтік белсенділігін дамыту бойынша мемлекеттік және қоғамдық ұйымдармен ынтымақтастық;

-қоғамдық құбылыстарға қызығушылықты дамыту, адамның қоғамдағы белсенді рөлін түсіну, балалардың қоғамдық бірлестіктерін жұмысқа тарту;

-азаматтық және патриоттық сезімді қалыптастыруға бағытталған сыныптан тыс іс-шараларды ұйымдастыру және өткізу;

-оқушыларды шынайы патриотизмді, өмірге, Отанға, кіші отанға, мектепке деген сүйіспеншілікті көрсеткені үшін көтермелеу;

-мемлекеттік мерекелердің мазмұны мен мәніне, Қазақстан тарихы мен қазіргі өміріндегі аса маңызды оқиғаларға қызығушылықты дамыту;

-этикалық нормалар мен мінез-құлық ережелерін, ұлдар мен қыздар арасындағы дұрыс қарым-қатынасты қалыптастыру;

-зиянды әдеттерді қабылдамауға баулу.

II қадам

5 – 8-сыныптардың оқушылары – «Менің отбасылық ұстанымым»

Мақсаты: жеке жауапкершілік пен бастама сезімімен, өнімді трансформациялық іс-әрекетке қабілетті, өмір мен денсаулықтың құндылығын түсінетін жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтар рухында еркін тұлғаны тәрбиелеу.

II қадамның міндеттері:

-рухани-адамгершілік бағдарларды, құқықтық сананы қалыптастыру;

-коммуникативтік мәдениетті, мінез-құлық мәдениетін дамыту;

-оқушылардың тәрбие деңгейін арттыру;

-саналы тәртіпті және заңға бағынуды тәрбиелеу;

-қызға, әйелге құрметпен қарауға, табиғатқа, жануарларға ұқыпты қарауға тәрбиелеу;

-ұлтаралық қарым-қатынаста, ерекше білім беру қажеттіліктері бар балалармен қарым-қатынаста толеранттылыққа тәрбиелеу.

-репродуктивті денсаулық туралы білімді қалыптастыру;

-өз бетінше білім алу, өзінің моральдық-ерік қасиеттерін, ынтымақтастық және өзара іс-қимыл жасау қабілетін өзін-өзі тәрбиелеу қажеттілігін қалыптастыру;

-балалар мен жасөспірімдер қоғамдық бірлестіктеріне белсенді қатысу.

Құндылықтар: адамгершілік тұрғыда таңдау жасау; өмір және өмірдің мәні; репродуктивтік денсаулық, құқықтық сана, әділеттілік; мейірімділік; ар-

намыс, қадір-қасиет; өзара құрмет пен сенім, қарым-қатынастың демократиялық стилі, ата-ананы сүю, құрметтеу, үлкендер мен кішілерге қамқорлық, қызға, әйелге құрмет, үй жануарларына қамқорлық, ар-ождан мен діни сенім бостандығы; толеранттылық, ата-ана мен балаға қамқорлық жасау; сенім, рухани мәдениет және зайырлы этика туралы түсінік.

Қызмет мазмұны:

- оқушыларды адамгершілік тәрбиелеудегі тұтастық пен сабақтастық;
- балалардың жеке, жас ерекшеліктерін дамыту және тәрбиелеудің сәттілігінің алғышарттары ретінде ескеру;
- жалпыадамзаттық адамгершілік құндылықтардың басымдығы;
- адамға деген қызығушылықты жоғары құндылық ретінде дамыту;
- рефлексия қабілетін дамыту, өзін екіншісінің орнына қоя білу қабілеті;
- эмпатия, іздеу және адамға қолдау көрсету жолдарын табу;
- оқушылардың рухани-адамгершілік дамуы мен тәрбиесі, өзін-өзі бағалау сезімін қалыптастыру,
- адамдарға қызмет етуге деген ұмтылыс, біреудің бақытсыздығына баса назар аудару, бағынғандар үшін жауапкершілік;
- адамгершілік іс-әрекеттер жасау, басқа адамдарды құрметтеу және бағалау қабілеті;
- жеке адамның жетістіктерін ынталандыру және көтермелеу;
- ұлттық дәстүрлерді ұстану және сақтау;
- балалар-жасөспірімдер қоғамдық бірлестіктеріне белсенді қатысу.

III қадам

9 – 11 сыныптардың оқушылары – «Бәсекеге қабілетті тұлға»

Мақсаты: жан-жақты дамыған, бәсекеге қабілетті тұлғаны тәрбиелеу.

Үшінші қадамның міндеттері:

- гуманистік дүниетанымды, ұлттық сана-сезімді, отандық мәдениеттің құндылықтарын сүю мен құрметтеуді қалыптастыру;
- дүниетанымды кеңейту, өзіндік мәдени ортаны саналы түрде қалыптастыру үшін алынған білім мен дағдыларды пайдалану тәжірибесін игеру;
- көптілділікті меңгеру;
- ұлтаралық қарым-қатынаста, ерекше білім беру қажеттіліктері бар балалармен қарым-қатынаста толеранттылыққа тәрбиелеу;
- көшбасшылық қасиеттерді, коммуникабельділікті, командада жұмыс істеу қабілетінің стресске төзімділігін қалыптастыру;
- өмірге деген сүйіспеншілікке, үлкендерге, әйел адамға деген құрметке, кішілерге деген жауапкершілікке, отбасын құруға дайындыққа және қабылданған шешімдер үшін жауапкершілікке негізделген позицияны қалыптастыру;
- репродуктивті денсаулық туралы білімді дамыту;

- бәсекелестік жағдайында тиімді қарым-қатынас жасау, жетекші орынға ие болу және кез-келген қызметте жетістікке жету қабілетін қалыптастыру.

Құндылықтар: сұлулық; үйлесімділік; өмірге, қоршаған әлемге, табиғатқа, адамға деген сүйіспеншілік; адамның рухани әлемі; эстетикалық даму, көркем шығармашылық, руханият, прагматизм, қарым-қатынас, ұлттық өзін-өзі тану санасы; отбасылық өмірдің құндылықтары.

Қызметтің мазмұны:

- белсенді өмірлік ұстанымды қалыптастыру;
- адамның психикалық және физикалық сұлулығы туралы идеяны қалыптастыру;
- көркем-эстетикалық талғамға тәрбиелеу, сезімдерді, эмоцияларды, бейнелі, ассоциативті, сыни ойлауды дамыту;
- іс жүзінде пайдалы нәтижелер алу аспектісінде өмірге өз іс-әрекеттері мен көзқарастар жүйесін құру;
- құқықтық сана мен заңды мінез-құлықты қалыптастыру;
- жаңа білімдерді тұрақты игеруге, оларды сыни тұрғыдан түсінуге, стандартты емес жағдайларда шебер қолдануға дайындықты қалыптастыру (функционалдық сауаттылық);
- этносаралық, конфессияаралық және мәдениетаралық диалогқа тең деңгейде қабілеттілік пен әзірлікті қалыптастыру;
- зиянды әдеттерге тұрақты иммунитетті қалыптастыру;
- отбасын құруға, отбасылық қатынастарға жауапкершілікке тәрбиелеу;
- репродуктивті денсаулық туралы білімді бекіту;
- жасөспірімдердің қоғамдық бірлестіктеріне қатысу.

IV қадам

Техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарының білім алушылары «Бәсекеге қабілетті ұрпақ»

Мақсаты: жан-жақты дамыған, бәсекеге қабілетті тұлғаны, бәсекеге қабілетті ұрпақты тәрбиелеу;

Төртінші баспалдақтың міндеттері:

- жоғары кәсіби құзыреттілікті, ұтқырлықты, шапшандықты қалыптастыру;
- демократиялық, ұлтаралық қарым-қатынасқа дайындығын және қабілетін, жаңа жағдайларға тез бейімделу қабілетін қалыптастыру;
- құқықтық сана мен заңды мінез-құлықты қалыптастыру;
- компьютерлік және цифрлық сауаттылықты игеру;
- жаңа технологиялық қалыптасқан өзгерістерге дайындық;
- жаңа жетістіктерге жету, үнемі алға жылжу мүмкіндігі;

-өз денсаулығы мен айналасындағылардың денсаулығына, отбасын құруға, отбасылық қатынастарға деген жауапкершілікті тәрбиелеу.

Құндылықтар: кәсіби біліктілік, құзыреттілік, төзімділік, ата-аналар, жақын адамдар үшін жауапкершілік, ымыраға келу қабілеті, кәсіби этика, өмірдің құндылығы, репродуктивті денсаулық, ұтқырлық.

Осы төрт кадамды жүзеге асыру үшін сіздерге 1 – 11-сыныптардың оқушыларына арналған «ЕЛ ЖАСТАРЫ» бағдарламасының іс-шараларының жоспарын қосымшада ұсынамыз. Бұл жоспарды өз өңіріңіздің ерекшеліктеріне сай өзгертуге болады.

2025 жылғы ТҮЛЕКТІҢ МОДЕЛІ («ЕЛ ЖАСТАРЫ» бағдарламасын жүзеге асыру барысында)

Мектеп, колледж түлегінің перспективалық моделі бұл – жоғары өнегелі, шығармашылығы биік, құзыретті, бәсекеге қабілетті, Отан тағдырын өзінің жеке тұлғасы ретінде қабылдайтын, өз елінің бүгінгі мен болашағы үшін жауапкершілікті сезінетін, өз халқының рухани және мәдени дәстүрлеріне сай тәрбие алған және қазіргі әлемде өзін-өзі жүзеге асыруға дайын Қазақстан азаматы. Дайындық ұғымында түлектің қажеттіліктері мен қабілеттерінің бірлігі, оның құзырлықтары мен құзыреттіліктері көрсетіледі.

Мектеп бітіруші түлек келесі қасиеттерге ие болуы керек:

1) қазіргі әлемде позитивті тұрғыдан өзін-өзі жүзеге асыру мүмкіндігіне ие болуға;

2) функционалды сауаттылықпен, білімді өз бетінше алу қабілетімен, оларды іс жүзінде қолдана білуімен, тиімді жұмыс істей білуімен, қазіргі заманғы қоғамда толыққанды өмір сүре білуге;

3) әлемдік мәдениет негіздерін меңгере білуге;

4) өзін жалпыадамзаттық құндылықтардың тасымалдаушысы ретінде қабылдауға, шығармашылыққа, диалогқа қабілетті болуға, нарықтық қатынастар жағдайында бәсекеге қабілетті негізде өз жоспарларын жобалауға және іске асыруға;

5) әр кезде өз Отанын қорғауға, берік моральдық және адамгершілік қағидаттарға, құқықтық білім мен нормаларға ие болуға, елдің мемлекеттік рәміздерін, ұлттың киелі жерлерін, Қазақстанда тұратын халықтардың мәдениеті мен тілдерін құрметтеуге, ұлтаралық қарым-қатынас мәдениетіне ие болуға, сайлауға, мемлекеттік мерекелерге белсенді қатысуға дайын болуға;

6) өмірді бағалауға, репродуктивтік денсаулық туралы білім алуға, салауатты өмір салтын ұстануға;

7) нарық және ақпараттық технологиялар жағдайында өмір сүре білуге, бәсекеге қабілетті болуға, компьютерлік техника мен шет тілдерін білуге;

8) Қазақстан халықтарының ұлттық мәдениетіне құрметпен қарауға, ана тілі мен мәдениетін меңгеруге;

9) коммуникативтік мәдениетке, іскерлік қарым-қатынас дағдыларына ие болуға, қоғамдық және жеке өмірде табысқа жетуге ықпал ететін тұлғааралық қатынастарды құруға;

10) қоғамның саяси өміріне бағдарлануға, мамандық таңдауға, бос уақыт қызметі нысандарына, отбасылық-тұрмыстық проблемаларды өз бетінше шешуге, ұлттық және рухани мәдениет дәстүрлерінің негізінде өз құқықтарын қорғауға және өз міндеттерін ұғынуға қабілетті болуға тиіс;

11) ықыласты және қайырымды ұлы (қызы), аға-інісі (апа-сіңлісі), жұбайы (зайыбы), кейіннен әкесі (анасы) болуға тиіс.

Күтілетін нәтижелер

«ЕЛ ЖАСТАРЫ» бағдарламасы келесі міндеттерді шешуді жүзеге асыруы қажет:

-тұлғаның мінез-құлқының оң мотивациялық және құндылық саласы;

-оқушылар мен оқушы жастарда қазақстандық патриотизмнің, азаматтық сана-сезімнің, құқықтық және сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениеттің, толеранттылық пен әлеуметтік маңызы бар жеке қасиеттерінің қалыптастыру деңгейінің өсуі;

-жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтар негізінде тұлғаны тәрбиелеу, ана тілі мен мемлекеттік тілге және этномәдениетке құрмет көрсету;

-тұлғаның рухани-адамгершілік қасиеттерін дамытуда білім беру мазмұнының тәрбиелік әлеуетін күшейту;

-ата-аналардың бала тәрбиесіндегі психологиялық-педагогикалық құзыреттілігі мен жауапкершілігін арттыру;

-жастарды салауатты отбасын құруға дайындау;

-ұлдар мен қыздардың қарым-қатынасында адамгершілік-жыныстық мәдениетті қалыптастыру;

-күйзеліске төзімділікті қалыптастыру, сондай-ақ шындықтың жеке санадағы виртуалдылықтан басымдығы;

-білім беру ұйымдарында көпмәдениетті орта құру, тұлғаның өнердегі және шындықтағы эстетикалық объектілерді қабылдауға, игеруге, бағалауға дайындығы;

-тұлғаның дамыған экономикалық ойлауы және кәсіби қалыптасу мен өзін-өзі жүзеге асыруға саналы көзқарас;

-табиғатты қорғаудағы белсенді азаматтық ұстаным;

-табысты әлеуметтену, өзін-өзі тәрбиелеу және өзін-өзі жүзеге асыру, отбасы институтын нығайтуға саналы қатысу, өзін-өзі дамыту және өзін-өзі тәрбиелеу.

Осылайша, үйлесімді, рухани-адамгершілік қасиеттері жан-жақты дамыған, таңдау жағдайында өз бетінше шешім қабылдауға дайын, ынтымақтастық пен мәдениетаралық өзара іс-қимыл жасауға қабілетті, ел тағдыры үшін жауапкершілік сезімі бар адамды қалыптастыру.

Қорытынды

Тәрбие саласындағы мемлекеттік стратегияны есепке ала отырып және тәрбие процесінің барлық субъектілерінің әлеуметтік үміттерін жүйелендіре отырып, міндетті түрде: педагогтердің тәрбие процесін ұйымдастыруларын қайта қарау; тәрбие процесінің әртүрлі зерттеу іс-әрекеттерін, шығармашылық жұмыстар мен тапсырмаларды, проблемалық жағдаяттарды жасауды қоса отырып, оның іс-әрекет-шығармашылық әлеуетін күшейту; оқушылардың өзін-өзі басқаруын, балалар мен жасөспірімдер бірлестіктерінің дамуы үшін жағдайлар мен механизмдерді құруды жалғастыру; білім алушыларда бейәлеуметтік әсерлерге қарсы төзімділік қалыптастыру, жаман әдеттер мен мінез-құлықтың жеткіліксіздігінен тәртіпсіздікке бой ұсынбаушылыққа тәрбиелеу, бәсекеге қабілетті тұлғаны қалыптастыру.

Ұсынылған жобаға қызығулық танытсаңыз, толық ақпарат алу үшін жоба авторларымен байланысқа шыға аласыз!

Жоба авторы: Алматы қаласы Білім басқармасының шаруашылық жүргізу құқығындағы «Қалалық білім берудегі жаңа технологиялардың ғылыми-әдістемелік орталығы» мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны
Телефон: 8 (7212) 51-30-37
Электронды почта: www.edualmaty.kz

ШЫМКЕНТ ҚАЛАСЫ

Жоба атауы: «Сапалы білім» жобасы

Тәжірибенің мақсаты: Білім алушылардың білім сапасын көтеру, әр оқушыға сапалы білім ала алатындай жағдайды қамтамасыз ету.

Тәжірибенің міндеттері:

- пәндерді оқытуда *функционалдық сауаттылықты* қалыптастыру (оқу және математикалық сауаттылығы);
- оқыту сапасы мен білім беруді бағалау сапасын жетілдіру;
- *цифрлық құзыреттіліктер* мен дағдыларды дамыту;
- *құндылыққа бағдарланған* оқытуды іске асыру (оқыту мақсаттарын тұжырымдау мысалдары, оқу ресурстарын пайдалану, оқу процесінде базалық құндылықтарды қалыптастыру контексінде тапсырмаларды іріктеу, әзірлеу);
- *тұлғаға, іс-әрекетке бағдарланған* және инновациялық тәсілдерді іске асыру, оқу процесіне тиімді әдістер мен технологияларды енгізу бойынша тәжірибелермен бөлісу;
- командалық жұмыс арқылы педагогтердің мотивациясын арттыру.

Педагог кадрлардың кәсіби біліктілігі сапасын көтеру

1) Әдістемелік орталық әдіскерлерінің өз мүмкіндіктерін пайдалана отырып жобаға қатысатын сыныптарда сабақ беретін мұғалімдерге және мектеп басшыларына нақтылы әдістемелік көмек көрсету;

2) Мектеп басшылары жобаға қатысатын сыныптарда сабақ беретін мұғалімдердің кәсіби құзіреттерін көтеру жолдарын қарастыру және іске асыру;

3) Белгілі бір пәндерден сабақ беретін мұғалімдердің бір-бірімен тығыз жұмыс жасауларын қамтамасыз ету және ол үшін әр-түрлі іс-әрекет формаларын қолдануларына қолдау көрсету;

4) Дәріс сапасын көтеру мақсатында кең көлемде «Ақылдасу сабақтарын» өткізу, оған басқа мектептерде сабақ беретін пән мұғалімдерінің қатысуына және ол сабақтардың нәтижелерінің тиянақты талқылануына қолдау көрсету;

5) Мұғалімнің педагогикалық қызметі сапасын бағалау жүйесін құру;

6) Мұғалім еңбегін қолдау және ынталандыру жүйесін ойластыру;

7) Оқыту сапасын көтеру үшін мектептерде жұмыс жасап жүрген біліктілігі жоғары мұғалімдер мен директордың орынбасарлары тәжірибесін пайдалану;

8) Жас мұғалімдердің өткізетін сабақтарының сапасын көтеру үшін оларға тәлімгерлік көмек көрсету;

9) Жұмыс нәтижелері төмен мұғалімдерді ынталандыруға арналған әдіс-тәсілдер ұйымдастыру;

10) Әрбір мұғалімге көңіл бөліп, өткізетін сабақтарының сапасын жақсарту үшін оларды сынамастан, кемсітпестен, оларға үлкен қамқорлықпен барынша қолдау және көмек көрсету;

11) Барлық жобаға қатысатын сыныптарда негізгі пәндерден бірдей сабақ берілуін қамтамасыз ету;

12) Мұғалімдердің шығармашылықпен жұмыс жасауларына мүмкіндік туғызу және оны қолдау қажет.

Білім мониторингі сапасын көтеру

1) Оқушылардың оқу жетістіктері туралы жан-жақты ақпарат алу және оларды қортындылап отыру;

2) Оқушылардың білім сапасын қадағалау;

3) Артта қалушылар дәрежесіне өту қаупі бар оқушыларды қолдауға бағытталған шаралар қабылдау;

4) Бір пәннен дәріс беретін мұғалімдер белгілі бір тарауларды оқушылардың меңгеруін жан-жақты талдап, қортындылар шығарып отыру;

5) Білім беру сапасын бағалау бойынша озат іс-тәжірибені жинақтау және оны қолдану қажет.

Тәрбие беру сапасын көтеру

1) оқушыларға ұлттық идеялардың мән-мағынасын түсіндіріп, оларды құндылықтар аясында тәрбиелеуге ерекше көңіл бөлу;

2) ата-аналармен тығыз қарым-қатынас орнатып, бірге жұмыс жасау жолдарын жоспарлау;

3) ата-аналарды бала тәрбиесі мен олардың сапалы білім алуларына жұмылдыру және бала тәрбиесін басты назарда ұстауларына педагогикалық тұрғыдан көмек көрсету;

4) мұғалімдер оқушыларға ата-аналарын сыйлауды, отанын сүюді, ұлттық мәдениет пен тарихты біліп, дамытуды өздері беретін пән мазмұнымен байланыстыра отырып үнемі түсіндіріп отыру;

5) Оқушыларға ел бірлігін, толеранттықты және халықтар достығын сақтау идеяларының маңыздылығын түсіндіру;

6) оқушылардың рухани бай тұлға болып өсулеріне қамқорлық жасап, еңбексүйгіштік қасиеттерін дамытып, денсаулықтары мен қоршаған ортаны сақтау мәдениетін қалыптастыру.

Басқару жүйесінің сапасын көтеру

1) әдістемелік орталық жобаны өткізуге қатысты арнайы бұйрық шығару;

2) жобаға қатысатын барлық мекемелер басшылары және басшы орынбасарларымен арнайы мәжіліс өткізіп, олардың міндеттерін кеңінен түсіндіру;

3) жобаға қатысатын барлық мұғалімдерге жобаның мақсат-міндеттерін және оларға қойылатын талаптарды жан-жақты түсіндіру;

4) барлық пәндер бойынша білім беру сапасын көтеруге бағытталған қажетті шаралар жүйесін әзірлеу және іске асыру;

5) мұғалімнің қажеттілігін, ұсыныс-пікірін тыңдау және одан қажетті қорытындылар шығару;

6) тұжырымдаманы іске асырудың қиындығы мен маңыздылығын ескере отырып, жобаға қатысатын барлық субъектілердің үйлесімді әрі нәтижелі жұмыс жасауын қамтамасыз ету қажет.

Тәжірибені жүзеге асыруда қолданылатын нормативтік құқықтық актілер тізбесі

1. Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі №319-III «Білім туралы» Заңы (13.01.2015 ж. күйі бойынша өзгерістерімен және толықтыруларымен);

2. Мемлекет басшысының 2022 жылғы 1 қыркүйектегі «Әділетті мемлекет. Біртұтас ұлт. Берекелі қоғам» атты Қазақстан халқына Жолдауын іске асыру жөніндегі шаралар туралы Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығы (13.12.2022 жыл);

3. «Білімді Ұлт» Сапалы Білім Беру» ұлттық жобасын іске асырудың жоспары

4. Шымкент қаласының 2021-2025 жылдарға арналған даму жоспары (13.12.2021 жылғы №12/94-VII Шымкент қаласы мәслихатының шешімі)

Жобаға қажетті іс-шаралар жүргізуге қосымша қаржы қажет етілмейді.

Шымкент қаласы білім басқармасының «Әдістемелік орталығы» КММ (Бұдан әрі – ӘО) 2023-2029 жылдарға арналған «Жол картасындағы» тапсырмаларды орындау мақсатында «Сапалы білім» жобасының арнайы тұжырымдамасы жасалынды. Жоба орталықтың ғылыми-әдістемелік кеңесінде қаралып, 2023 жылғы қаңтар айынан бастап 20 жетекші мектеп командалық жұмысты бастады. Жобаға Шымкент қаласының барлық мемлекеттік жалпы орта білім беретін мектептері қатысады. Жобаны жүргізу аясында тірек және серіктес мектептер бекітіліп, командалық жұмыс жүргізе отырып, тәжірибе алмасады.

Әдістемелік орталықтың әдіскерлері осы жұмыстардың орындалуына жетекшілік жасап, педагогтерге оқу-тәрбие жұмысының әдіс-тәсілдерін игеру, оқу процесін ұйымдастыру мен қамтамасыз етудің неғұрлым ыңғайлы және тиімді жаңа формалары мен әдістерін іздеп табу, оларды оқу және тәрбие үрдісінде шығармашылықпен қолдану, білімінің олқылықтарын толықтыру және білім сапасын арттыру бойынша жұмыстың алгоритмі жасалып, педагогтерге ұсыну арқылы орталықтандырылған тапсырмалар жинақтарын қала көлемінде таратып, үздік тәжірибелер банкі құру мақсатында ауқымды жұмыстар атқарылуда.

Оқу үлгеріміндегі әлсіз тұстарын жою бойынша жұмыстар
(2023 қаңтар-мамыр айлары)

Оқыту семинары	Семинар-тренинг	Тәжірибелік семинар	Семинар-коучинг
56	28	34	12



Білім алушылардың табыстылығын анықтаушы маңызды фактор оқыту сапасы және мұғалімдердің бірлескен жұмысы, тәжірибе алмасу, бірлесіп зерттеу жүргізу, оқу жоспарларын әзірлеу және жақсы оқыту дегеннің не екені туралы жалпы ұғымды түсінулері үшін көбірек мүмкіндіктер беріп, кеңістік құру қажет деген қорытынды шығарылды.

2022-2023 оқу жылының нәтижесі Kundelik.kz электрондық журналынан алынған ақпарат бойынша жыл басында төмен көрсеткен жалпы білім беру ұйымдардың білім сапасының көрсеткіші жоғарылады.

Мектеп атауы	I тоқсан	II тоқсан	III тоқсан	IV тоқсан	Жалпы
№33 ЖОББМ	37%	46%	49%	49%	45%
№79 ЖОББМ	42%	46%	46%	47%	45%
№134 ЖОББМ	40%	43%	48%	50%	45%
№16 ЖОББМ	39%	44%	48%	49%	45%
№57 ЖОББМ	42%	42%	48%	48%	45%
№27 ЖОББМ	43%	44%	44%	48%	45%
№81 ЖОББМ	40%	44%	46%	47%	44%

БІЛІМ САПАСЫ

2020-2021 оқу жылы – 52,3%

2021-2022 оқу жылы – 54%

2022-2023 оқу жылы – 56,2%




2022-2023 оқу жылындағы I,II,III,IV тоқсан бойынша салыстырмалы көрсеткіш:

I тоқсан – 50 %

II тоқсан – 54 %

III тоқсан – 56 %

IV тоқсан – 56,2%



ББЖМ – 2024 ұйымдастыру, дайындық жұмыстарын жүргізу және өткізу жөнінде әдістемелік нұсқаулық беру

Шымкент қаласының әдістемелік орталығының жылдық жоспарына сәйкес, 12.10.2023ж. ББЖМ-2024 қатысатын мектеп директорының орынбасарларына арналған «Білім алушылардың білім жетістіктерінің мониторинг-2024 ұйымдастыру, дайындық жұмыстарын жүргізу және өткізу жөнінде әдістемелік нұсқаулық беру» тақырыбында әдістемелік сағат ZOOM платформасы арқылы өткізілді.

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2021 жылғы 5 мамырдағы №204 бұйрығы негізінде орта білім беру ұйымдарындағы білім алушылардың білім жетістіктерінің мониторингісі (бұдан әрі – ББЖМ) – 2024 өткізу жоспарланып отыр. 2023-2024 оқу жылы ББЖМ-2024-ке Шымкент қаласының білім басқармасына қарасты 59 мемлекеттік және 82 жекеменшік мектептер қатысады.



Осыған орай, білім алушылардың функционалдық сауаттылығын анықтау мақсатында 4 және 9-сынып оқушыларынан онлайн форматта сынама тестілеу жұмыстары Bilimlend платформасы арқылы жүргізілді. Сонымен қатар, сынама тестілеудің нәтижесі бойынша ББЖМ-2024 қатысатын мектеп директорының орынбасарларымен талдау жасалынып, құпиядан шыққан сұрақтармен жұмыс жасау аясында әдістемелік ұсынымдар берілді.

«ББЖМ: мәселелер, шешімдер» тақырыбындағы қалалық семинар

Шымкент қаласы білім басқармасы Әдістемелік орталығының ұйымдастыруымен білім беру мекемелерінде ББЖМ-2023 нәтижесі бойынша туындаған мәселелерді анықтау, әдістемелік көмек беру мақсатында 2023 жылғы 10 қараша күні «ББЖМ: мәселелер, шешімдер» тақырыбында офлайн және онлайн форматта тәжірибелік семинар өтті.

Аталған іс-шараға білім басқармасына қарасты білім беру мекемелерінің директордың орынбасарлары және оқу пәндері бойынша әдістеме бірлестіктерінің жетекшілері қатысты (жалпы офлайн 450, онлайн 780). Семинар барысында 2023 жылғы 26 сәуір-12 мамыр аралығында өткен ББЖМ–2023 нәтижесі, білім алушылардың функционалдық сауаттылық

дағдылары, ББЖМ кезіндегі математикалық сауаттылықтың маңызы, оқу үдерісінде жаратылыстану-ғылыми сауаттылықты қалыптастыру бойынша тапсырмалардың түрлері мен ағылшын тілі пәні бойынша ББЖМ тапсырмаларындағы ерекшеліктері туралы баяндамалар жасалды және оқу сауаттылығын дамытудың тиімді жолдары бойынша тәжірибелік жұмыс жүргізілді.

Нәтижесінде, семинар қатысушыларына ББЖМ-2023 көрсеткіші бойынша туындаған мәселелер талқыланып, кері байланыс арқылы ұсыныстар жасалып, әдістемелік көмек берілді.

«Мектепшілік бақылау жүйесі – сапалы білім, жоғары нәтиже негізі» тақырыбындағы қалалық семинар



Шымкент қаласы білім басқармасының Әдістемелік орталығы білім беру мекемелерінде мектепшілік бақылау жоспарының әзірлеу талаптарының орындалуы аясында әдістемелік-тәжірибелік көмек беру мақсатында 03.11.2023ж. «Мектепшілік бақылау жүйесі – сапалы білім, жоғары нәтиже негізі» тақырыбында тәжірибелік-әдістемелік семинар өткізді.

Аталған іс-шара офлайн және онлайн форматта өткізіліп, Абай және Тұран аудандарынан 300-ге жуық, ZOOM платформасы арқылы басқа аудандардан 220 мектеп директорлары мен МІБ жауапты орынбасарлары қатысса, белсенді қатысты.

Семинар барысында Әдістемелік орталықтың бөлім басшысы А.У.Турсынова нормативтік құжаттардың орындалуын және талаптарға сәйкес мектеп құжаттамасының жүргізілуі аясында әдістемелік кеңес берді.

Бөлім басшысы Ж.А.Арысбаева оқу процесінің сапасын, оқушылардың білімдегі олқылықтарының орнын толтыру бойынша коучинг жүргізді.

№90 ДБАММ мектеп-гимназия директоры А.Ш.Орынбеков өз тәжірибесімен бөлісті.

№38 мектеп-гимназия директорының орынбасары Д.Д.Асылбекова, №23 мектеп-лицей директорының орынбасары З.Ж.Төлешбаева және №65 мектеп-гимназия директорының орынбасары Р.Т.Балтабекова үлгерімі төмен оқушылармен жұмыстарын, оқу-зерттеу қызметі, мұғалімнің шеберлік деңгейі мен әдістемелік дайындығының жай-күйі мен тәрбие процесінің сапасын, іс-шараларды өткізуді бақылау бағыттарыда кездесетін мәселелі сұрақтар аясында тәжірибелік жұмыстар жүргізілді.

Нәтижесінде қатысушылар мектепшілік бақылау жүйесі бойынша көкейдегі мәселелі сұрақтарына жауап алды.

«Білім алушылардың білім сапасын арттырудың өзекті мәселелері» атты әдістемелік сағат

«Сапалы білім» жобасы аясында Шымкент қаласының Әдістемелік орталығының ұйымдастыруымен «Білім алушылардың білім сапасын арттырудың өзекті мәселелері» тақырыбында әдістемелік сағат өтті.

Мақсаты: Мектептерде білім сапасын арттырудың жолдарын ұсыну, зерттеу.

Оқушылардың білім сапасын арттыру жолдары туралы жетекші және тірек мектептердің (№№72,55,58,59,85,115,58,131,132,127) әдістемелік, оқу ісі жөніндегі орынбасарлары, пән мұғалімдері қатысып, жұмыс жоспарына шолу жасап, өзекті болып жатқан мәселелерге тоқталды.

«Білім алушылардың білім сапасын арттырудың жолы – оқу процесін дұрыс ұйымдастыру болып табылады» деген қорытынды жасалып, ұсыныстар қабылданды:



- Оқушының зеректігі мұғалімге байланысты;
- Үлгерімнен бұрын ілгерілеуімен жұмыс жасау;
- Білім алушылардың үлгеріміне қойылатын талаптарды жоғарылату;
- Мұғалімдердің біліктілігіне байланысты сыныптарды бөлу;
- Орта буында оқушыларды профилі бойынша оқыту;
- Кітап оқуды қолға алу.

«Білім сапасын көтерудегі ББЖМ-нің үлесі» тақырыбындағы қалалық тәжірибелік семинар

«Сапалы білім» жобасы аясында оқушылардың функционалдық сауаттылық деңгейін арттыруды тиімді жолдарын ұсыну мақсатында Әдістемелік орталықтың әдіскері Н.Корганбаева және Хамза атындағы №108 ЖОББМ директор орынбасары Мирхамид Мирабдивахабович Юлдашовтің ұйымдастыруымен «Білім сапасын көтерудегі ББЖМ-нің үлесі» тақырыбындағы қалалық тәжірибелік семинар өтті.

Хамза атындағы №108 ЖОББМ математика пәні мұғалімі А.Мирсоатов «Математикалық сауаттылық – жоғары нәтижеге бастау» атты коучинг сабағында қатысушыларға әр түрлі формада берілген сандық ақпараттарды оқу, талдау, түсіндіріп беру, дұрыс негізделген математикалық пайымдаулар айту, есептерді шығарудың тиімді тәсілдерін табу, орындау жолдарын көрсетті.

№94 ЖОББМ бастауыш сынып мұғалімі Р.Ақмолда «Мәтінмен жұмыс істеудің тиімді жолдары» атты шебер-сабақта мұғалімдермен бірге оқушылардың оқу сауаттылық дағдыларын дамытуға бағытталған жазба мәтіндерді түсіну және қолдану, мәтін барысында ой-толғау, жаңа білім игерудегі әдіс-тәсілдерді қолданудың жолдарын көрсетті.





№94 ЖОББМ бастауыш сынып мұғалімі А.Ташкулова «Жаратылыстану пәндері бойынша сауаттылықты қалыптастыру» тақырыбында коучинг сабағында оқушыларды ББЖМ-ға дайындау аясында ғылыми-жаратылыстану сауаттылық бойынша кұпиядан шыққан тапсырмаларға талдау жасалып, қатысушылармен ашық сұрақтар құрастыру, проблемалық және жағдаяттық тапсырмалар әзірлеу және зерттеу әдістерін қолдана отырып, жаратылыстану тапсырмаларын орындау жолдары талқыланды.

«Сапалы білім және нәтиже» тақырыбында қалалық тәжірибелік семинар

Шымкент Қаласының Әдістемелік Орталығы 2023 жылдың 17 қараша күні Шымкент қаласы білім басқармасына қарасты білім беру мекемелерінің ағылшын тілі пәні мұғалімдері және бірлестік жетекшілеріне арналған «Сапалы білім және нәтиже» тақырыбында қалалық тәжірибелік семинар өткізді.

Әдістемелік орталық әдіскерлері Ұ.Қосыбаева және А.Исаеваның ұйымдастыруымен өткен аталған іс-шараға мектептер бойынша 170, колледждер бойынша 32 ағылшын тілі пән оқытушылары қатысты.

Мақсаты: оқушылардың пәндік білімін тереңдету, ақыл-ойын кеңейту арқылы логикалық ойлау қабілетін қалыптастыру, алған білімдерін қиындығы жоғары мәтіндермен жұмыс жасау, әдіс-тәсілдерді қолдана отырып білім сапасын арттыру.

Семинар соңында қатысушылар іс-шара аясында қозғалған өзекті мәселелер мен озық тәжірибелер жөнінде пікір алмасты.

Жобаны жүзеге асырудан күтілетін нәтижелер

Тұжырымдаманы жүзеге асыру:

- 1) педагог кадрлардың кәсіби біліктілігін көтеруге;
- 2) білім беру сапасын шынайы бағалау жүйесін құруға;
- 3) жеке тұлғаның ұлттық құндылықтар аясында тәрбиесін жетілдіруге;
- 4) білім беру сапасын арттыру үшін басқарудың тиімді жүйесін құруға;
- 5) экспериментті нәтижелі жүргізу үшін қажетті талдау жұмыстарын жүргізуге;
- 6) ішкі резервтерді кеңінен пайдалана отырып командалық жұмыс арқылы жоғары білім сапасына қол жеткізуге мүмкіндік туады.

Ұсынылған жобаға қызығушылық танытсаңыз, толық ақпарат алу үшін жоба авторларымен байланысқа шыға аласыз!

*Жоба авторы: Шымкент қаласы білім басқармасының «Әдістемелік орталығы» КММ
Электронды почта: shym_mcenter@mail.ru*

Абай облысы

Жоба атауы: «Мобильді көмек қызметі» жобасы

Әлемде қазіргі ең өзекті мәселелердің біріне айналып отырған – бұл жасөспірімдердің, балалардың зорлық – зомбылыққа ұшырауы Абай облысында да үлкен өзекті мәселе болып табылады. Жалпы қатыгездікпен және зорлық-зомбылықпен облысымыздағы балалар үйлерінде, мектепте және басқа да қоғамдық мекемелерде ұшырасып отырады. Баланың болашақта қандай азамат болуы оның мектепте, отбасында қоршаған ортада алған тәрбиесіне байланысты. Осы мәселеге байланысты ұтымды әлеуметтік-психологиялық жоба - «Мобильді көмек қызметі» Абай облысы бойынша 10 ауданда жүргізілуде.

Жобаның мақсаты:

Тәуекел оқушыларды ерте анықтау, хабарлау, тіркеу, дер кезінде әрекет ету, жағдайды тергеу, оларға көмек көрсету және қолдау арқылы оқушылардың қорғалуы мен қауіпсіздігін қамтамасыз ету болып табылады.

Міндеттері:

1. Білім беру ұйымында, одан тыс жерлерде де жәбірленушінің қауіпсіздік жоспарын әзірлеп және іске асыру;
2. Зардап шеккен оқушыға шұғыл көмек пен қолдау көрсету;
3. Балалардың бейімделу және әлеуметтік интеграция процестерінің тиімділігін қамтамасыз ету.

Жобаның қатысушылары:

Абай облысы әкімшілігі, Абай облысы аудандарындағы білім бөлімдері, орта білім беру ұйымдары.

Жобаның бағыттары:

1. Қауіпсіздікті қамтамасыз ету саясатын әзірлеу;
2. Білім беру кеңістігінде қауіпсіздікті қамтамасыз ету жүйесінің жұмыс істеуін талдау;
3. Қабылданған іс-шаралар жүйесінің сәйкестігін бағалау және оларды дәйекті орындау.

Мәселе:

- Жасөспірімдер арасында аутодеструктивтік мінез-құлықтың артуы;
- Балалардың қауіпсіздігі, психоәлеуметтік әл-ауқаты мәселелері бойынша педагогтердің құзыреттілігінің жеткіліксіздігі;
- Кәмелетке толмағандарға қатысты қорлауды, кибербуллингті дер кезінде анықтамау;
- Білім беру ұйымдарында оқушы қауіпсіздігін қамтамасыз ету бойынша кешенді, жүйелі жұмыстың болмауы.


Күтілетін нәтиже:

- Тәуекел тобындағы оқушыларда, олардың тікелей ортасында (мектеп, сынып, құрдастар тобы, отбасы және т. б.) жағымды мінез-құлық өзгерістері;

- Мектеп қауіпсіздігі мәселелері бойынша педагогикалық құрамның құзыреттілігін арттыру;

- Барлық оқушылардың құқықтары мен қадір-қасиетін, таңдауын, қажеттіліктері мен тілектерін құрметтеу;

- Оқушыларды құқықтық, әлеуметтік және психологиялық қорғауға бағытталған кешенді, жүйелі жұмысты ұйымдастыру.



Оқушыларды қорғау мәселелерін шешу, сондай – ақ білім беру ұйымында оқушыларға қатысты зорлық-зомбылықтан аулақ болу үшін білім беру ұйымының басшысы білім беру ұйымы қызметінің үлгілік қағидаларына сәйкес мобильді көмек қызметін (бұдан әрі – МКҚ) құру және оның жұмыс істеуі туралы бұйрық шығарады.

МКҚ құрамы (5-6 адамнан кем емес):

1. МКҚ басшысы (мектеп басшысы);
2. МКҚ басшысының орынбасары (мектеп әкімшілігінің өкілі);
3. Сынып жетекшісі, пән мұғалімдері (тұрақты емес);
4. Әлеуметтік педагог;
5. Тәлімгер
6. Профориентатор
7. Педагог-психолог;
8. Мектеп медбикесі (қажет болған жағдайда);
9. IT- маман/программист;
11. Мектеп инспекторы (келісім бойынша).

МКҚ-дегі командалық жұмыс принциптері:

- ✓ құзыреттер мен дағдылар негізінде мүшелерін таңдау;
- ✓ оқушының проблемалары, оның қоршаған ортасы туралы жалпы көзқарас;
- ✓ жалпы мақсат пен әрекеттің болуы;
- ✓ топ мүшелерінің әрекеттерінің дәйектілігі;
- ✓ топ мүшелерінің функциялары мен рөлдері бойынша толықтырылуы;
- ✓ бірыңғай әрекет хаттамаларының болуы;
- ✓ топ мүшелерінің нәтижелер мен араласулар үшін топтық жауапкершілігі;
- ✓ оқушымен болған жағдайға шұғыл әрекет ету қабілеті.

МКҚ командасы мүшелерінің жауапкершілігі:

1. Оқушыларға қатысты зорлық-зомбылықты болдырмау мәселелері бойынша міндетті тренингтерден өту;
2. МКҚ үйлестіру жағдайдың тақырыбына, міндеттеріне, көшбасшылық дағдыларына байланысты командалық жұмыс жағдайында бір мүшесінен екінші мүшесіне ауыса алады.
3. Оқушыларға қатысты зорлық-зомбылық жағдайларын қорғау, қауіпсіздік, шешу мәселелерін үйлестіру үшін бір айда бір рет немесе қажетіне қарай жиі міндетті кездесулер өткізу;
4. Оқушыларды қорғау, олардың қауіпсіздігі, оқушыларға қатыгез қарау түсінігі, зорлық түрлері, хабарлау тәсілдері, оқушыларға қатыгез қарау жағдайларында алдын алу, анықтау, әрекет ету және психологиялық-педагогикалық көмек көрсету мәселелері бойынша нормативтік құжаттармен, алгоритмдерімен танысу бойынша мектеп персоналын, оқушыларды, ата-аналарды/қамқоршыларды хабардар ету;
5. Оқушыларға қатыгездікпен қараудың бастапқы алдын алу бағдарламалары шеңберінде мектеп персоналы үшін оқыту тренингтерін өткізу;
6. Мектептегі, мектептен тыс, үйдегі оқушыларға қатысты проблемалық мінез-құлық және зорлық-зомбылық жағдайлары туралы хабарламалар қабылдау;
7. Оқушылармен қатыгез қарым-қатынас жағдайын тексеру және тергеу жүргізу;
8. Оқушылардың өмірі мен денсаулығы үшін инцидент қаупін бағалау;
9. Мінез-құлық өзгерістерін ынталандыру үшін «тәуекел тобының» оқушыларымен жұмыс (екінші және үшінші араласу) ;
10. Хабарлама алу кезеңінен бастап оқушыларға, олардың жақын ортасына жағымды мінез-құлық өзгерістері пайда болғанға дейін пәнаралық топта іс жүргізу;
11. Оқушыларды қорғау және қауіпсіздік тәсілдеріндегі өзгерістерді мониторингілеу, талдау, болжау;
12. Қатыгез қарым-қатынастан зардап шеккен оқушылардың қауіпсіздік жоспарын әзірлеу;
13. Оқушыларды кәсіби көмек пен қолдау үшін сыртқы мамандар мен ұйымдарға бағыттау.

Білім беру ұйыдарының қызметкерлеріне оқушылардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету, сондай-ақ оқушыларға қатыгездік көрсету жағдайларының алдын алу мақсатында:

- 1) оқушыларды үйге шақыруға;
- 2) оқушыларды білім беру ұйымдары ұйымдастырған оқу-тәрбие іс-шараларын өткізу орындарынан басқа жерлерге: дәмханаларға, мейрамханаларға, клубтарға және басқа да қоғамдық орындарға шақыруға;

3) орынсыз (ыңғайсыз) физикалық байланыс жасамауға міндетті, алайда баланың қауіпсіздігі мен дұрыс тәрбие алуы үшін байланыс жасауға болады, ондай байланысқа төмендегілер жатады:

- оқушының өзіне немесе басқа оқушыларға зиян келтірмеу үшін шектеулер жасауы;

- оқушыны қауіпті жағдайдан күш қолдану арқылы шығару;

- жұбату, мысалы, қолмен иықты, арқаны немесе қолды сипау, т.б.;

- иықты жеңіл түрту арқылы назар аударту және т.б.

4) оқушымен жабық үй-жайда жалғыз қалуға (егер мұндай қажеттілік туындаса, себебін негіздей отырып, оқушымен жалғыз қалу қажеттілігі туралы хабардар етуге, не кездесу өткізуге тікелей жақын жерде тағы бір ересек адамның болуын қамтамасыз етуге және оқушыны осындай адамның жақын жерде екендігі туралы хабардар етуге міндетті);

5) оқушылармен олардың қауіпсіздігіне немесе басқа оқушылардың қауіпсіздігіне тікелей байланысты болуы мүмкін құпияны сақтау туралы келісуге;

б) жеке әңгімелескенде, сондай-ақ әлеуметтік желілерде, бұқаралық коммуникация құралдарында (мысалы, WhatsApp, Tik Tok, Viber, Вконтакте, Facebook және басқа да мессенджерлерде) адамды кемсітетін, қорлайтын, сексуалдық сипаттағы сөздер айтуға, пікірлер қалдыруға;

7) оқушыларға қатысты фото, видео, мәтіндік электрондық хабарламаларды сексуалдық мақсатта пайдалануға;

8) оқушылардың атынан профильдерін жасауға, оқушылардың сандық фотосуреттерімен қатар әдепсіз фотосуреттерін, басқа да материалдарды таратуға;

9) сыныпта және жеке жерде қорқытуға, қорқыныш атмосферасын туғызуға;

10) денеге зардап келтіру қаупі немесе қауіп-қатер туындаған жағдайда, сондай-ақ шұғыл әрекет ету және медициналық көмекке қолжетімділікті қамтамасыз ету қажет болған жағдайларда әрекетсіз қалуға;

11) кез келген түрде кемсітушілік білдіруге;

12) сексуалдық, физикалық және психологиялық зорлық-зомбылықтың кез келген түрін (күш көрсету әрекеттерін қоса алғанда) жүзеге асыруға;

13) оқушылардың өзін-өзі бағалау сезімін қорлауға және орынсыз жазалар қолдануға, мысалы, оқушыны бұрышқа қоюға, кекесін пікірлерді пайдалануға және т.б. тыйым салынады.

Білім беру ұйымдарының оқушыларын келесі ақпарат туралы хабарлау қажет:

1) басқа адамдарға кез келген түрде кемсітушілік білдіруге;

2) басқа оқушылардың, мектеп қызметкерлерінің, олардың заңды өкілдерінің және туыстарының атына, оның ішінде Интернет арқылы орынсыз, қорлайтын сөздер, пікірлер айтуға;

3) оқушылардың денсаулығына және денесіне, сондай-ақ мүлкіне зиян келтіруге;

4) кез келген қысым түрлері мен көздерін (оның ішінде әлеуметтік желілерді) пайдалана отырып, басқа оқушыларды қорқытуға, сыныпта, мектепте қорқыныш пен оқшаулану атмосферасын туғызуға;

5) интернеттегі қауіпсіз мінез-құлық қағидаларын бұзуға, атап айтқанда:

- өзі және басқа оқушылар туралы жеке мәліметтерді бөгде адамдарға хабарлауға;

- әлеуметтік желілерде профиль жасау кезінде құпиялықты, деректердің тұтастығын, анонимділікті бұзуға;

- интимдік фотосуреттерімен, хабарламаларымен, құжаттарымен бөлісуге;

- бейтаныс адамдармен сөйлесуге, мекенжайын хабарлауға, отбасы туралы ақпарат беруге;

- оңай болжанатын парольдер жасауға тыйым салынады;

Білім беру ұйымдарының оқушылары:

- онлайн ойын ойнау, онлайн сатып алу кезінде қауіпсіздікті сақтауға, сайттарды және кез келген ақпаратты тексеруге;

- әлеуметтік желілерде этикалық мінез-құлықты сақтауға міндетті.

Оқушылардың заңды өкілдеріне:

1) оқушыларды қорғау және олардың қауіпсіздігі мәселелері бойынша мектептегі ұйымдастырушылық, ақпараттандыру, оқыту іс-шараларына, «балалар – ата-аналар» бағдарламаларына қатысуды назардан тыс қалдыруға;

2) оқушыларға тәрбиенің күштеу әдістерін, қатал жазалау және тәртіп шараларын қолдануға, оларды отбасылық, ерлі-зайыптылық жанжалдарды шешуде пайдалануға, олардың жасына, мүмкіндіктеріне, қажеттіліктеріне сәйкес келмейтін міндеттер мен талаптар қоюға;

3) мектеп қызметкерлерінің қатысуынсыз мектепте болған инциденттерді, қақтығыстарды өз бетінше шешуге, басқа оқушыларға физикалық әрекеттер мен психологиялық қысым көрсетуге (оның ішінде әлеуметтік желілерді, ата-аналар чаттарын және т.б. пайдалана отырып) тыйым салынады.

Білім беру ұйымының көшпелі іс-шараларына қатысу кезінде мектеп қызметкерлері оқушылардың қауіпсіздігі үшін жағдай жасауы тиіс. Егер өткізілетін іс-шара нақты қауіпті болса (оқыту, жаттықтыру іс-шаралары) бірге еріп жүруші қызметкерлер мен оқушылардың сандық ара қатынасын (оқушылардың жалпы саны және гендерлік қатыстылығы бойынша) мұқият ойластыру қажет. Оқушыларға шараның өтілетін уақыты, орны және күтілетін тәртіп талабы, сондай-ақ олардың сыртқы келбеті туралы нақты нұсқаулар беру керек.

Оқушыларға қатыгез қарым-қатынас жағдайларын анықтау

Оқушыларға қатыгездік көрсету жағдайлары туралы хабар қызметкерлер, білім беру ұйымдарының басқа да оқушылары, заңды өкілдері немесе білім беру ұйымынан тыс басқа да адамдар тарапынан оқушыларға қатыгездік жасау күдіктері, жоспарланған және орын алған фактілер туралы ақпаратты қамтиды.

Қатыгез қарым-қатынас жағдайлары туралы хабарлау тәсілдері:

- 1) мектептегі жедел желі / сенім телефоны;
- 2) оқушының өзіне қатысты зорлық-зомбылық жасалғаны туралы тікелей хабарлауы;
- 3) оқушының басқа оқушыға қатысты зорлық-зомбылық жасалғаны туралы хабарлауы;
- 4) білім беру ұйымдары қызметкерлерінің мектеп оқушысына қатысты зорлық-зомбылық жасалғаны туралы хабарлауы немесе осындай әрекеттерге күдіктенуі;
- 5) ата-аналардың және басқа да заңды өкілдердің, сондай-ақ басқа да адамдардың білім беру ұйымның оқушыларына қатысты күш қолдану әрекеттері туралы хабарлауы немесе осындай әрекеттерге күдіктенуі;

Ақпарат жинау

Білім беру ұйымдарының қызметкерлері ықтимал құрбандарды - оқушыларды, сондай-ақ мектепте, мектептен тыс жерлерде зорлық-зомбылық фактілерінен зардап шеккендерді келесі жолдармен анықтай алады:

- 1) оқушының көңіл-күйі мен мінез-құлқының өзгеруін, құрдастарымен қарым-қатынасының болмауын, мектепке барғысы келмеуін, сабақтарды босатуын, оқу жетістіктерінің төмендеуін, агрессивті, деструктивті және аутодеструктивті мінез-құлқтың пайда болуын бақылау;
- 2) қатарлас агрессорлардың, ересек агрессорлардың (мектеп қызметкерлерінің, оқушылардың, заңды өкілдердің) мінез-құлқын бақылау, олардың мінез-құлқының өзгеру себептерін нақтылау;
- 3) зорлық-зомбылық көрген/бастан кешірген оқушыларға тән дене және мінез-құлқ көріністерін бағалау үшін білім беру ұйымдарының қызметкерлерінен ақпарат жинау;
- 4) эссе, суреттер және оқушылардың шығармашылық қызметінің басқа да өнімдерін талдау, оқушылармен өткізілетін проективтік әдістемелердің, рөлдік ойындардың нәтижелерін түсіндіру және талдау;
- 5) оқушылардың өмірі, өмірдегі қиын жағдайлары, олар басынан өткерген зардапты оқиғалар, отбасылық даму жағдайлары туралы әртүрлі дереккөздерден ақпарат жинау;
- 6) оқушыға қатысты жасалған зорлық-зомбылық түрін анықтау үшін зардап шеккен оқушылармен әңгіме-сұхбат жасау;

7) әлеуметтік желілердегі оқушылардың сауалнамаларын талдау, оқушылардың желідегі парақшалары мен пайдаланушылық белсенділігін мониторингілеу;

8) отбасылық даму жағдайын, әлеуметтік өмір сүру деңгейін, оның өміріне әсер еткен маңызды оқиғаларды бағалау мақсатында оқушының тұратын жеріне бару және т.б.;

Тәуекелді бағалау, жағдайлар мониторингі

МКҚ басшысы және/немесе жауапты қызметкері тұрақты негізде білім беру ұйымдарында оқушыларға қатыгездік көрсету фактілері туралы ақпарат пен хабарламалардың негізінде оқу жылындағы инциденттерді есепке алудың арнайы электрондық журналын жүргізеді.

Мектепте электрондық журналды қарау, талдау, мониторингілеу, жинақтауды және білім беру ұйымдарының директорына есеп беруді МКҚ қызметкерлері жүргізеді.

Оқу жылы ішінде арнайы журналда есепке алуға мынадай сандық көрсеткіштер жатады (есепті кезең – тоқсан сайын, әрбір оқу жылында):

1) зорлық-зомбылық түрлері бойынша оқушылар арасында тіркелген инциденттердің саны (қорлау, психологиялық, физикалық, сексуалдық зорлық- зомбылық, қорқыту, қысым көрсету және интернеттегі қауіпті мінез-кұлық);

2) зорлық-зомбылық түрлері бойынша анықталған зорлық-зомбылықтың бастамашысы және/немесе агрессор оқушылардың саны;

3) зорлық-зомбылық түрлері бойынша оқушылар тарапынан анықталған зорлық-зомбылық құрбандарының (зардап шеккендердің) саны;

4) есепті кезеңде зорлық-зомбылық түрлері бойынша анықталған зорлық-зомбылыққа куә болған оқушылар саны;

5) зорлық-зомбылық түрлері бойынша жоғары қауіп-қатер тобына енген оқушылар саны;

6) мектепте дене жарақатын алған оқушылар саны;

7) ювеналдық полицияда есепте тұрған оқушылар саны;

8) зорлық-зомбылық түрлері бойынша басқа оқушыларға қатысты агрессивті мінез-кұлыққа және/немесе зорлық-зомбылыққа байланысты педагогикалық кеңестің шешімімен мектептен шығарылған оқушылар саны;

9) зорлық-зомбылық түрлері бойынша басқа оқушыларға қатысты агрессивті мінез-кұлыққа, зорлық-зомбылыққа байланысты басқа мектептерге ауыстырылған оқушылар саны;

10) агрессивті мінез-кұлыққа, оларға қатысты зорлық-зомбылыққа байланысты мектепте ұзақ уақыт болмаған оқушылар саны;

11) зорлық-зомбылық түрлері бойынша мектеп қызметкерлері тарапынан зорлық-зомбылық құрбаны болған (зардап шеккен) оқушылар саны;

12) оқушылармен қатыгез қарым-қатынасқа байланысты қызметінен босатылған мектеп қызметкерлерінің саны.

**Қызметкерлерді, заңды өкілдерді, оқушыларды
Іс-әрекет алгоритмі бойынша оқыту жоспары**

Іс- шаралар	Мерзімі	Жауапты
Мобильді көмек қызметінің (МКҚ) басшылары болып табылатын мектеп басшыларын, олардың орынбасарларын Іс-әрекет алгоритмінің негізгі ережелерін оқыту	Жылына бір рет (оқу жылы басында)	Педагог-психолог, мобильді көмек қызметінің басшысы (МКҚ)
МКҚ жетекшілерінің командасының құрамын оқытуы. Командалар құрамы өзгерген кезде бағдарлама оқыту толықтырылады және өзектендіріледі.	Жылына бір рет	Әкімшілік, мектеп қауіпсіздігі қызметінің басшысы (МКҚ)
МКҚ командасының мүшелері мектеп қызметкерлерін, мектепте қызмет көрсетушілерді оқыту	Жылына бір рет	Мектеп қауіпсіздігі қызметі (МКҚ) командасының мүшелері
МКҚ командасының мүшелерінің оқушылардың заңды өкілдерін оқушылармен қатыгез қарым-қатынастың алдын алу және жасөспірімдермен өзара әрекеттесу бағдарламалары бойынша оқыту	Жылына бір рет	Педагог -кураторлар, педагог-психологтар
Жаңадан қабылданған мектеп қызметкерлерін Іс-әрекет алгоритмімен таныстыру	Қызметке кірісудің бірінші айында	Мектеп қауіпсіздігі қызметінің басшысы, кадр қызметкерлері
Оқушыларды қатыгез қарым-қатынасты тануға, қауіпсіз мінез-құлық дағдыларына және өзіне-өзі көмек көрсету, мектеп қызметкерлеріне, уәкілетті ұйымдар мен мекемелерге көмек сұрап жүгінуге үйрету	Оқу жылы бойы, мектеп жоспарына сәйкес	МКҚ командасының мүшелері, сынып жетекшілері, педагог-психологтар

Оқушыларды қорғау мәселелерінде мектеп қызметкерлерінің кәсіби жауапкершілігі педагогтар мен әкімшілік жұмысының негізгі аспектілерінің

бірі болып табылады. Оқушылардың қауіпсіздігі мен әл - ауқатын қамтамасыз ету мектептің әрбір қызметкері үшін басымдық болып табылады, өйткені білім беру процесінің сәттілігі және салауатты тұлғаны қалыптастыру осыған байланысты (кесте -).

Оқушыларды қорғау жұмысын іске асыру бойынша мектеп қызметкерлерінің кәсіби жауапкершілігі

Лауазымның, құрылымдық бөлімшенің атауы	Функция атауы
Мектеп басшысы	<ul style="list-style-type: none"> * Мектеп оқушыларының қауіпсіздігі мен қорғалуы мәселелеріне жалпы басшылықты жүзеге асырады; * Іс-әрекет алгоритмді іске асыруды қамтамасыз етеді, оларды бақылау үшін жағдайлар мен рәсімдерді қамтамасыз етеді; * Оқушыларға қатысты зорлық-зомбылық жағдайларының алдын алу және әрекет ету; * Оқушыларды зорлық-зомбылықтан қорғау және олардың қауіпсіздігі мәселелеріне көңіл бөледі және мектеп тарапынан ресурстар бөледі; * Мектеп қызметкерлерінің, оқушылардың заңды өкілдерінің, жергілікті қоғамдастықтың, оқушыларды қорғау және олардың қауіпсіздігі саласындағы басқа да ұйымдар.қатысуын үйлестіреді
Мектеп қауіпсіздік қызметінің жетекшісі	<ul style="list-style-type: none"> * Мектеп қауіпсіздігі қызметінің (МКҚ) жұмыс істеуін ұйымдастырады. Мектеп МКҚ ережесін, құрылымын, құрамын, циклограммасын, есептілігін әзірлейді. * Осы алгоритмнің ұсынымдарын ескере отырып, мектеп нормативтерін қайта қарайды және өзектендіреді. * Іс-әрекет алгоритмді жүзеге асырудағы қиындықтар мен кедергілер туралы мектеп басшылығына хабарлайды. * Қызметкерлерді оқытуды ұйымдастырады, оқушыларға қатысты зорлық-зомбылық оқиғалары туралы хабарламаларды жинауды, тіркеуді, есепке алуды, оқиғаның ауырлық дәрежесін бағалауды, оқушыларға көмек көрсету және оңалту бағдарламаларын іске асыруды, жағдайды шешуде мектептен тыс мамандармен ынтымақтастықты жүзеге асырады. * Мектептің қауіпсіздік қызметінің нәтижелерін талдайды, инциденттерге мониторинг жүргізеді, мектеп басшысына есеп қалыптастырады, енгізеді, мектеп жұмысына өзгерістер мен толықтырулар енгізеді.

	<p>* Зорлық-зомбылық фактілері мен жағдайларын дереу тәртіптік тергеуді қамтамасыз етеді, кезінде зардап шеккен оқушылардың қажеттіліктерін қанағаттандыруға, қауіпсіздік, құпиялылық құқықтарын сақтай отырып, инциденттің барлық қатысушыларына тең көмек көрсету, құрметтеу.</p> <p>* Мектеп қауіпсіздігі кеңесінің қызметкерлерін оқытуды жүргізеді және олардың хабардарлығы мен дағдыларын арттырады. МҚК басқа қызметкерлердің күшін, ведомствоаралық ұйымдардың мамандарымен өзара әрекетті үйлестіреді .</p> <p>* Болып жатқан инциденттер мен жұмыс нәтижелерін ескере отырып, МҚК жұмысын жоспарлайды.</p>
<p>Құзыретіне кадрлық қамтамасыз ету кіретін мектеп қызметкерлері</p>	<p>* Қызметкерлерді мектепке жалдау кезінде қызметкерлердің жеке басын, олардың психикалық және физикалық денсаулығын, мектепте жұмыс істеу құқығын, жұмыспен қамтудың алдыңғы тарихын, сондай-ақ құқық бұзушылықтарды, оқушыларға қатысты заңсыз әрекеттерді (мысалы: алаяқтық, сыбайлас жемқорлық, билікті теріс пайдалану) тексеруді жүргізеді.</p> <p>* Қызметкерлерді, оның ішінде жаңадан қабылданғандарды БҰҰ-ның Бала құқықтары туралы конвенциясымен, Іс-әрекет алгоритммен таныстырады.</p> <p>* Оқушылардың қызметкерлерге қатысты зорлық-зомбылық жағдайлары туралы есептер алады және осындай оқиғаларда әрекет етуді үйлестіреді.</p> <p>* Оқушыларға қатысты оқыс оқиғалар мен кемсітушілік, құқық бұзушылық, құқыққа қарсы іс-әрекеттер фактілеріне дереу тәртіптік тергеуді қамтамасыз етеді, онда зардап шеккен оқушыларға бағдарланған тергеу, олардың қауіпсіздік, құпиялылық, құрмет және қорғау құқықтарын сақтай отырып, жүргізіледі.</p> <p>* Оқушылармен қатыгез қарым-қатынас жағдайлары оқиғаларын тергеу жүргізу кезінде МҚК қызметкерлерімен байланыста болу. Оқушылар байланысты жағдайлар туралы құжаттарды сақтау.</p>
<p>Сынып жетекшісі</p>	<p>* Оқушыларды қорғау және олардың қауіпсіздігі мәселелері бойынша мектеп қызметкерлерін, заңды өкілдерді хабардар етуге, оқытуға қатысады.</p> <p>* Іс-әрекет алгоритмді бұзу фактілері, инциденттер бойынша тәртіптік тергеу жүргізуге қатысады – тергеу</p>

	<p>олардың қауіпсіздік, құпиялылық, сыйластық құқықтарын сақтай отырып, зардап шеккендерге бағытталған.</p> <p>* Іс-әрекет алгоритммен, инциденттерді анықтаумен, оларда әрекет етумен байланысты рәсімдерді жүргізу заңдылығының сақталуын қамтамасыз етеді.</p>
<p>Мектептің қауіпсіздік қызметінің мүшелері</p>	<p>* Оқушылардың қорғау және қауіпсіздігі мәселелері бойынша мектеп қызметкерлерін, заңды өкілдерін, оқушыларды хабардар етуді, оқытуды жүзеге асырады.</p> <p>* Хабарламаларды тіркеуді, қатыгез қарым-қатынас белгілерін тануды, фактілерді анықтауды, әрекет ету кезінде командалық жұмысты, оқушыларға қатысты оқыс оқиға фактісінің тәуекелін бағалауды жүзеге асырады (мектептің қауіпсіздік қызметіндегі кәсіби рөліне сүйене отырып).</p> <p>* Ортақ мақсаттарды іске асыру, инцидент мәселелерін шешу нәтижелері үшін мектеп қызметкерлерінен, ведомствоаралық өзара әрекет мамандарынан құралған пәнаралық командамен ынтымақтасады.</p> <p>* Оқушыларға, олардың отбасыларына қолдау және көмек көрсету жоспарларын, оқушыларға қатыгез қарым-қатынас оқиғаларын шешу жолдарын талқылау үшін айына кемінде 1 рет кездеседі.</p> <p>* Мектепте қатыгез қарым-қатынас инциденттеріне әрекет ету рәсімдеріне өзгерістер мен толықтырулар, Іс-әрекет алгоритміне ұсыныстар енгізеді.</p>
<p>Барлық қызметкерлер</p>	<p>* Іс-әрекет алгоритмді қолдау және жүзеге асыруды қамтамасыз етеді.</p> <p>* Оқушылардың алдын алу, қорғау және қауіпсіздігі туралы хабардарлықты арттыру бойынша іс-шараларға, материалдарды таратуға қолдау көрсетуді қоса алғанда, оқыту іс-шараларына қатысады.</p> <p>* Мектепте орнатылған жалпы қабылданған хабар көздері бойынша күдіктер, қатыгез қарым-қатынас фактілері туралы хабарлау.</p> <p>* Оқушыларға қиянат жасау белгілерін таниды, оқушыларға көмек көрсету және қолдау үшін пәнаралық топқа қатысады.</p>

Психологиялық көмекті қажет ететін ата-аналар қоғамдастығы, оқушылар және мұғалімдермен психологиялық қолдау жұмысы тиімді болу үшін облыста «сенім телефон» орталығы құрылды.

Ата аналарға, оқушылар мен мұғалімдерге психологиялық көмек көрсету мақсатында және психологтардың кәсіби шеберлігінің өсуіне жәрдемдесу, кәсіби психологиялық білім берудің маңыздылығын күшейту

және білім берудегі психологияның беделін көтеру мақсатында апта сайын облыстық «Семей» телеарнасының «Алдаспан» және «Сәлем Семей» бағдарламаларында психологтармен кездесулер өткізіледі. Қазіргі уақытта 19 кездесу өтті.


Педагог-психологтардың құзыреттілігін арттыру мақсатында шетелдік мамандармен бірлескен вебинарлар жоспарланып өткізілуде (АлтГУ, Барнаул).

Мамандардың педагогикалық қызметінің ғылыми-әдістемелік деңгейін жетілдіру мақсатында жоғарғы оқу орындарымен қызметтік қарым қатынас жүргізілуде (Alikhan Bokeikhan University, Семей медициналық университеті).

Балалар мен ересектерге психологиялық-педагогикалық, әдістемелік және құқықтық кеңес беру көмегін көрсету және олардың мәселелерін шешу мақсатында «Е - КӨМЕК» психологиялық – педагогикалық қолдау қызметі құрылған.

Балалардың ата-аналары білікті арнайы мамандардан (педагог-психолог, логопед, дефектолог және әлеуметтік педагог) тегін, қолжетімді психологиялық-педагогикалық, әдістемелік және консультативтік көмек алады.

«Е - КӨМЕК» психологиялық – педагогикалық қолдау қызметінің құрамы:



Жоба аясында сауалнама жүргізіліп, пәндер бойынша күрделі тақырыптар анықталып, «Үздік педагог» байқауының жеңімпаздары, шебер-педагогтер 32 бейнесабақ, подкасттар түсіріп, YouTube желісінен ашылған арналарға жүктелді. Жоспарға сәйкес 2022-2023 оқу жылы бойынша 73 іс-шара өткізілді. Оның ішінде:

- ✓ Жалпы өткізілген вебинарлар саны-35 (3500 педагог қатысты);
- ✓ Оффлайн семинарлар саны-5 (500 педагог);
- ✓ Педагог-психологтер қауымдастығының Форумы-1 (250 педагог);

- ✓ Облыстық пән мұғалімдері «Мерейлі ұстаз» Форумы-1 (200 педагог);
- ✓ Пән қауымдастығының Форумы-1 (250 педагог);
- ✓ «Әдістемелік десант» шарасы аясында өткен көшпелі семинарлар саны-3 (450 педагог);
- ✓ Облыстық бірыңғай тарих сабақтары-3 (350 педагог);
- ✓ Өткізілген облыстық байқаулар саны-12 (156 педагог);
- ✓ Республикалық байқаудың облыстық кезеңі-12(156 педагог).

Жоба жұмысы және өткізілген форумның барысы «Білімді ел» Республикалық газетіне жарияланды

Қауіпсіз орта құру мақсатында құрылған «Мобильді көмек қызметі» жобасы бойынша, «Е - КӨМЕК» психологиялық – педагогикалық қолдау қызметіне облыс көлемінде 12 ата-ана, 21 оқушы жүгінсе, «сенім телефон» орталығына 28 хабарлама түскен.

Өңірлік жоба

✓ ӘДІСКЕР	✓ ӘЛЕУМЕТТІК ПЕДАГОГ
✓ ДЕФЕКТОЛОГ	✓ ЛОГОПЕД

ЕРЕКШЕ БІЛІМ БЕРУДІ ҚАЖЕТ ЕТЕТІН ОҚУШЫЛАР



Е-КӨМЕК

Ата-аналарға
психологиялық-педагогикалық
көмек қызметі

☎ 8 747 754 25 11

📧 http://telegram.me/E_komek_bot

✉ inklyuziya.otdel@mail.ru

Ұсынылған жобаға қызығулық танытсаңыз, толық ақпарат алу үшін жоба авторларымен байланысқа шыға аласыз!

Жоба авторы: «Абай облысы білім басқармасы» мемлекеттік мекемесінің «Облыстық инновациялық - әдістемелік орталығы» КММ
Электронды почта: sentr.abay@bk.ru

Ақмола облысы

Жоба атауы: «Кәсіби-педагогикалық тәжірибені қабылдаудың желілік университеті»

«Ақмола облысы білім басқармасының әдістемелік орталығы» КММ (бұдан әрі – Орталық) бастамасымен жүзеге асырылып жатқан «**Кәсіби-педагогикалық тәжірибені қабылдаудың желілік университеті**» жобасын (бұдан әрі – Жоба) ұсынамыз. Орталық өңірде өз қызметін 2012 жылдан бері жүзеге асырып келеді.

Жобаның мақсаты: Педагогтердің кәсіби қызметін ғылыми – әдістемелік қамтамасыз етуде, жаңашыл педагогтердің эмоционалды және интеллектуалдық белсенділігін мақсатты ынталандыруда пәрменді көмек жүйесін құру болып табылады.

Жоба 2021-2025 жылдар аралығында жоспарланған.

Тәжірибенің өз алдында ерекшеліктері мен жаңашылдықтарын атап өткіміз келеді. Жобаны сәтті іске асыру кезінде инновациялық тәжірибені жұмыс істеу режимінен даму режиміне зерделеу, жинақтау және тарату бойынша педагогтердің қызметі кезең-кезеңімен көшетіндігі айқындалған.

Жоба аясында жергілікті жерлерде кіші жобалар жүзеге асырылып апробациядан өткізілді. Кіші жобаларға әдістемелік сүйемелдеу және қолдау жұмыстары жүргізілген болатын. Оларды атап өтсек:

Бірінші «Оқу-тәрбие үрдісін басқарудағы инновациялық **«Smart серіктестік»** жобамыз *«Ақмола облысы білім басқармасының Бурабай ауданы бойынша білім бөлімінің Щучинск қаласының № 9 мектеп-гимназиясы»* КММ базасында жүргізілген, ал екінші жоба **«Жаңартылған білім жағдайында оқу-тәрбие процесін этномәдени құндылықтар негізінде жаңаша ұйымдастыру мүмкіндіктері»** *«Ақмола облысы білім басқармасының Аршалы ауданы бойынша білім бөлімінің Аршалы кентіндегі Жұмабек Тәшенов атындағы жалпы білім беретін мектебі»*.

Жобаны ойдағыдай іске асырылған кезде педагогтер қызметінің инновациялық тәжірибесі жұмыс істеу режимінен даму режиміне зерделеу, жинақтау және тарату бойынша кезең-кезеңмен орындалатын болады. Бағдарлама үш негізгі кезеңде іске асырылып келді. Атап өтсек:

Бірінші кезең – дайындық кезеңі -2021 жылдан бастама алынды.

1. Ұйымдастыру-талдау жұмысы және курстық даярлық бөлімінің даму бағдарламасы әзірленді, жұмыстың талдауы жүргізілді, күшті және әлсіз жақтарын анықтау, проблеманы анықтау және белгілеу, мақсат қою, міндеттерді қалыптастыру, қызметтің жұмыс режимінен даму режиміне кезең-кезеңімен көшу жоспары әзірленді.

2. Әдіскерлердің кәсіби әдістемелік мәдениетін қалыптастыру мақсатында «Педагогтердің инновациялық қызметін ұйымдастыру» тақырыбы бойынша тұрақты жұмыс істейтін семинар бағдарламасы әзірленіп,

іске асырылды. Вебинарларға аудандық, қалалық білім бөлімдерінің 150 астам әдіскерлері қатысты.

Екінші кезең – 2022, 2023, 2024 жылдар.

Екінші кезеңді іске асыру 2022 жылы бастау алды. «Желілік университет» жобасы аясында шығармашылықпен жұмыс істейтін педагогтердің инновациялық педагогикалық тәжірибесін қолдауға баса назар аударылады. Зерттеу қорытындысы бойынша облыстық деректер банкіне педагогтердің **79** жұмысы енгізілді және облыстық деңгейде таратуға ұсынылды. Үздік жұмыстар ҚР Оқу-ағарту министрлігінің жанындағы Республикалық оқу-әдістемелік Кеңеске (бұдан әрі – РОӘК) ұсынылды. Ұсынылған жұмыстардың ішінен Ақмола облысының мұғалімдері:

1) Забиякина Оксана Сергеевнаның - «Система работы учителя по преподаванию биологии и химии на английском языке»;

2) Сейдахметова Гүлжазира Имангазиевнаның - «Учебно-исследовательская деятельность учащихся как один из способов повышения эффективности уроков биологии»;

3) Кинцель Александр Евгеньевичтің – «Метакогнитивные навыки решения учебных задач как фактор академической успешности школьников» және «Система патриотического воспитания школьников в духе казахстанского патриотизма в рамках сохранения исторической памяти о Великой Отечественной войне»;

4) Мусаипова Алия Каиркеновнаның - «Формирование социокультурной компетенции учащихся на основе работы с аутентичным материалом»;

5) Шрейнер Оксана Васильевнаның - «Смешанное обучение как приоритетное направление в формировании ключевых компетенций учащихся на уроках информатики» жұмыстарын РОӘК сарапшылары жоғары бағалады және аталған республикалық деңгейде жинақталды.

Авторлық бағдарлама-мұғалімнің жоғары кәсіби шеберлігінің көрсеткіші. Автор - мұғалімдердің өз бағдарламаларының консультациялық жұмысына көп көңіл бөлінеді, бағдарламаларды құрудың барлық кезеңдерінде көмек көрсетіледі: дизайн, құрастыру және бекіту. 2021, 2022 жылдары барлығы **244** педагог өз бағдарламаларымен облыстық кезеңге шықты, оның **58** жүлдегер атанды, республикаға **21** жұмыс ұсынылды, оның **14** республикалық кезеңде жүлдегер атанды. Жобаны іске асыру кезеңінде педагогикалық және басшы кадрлардың біліктілігін арттырудың икемді, мақсатты, тиімді жүйесін құруды қамтамасыз ететін және дарынды, шығармашыл жұмыс істейтін педагогтер мен білім беру ұйымдарының инновациялық педагогикалық тәжірибесін зерделеу, қорыту және тарату арқылы білім берудің қарқынды дамуы мен жоғары сапасына бағытталған әдістемелік және зерттеу жұмысының жүйесі жетілдірілді.

Сонымен қатар Орталықпен Авторлық жобаларды апробациялауды әдістемелік сүйемелдеу жұмыстары жүргізілуде. Әр жобаның тиімділігін,

жүргізу сапалылығын тексеру мақсатында бірнеше мектептерге енгізіліп сыналады. Сынақ барысында туындаған қиындықтар анықталып онымен тиісті түрде түзету жұмыстары ұйымдастырылады.

1) **«Жаңартылған білім жағдайында оқу-тәрбие процесін этномәдени құндылықтар негізінде жаңаша ұйымдастыру мүмкіндіктері»** тақырыбындағы авторлық жұмыс *«Ақмола облысы білім басқармасының Аршалы ауданы бойынша білім бөлімі Аршалы кентінің Жұмабек Тәшенов атындағы жалпы орта білім беретін мектебі» КММ базасында апробациядан өткізілді.*



Авторлық бағдарламаны 2021 жылы Ақмола облысы білім басқармасының оқу-әдістемелік орталығы зерделеп, жинақтады. Жұмабек Тәшенов атындағы жалпы орта білім беретін мектептің базасында Республикалық форум, облыстық семинар офлайн және онлайн режимде өтті.



Жұмабек Тәшенов атындағы жалпы орта білім беретін мектебінің базасында озық педагогикалық тәжірибелердің IV республикалық форумы бойынша қосымша ақпарат

<https://www.instagram.com/p/CkQT-oLKPT6/?igshid=Mtc4MmM1YmI2Ng==>

Нәтижелері ұлттық құндылықтарға негізделген, тәрбие жұмысы білім алушының қажеттіліктерін қанағаттандыратынын дәлелдейтін жоба таныстырылды. Бұл бағдарлама Аршалы ауданының барлық мектептерінде таратылып, Ерейментау, Целиноград, Астрахан аудандарының мектептерінде сынақтан өтті.

2022-2023 оқу жылында осы бағдарламаның авторлары Ы. Алтынсарин ұлттық білім академиясында тәрбие тұжырымдамасын талдауға бірнеше рет қатысты. Қазіргі уақытта «Жаңартылған білім жағдайында оқу-тәрбие процесін этномәдени құндылықтар негізінде жаңаша ұйымдастыру мүмкіндіктері» тақырыбындағы авторлық жұмыс материалдары РОӘК сараптамасы үшін құжаттары жасақталып жолдануда.

2) **Екінші жоба- «Оқу-тәрбие үрдісін басқарудағы инновациялық «Smart серіктестік» жобасы** *«Ақмола облысы білім басқармасының Бурабай ауданы бойынша білім бөлімі Щучинск қаласының № 9 мектеп-гимназиясы» КММ-қазіргі уақытта Бурабай ауданының барлық мектептерінде таратылды.*

«Желілік университет» жобасын іске асырудың негізгі бағыттарының бірі өзекті мәселелер бойынша тәжірибені тарату жұмысын ұйымдастыру болып табылады. Жұмыс қорытындысы жыл сайын Ақмола облысының

жаңашыл педагогтерінің «Білім беру-инновациялық даму аумағы» облыстық ғылыми-практикалық конференцияда шығарылады.



Бірінші жылы жобаны іске асырудың қорытындысы бойынша 2022 жылғы 29 сәуірде Ақкөл қаласының Жайық Бектұров атындағы №3 жалпы орта білім беретін мектеп базасында инновациялық даму арқылы педагогтердің кәсіби құзыреттілігін арттырудың өзекті тақырыбына арналған Ақмола облысының жаңашыл педагогтерінің «Білім беру-

инновациялық даму аумағы» облыстық ғылыми-практикалық конференциясы өткізілді.



«Білім беру-инновациялық даму аумағы» облыстық ғылыми-практикалық конференциясы өту жұмыстары жайлы қосымша ақпарат
<https://www.instagram.com/tv/CdFWEMaQmHT/?igshid=MTc4MmM1YmI2Ng==>

Конференция облыстың жаңашыл педагогтерінің инновациялық тәжірибесін тарату аясында өткізілді. Бұл жалпы білім беретін мектептердің мұғалімдері және облыстық, республикалық деңгейлерде шығармашылық жетістіктері бар мектепке дейінгі ұйымдардың педагогтері.

Төрт секция жұмысына 90-нан астам педагог қатысты. Бұл облыстық және аудандық оқу-әдістемелік кабинеттердің әдіскерлері, жалпы білім беретін, мамандандырылған және арнайы мектептердің директорлары, директорлардың орынбасарлары, балабақша меңгерушілері, әдіскерлері мен тәрбиешілері, педагогтер.



Педагогтер педагогтердің іс-әрекеттік білім беру практикасында инновациялық процесті ұйымдастырудың өзекті мәселелерін және мектептің дамуына басшылық ету мәселелерін талқылады. Секциялар жұмысының қорытындысы бойынша ұсынымдар әзірленді.



«Білім беру-инновациялық даму аумағы» атты ғылыми-практикалық конференция өту барысы бойынша ақпарат
<http://akkol.aqmoedu.gov.kz/news/open/id-2566808>

Пленарлық отырыс барысында Ақмола облысы педагогтерінің инновациялық педагогикалық тәжірибесін зерделеу бойынша жұмысты одан әрі дамыту перспективалары анықталды. Сондай-ақ мұғалімдердің озық педагогикалық тәжірибесін тарату, қазіргі педагогтің жалпы, коммуникативтік және зерттеу мәдениетінің деңгейін арттыру, мектептің білім беру мәдениетін дамыту жөніндегі жобаларды іске асыру жолымен заманауи білім берудің өзекті мәселелерін шешу жолдарын айқындау мақсатында 2023 жылғы 25 сәуірде Ақмола облысы білім басқармасының әдістемелік орталығы Көкшетау қаласындағы №13 «ЭКОС» мектеп-гимназиясының базасында «Инновация-табысқа жету жолы» тақырыбында жаңашыл педагогтердің облыстық ғылыми-практикалық конференциясы өткізіді.



Конференцияға қалалық білім бөлімінің басшысы, аудандық және қалалық білім бөлімдерінің әдістемелік кабинеттерінің меңгерушілері мен әдіскерлері, мектеп директорлары, директорлардың әдістемелік жұмыс, оқу-тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасарлары және педагогтер қатысты. Секция барысында Көкшетау қаласы педагогтерінің үздік авторлық бағдарламалары, озық педагогикалық тәжірибе, мектептің білім беру мәдениетін дамыту жобалары, «Үздік педагог» конкурсына қатысушылардың жұмыс тәжірибесі таныстырылды және талқыланды. Конференция соңында қаралған мәселелер бойынша ұсыныстар талқыланып, қабылданды, сондай-ақ конференцияны ұйымдастыруға және өткізуге үлес қосқан педагогтер алғыс хаттармен және сертификаттармен марапатталды.



«Инновация-табысқа жету жолы» тақырыбында жаңашыл педагогтердің ғылыми-практикалық конференциясы
<https://www.instagram.com/reel/CrdhO-nOeMG/?igshid=MTc4MmM1YmI2Ng==>

Жобаны іске асыру барысында инновациялық қызметті ұйымдастыру бойынша әдіскерлер мен педагогтерге арналған әдістемелік ұсынымдар, Сараптамалық кеңестің ережелері және басқа да әдістемелік құжаттар әзірленді.

Жобаны іске асыру кезеңінде іске асырудың негізгі кедергілердің бірі әдіскерлердің инновациялық құзыреттілігінің жеткіліксіз деңгейі екендігі

анықталды, бұл әдістемелік кадрлардың жиі ауысуының салдары болып табылады.

Әдіскерлердің кәсіби құзыреттілігін арттыру мақсатында «Әдіскер мектебі» тақырыбында тұрақты жұмыс істейтін семинардың паспорты мен бағдарламасы қосымша әзірленді, бағдарламаны іске асыру 2024 жылғы қаңтардан бастап жоспарланып отыр.

Сондай-ақ педагог қызметкерлердің бейімділіктеріне, қабілеттері мен мүдделеріне сәйкес дамуы үшін қолайлы жағдайларды қамтамасыз ететін білім беру және тәрбие процестерінің бірыңғай функционалдық кешенін құру жөніндегі жұмыс жалғастырылатын болады.

Үшінші кезең-2025 жыл.

Жұмыс тәжірибесін қорытындылау, жинақтау.

Жұмыс нәтижелерінің проблемалық-бағдарланған талдауы. Жұмыстың даму перспективаларын анықтау. Жұмыс есебін әзірлеу, жұмыс нәтижелерін бұқара ақпарат құралдарында жариялау.

Тәжірибенің нәтижелілігі

Жобаны іске асыру кезеңінде педагогикалық және басшы кадрлардың біліктілігін арттырудың икемді, мақсатты, тиімді жүйесін құруды қамтамасыз ететін және дарынды, шығармашыл жұмыс істейтін педагогтер мен білім беру ұйымдарының инновациялық педагогикалық тәжірибесін зерделеу, қорыту және тарату арқылы білім берудің қарқынды дамуы мен жоғары сапасына бағытталған әдістемелік және зерттеу жұмысының жүйесі жетілдірілді.

Жүйелі жұмыс өз жемісін беруде, жыл сайын облыс мұғалімдері «Авторлық бағдарлама» республикалық байқауында «Кәсіби шеберлігі үшін» номинациясы бойынша Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің грамоталарына ие болды:

Каскаева Ләззат Байсеркеевна (Жақсы ауданы), Саденова Гүлнар Шоптибайқызы (Көкшетау қаласы), Спиридонида Ольга Николаевна (Сандықтау ауданы), Даниярова Ботагөз Сатбекқызы (Бұланды ауданы).

ІІІ дәрежелі дипломмен № 2 облыстық мамандандырылған мектеп-интернатының мұғалімі Макурина Елена Валентиновна марапатталды .

ІІ дәрежелі дипломмен Луговская Татьяна Александровна (Бурабай ауданы) марапатталды

І дәрежелі дипломдармен марапатталды: Ломачинская Лориса Владимировна, Дискаева Роза Ермековна (Бурабай ауданы), Корчагина Ольга Сергеевна (Степногорск қ.), 2022 жыл - І дәрежелі дипломмен Тілеулина Ғалия Жамалетдинқызы (Ақкөл ауданы) марапатталды.

ІІ дәрежелі дипломмен Нұршәріп Сәндігүл (Зеренді аудан), Кинцель Александр Евгеньевич (Степногорск қ.), Абылқалықова Роза Батырханқызы (Көкшетау қ.),

«Кәсіби шеберлігі үшін» номинациясы бойынша грамотамен Шапенова Гаухар Қабдешқызы (Көкшетау қ.) марапатталды (31)

Ақмола облысының мұғалімдері Забиякина Оксана Сергеевна, Сейдахметова Гүлжазира Иманғазықызы, Кинцель Александр Евгеньевичтің, Мусаипова Алии Каиркен, Шрейнер Оксаны Васильевны жұмыстарын РОӘК сарапшылары жоғары бағалады және республикалық деңгейде жинақталды.

Жобаны іске асыру барысында инновациялық қызметті ұйымдастыру бойынша әдіскерлер мен педагогтерге арналған әдістемелік ұсынымдар, Сараптамалық кеңестің ережелері және басқа да әдістемелік құжаттар әзірленді.

Ұсынылған жобаға қызығулық танытсаңыз, толық ақпарат алу үшін жоба авторларымен байланысқа шыға аласыз!

Жоба авторы: «Ақмола облысы білім басқармасының әдістемелік орталығы» КММ

Телефон: 8 (7162) 72 29 02

Электронды почта: umkaqmola@mail.ru

Ақтөбе облысы

Жоба атауы: «БІЛІМ ALL» өңірлік жобасы.

Ақтөбе облысының білім басқармасының «Ақтөбе облыстық әдістемелік орталығы» МКҚК өңірде ауыл мектептерін қолдау, ауыл балаларының білім сапасын арттыруға бағытталған «Білім ALL» өңірлік жобасын жүзеге асыруда.

Жобаны іске асыру мерзімдері

Жоба 2022 жылы II тоқсанынан өз бастауын алып, 2023 жылдың мамыр айына дейін жүзеге асырылды.

2023-2024 оқу жылдары (*стриминг моделінде*) өз жалғасын тауып жылдық көрсеткіштерін арттыруға негізделіп жұмыс жасауда.

Жоба мерзімінің қысқаша негіздемесі:

Жобаның табысты іске асырылуы үшін қол жеткізуге мүмкіндік беретін іс-шаралар жиынтығынан тұрады. Пилоттық мерзімде міндетті шешу деңгейін айқындауға мүмкіндік беретін стратегиялық сандық өлшенетін көрсеткіш белгіленген. Қала мен ауыл мектептері білім алушылары арасындағы білім сапасындағы алшақтық теңескен жағдайда, жобаға қатыспаған қалған мектептерді қамту, өзге де шаралар қабылдау, мерзімі қайта қаралатын болады.

Жобаның мақсаты:

Шағын жинақты ауыл мектептерінің білім сапасын көтеру, оқушылардың тұрғылықты жеріне қарамастан сапалы білім алуына жағдай жасау, тең мүмкіндікті қамтамасыз ету.

Жобаның міндеттері (*мақсатқа жетуге бағытталған аралық нәтижелерге қол жеткізу жөніндегі іс-қимылдар*):

1) педагогтер мен білім алушылардың қызметіндегі жоспарланатын өзгерістер:

- шағын жинақты мектептердің жұмысын жақсарту;
- ауыл балаларының білім сапасын көтеру;
- қала мен ауыл арасындағы білім беру сапасындағы алшақтықты азайту;
- қала мен ауыл мектептері арасында ынтымақтастықты нығайту;
- ауыл мектептері мұғалімдеріне әдістемелік қолдау көрсету.

2) жобаны іске асыру барысында педагогтер мен білім алушылардың жағымды қасиеттері мен қабілеттерін қалыптастыру және дамыту бойынша болжамды нәтижелер:

- ауыл балаларын сапалы біліммен қамтамасыз ету;



➤ шағын жинақты мектептердегі білім сапасын біріздендіріп, педагогтерді әдістемелік сүйемелдеу;

➤ 1 педагогтің бірнеше пәннен сабақ беру мәселесін шешу;

➤ кадрлық әлеуетін нығайту;

➤ ауыл педагогтеріне көмек ретінде виртуалды педагогтердің көмегімен әдістемелік ұсынымдар әзірлеу, озық педагогикалық тәжірибені қорыту және тарату, оны ауыл мектептерінің практикасына белсенді енгізу.

3) білім алушылардың оқуындағы жоспарланған өзгерістер:

➤ жобаға қатысушы ауыл балаларының білім сапасын 12%-ға арттыру (48%-ден 60%-ға);

➤ математика (12%), физика (12%), химия (12%), биология (12%), ағылшын тілі (12%), пәндері бойынша білім сапасын арттыру;

➤ дарынды балаларға арналған білім беру ұйымдарына оқуға қабылданатын ауыл балаларының үлесін 10%-ға арттыру;

➤ Облыстық, республикалық пәндік олимпиадалар мен ғылыми жобалар жеңімпаздарының жалпы санынан ауылдық мектеп оқушыларының үлесін 10%-ға артыру.

1) Жобаның мақсатына жету үшін жоспарланатын іс-қимылдар:

➤ Жобаның тұжырымдамасын

➤ Виртуалды мұғалімдер тізімін жасақтау;

➤ Виртуалды сабақ кестесін жасақтау;

➤ Виртуалды мұғаліммен сабақ өткізуге материалдық-техникалық базаны әзірлеу және бейімдеу;

➤ Виртуалды мұғалім, модератор және білім алушылар арасындағы интерактивті байланысты ұйымдастыру;

➤ Виртуалды мұғалім басшылығымен қашықтан сабақ жоспарын құру;

➤ Интернет жылдамдығы жоғары қашықтан білім алу мүмкіндігі бар мектептер тізімін анықтау;

➤ «БІЛІМ ALL» жобасын пилоттық режимде шағын жинақты мектептерге енгізу.

2) Белгіленген аралық нәтижелер: тоқсан сайын әр пән бойынша бақылау тапсырмаларын алып отыру арқылы жобаның нәтижелілігін анықтау.

Күтілетін нәтиже (әдістемелік ұсынымдар, сабақтарды әзірлеу, жоспарлар, авторлық бағдарламалар, тұжырымдамалық ережелер, принциптер, педагогикалық технологиялар, әзірленген шарттар жиынтығы және т.б. түрінде ұсынылатын күтілетін нәтиже).

➤ виртуалды мұғалімдер мен модератор мұғалімдердің тәжірибесін жинақтап, әдістемелік нұсқаулықтар дайындау;

➤ сапалы білім беру мониторингінің тиімді жүйесін қалыптастыру;

➤ білім берудің сапасын, мектептің әлеуметтік және мәдени рөлін, ауыл мұғалімінің мәртебесін арттыру.

Жобаның өзектілігі (осы тақырып бойынша жобаның қажеттілігін айқындайтын тәжірибедегі қиындықтар, проблемалар, қайшылықтар).

Облыста барлығы 424 мектеп бар (404 - мемлекеттік жалпы білім беру, 14 - жекеменшік, 2 - кешкі және 4 - түзету мектептері). 418 жалпы білім беретін мектептің 137-сі қалалық (32,7%), 281-і ауылдық (67,2%). Ауылдық мектептердің 204 – і шағын жинақталған. Яғни, ШЖМ облыстың барлық мектептерінің 49% құрайды. 204 ШЖМ – нің 21 – і бастауыш, 75-і негізгі және 108-і орта мектептер болып табылады. Контингент 14 546 оқушыны құрайды.

Жоба идеясы (проблемалық жағдай, педагогтер мен білім алушылардағы қажетті өзгеріс туралы жалпы түсінік).

Ауыл мектептері мен қала мектептерінің білім сапасы арасында алшақтық бар.

«БІЛІМ ALL» жобасына іріктеліп алынған педагогтердің барлығы да — үздік, білікті, тәжірибелі педагогтер. Олардың арасында «Үздік педагог» республикалық байқауының жеңімпаздары, облыстың үздік мұғалімдері, сондай-ақ біліктілік санаты бойынша педагог-шебер деңгейіне жеткен ұстаздар бар. Олардың шәкірттері облыстық, республикалық, тіпті халықаралық білім бәйгелерінің жүлдегерлері мен жеңімпаздары. Жобаға қатысушы мұғалімдердің дені – облыстық мамандандырылған мектеп-лицейлердің педагогтері.

Облыстық, республикалық пәндік олимпиадалар мен ғылыми жобалар жеңімпаздарының жалпы санынан ауыл оқушыларының үлесі 9,3% құрайды.

Білікті педагогикалық кадрлардың жетіспеушілігі: кадрларға қажеттілік 99 мұғалімді құрайды, оның ішінде жаратылыстану-математикалық циклдің 50 мұғалімі қажет. Мәртөк, Әйтеке би және Қобда аудандарының мектептерінде ең үлкен қажеттілік қалыптасып отыр.

Жобаға 10 575 оқушысы бар 120 мектептің оқушылары қатысады. Үздік білім нәтижелері бар 10 жетекші мектептің 35 үздік ұстазы математика, физика, химия, биология, ағылшын тілі пәндері бойынша шағын жинақты мектеп оқушыларына онлайн сабақ беріп, виртуалды мұғалім қызметін атқарады. Жобаны сәтті жүзеге асыру арқылы виртуалды білім беру нәтижесінде оқушылардың білім сапасын арттыру, шағын жинақты мектеп мұғалімдерінің цифрлық оқулықтар мен электронды ресурстарды қолдану белсенділіктерін арттыру күтілуде.

Жоба гипотезасы (жобаның идеясы мен ниетін іске асыру тәсіліне қатысты ғылыми негізделген логикалық болжам, әсерлер жиынтығы, жоба міндеттерін іске асыру жөніндегі шаралар жүйесі, барынша егжей-тегжейлі баяндау, соның есебінен оқу-тәрбие процесінің белгілі бір тиімді үлгісін күтіледі):

1) жобаның идеясы мен мақсат, міндеттерін іске асырудың мүмкіндіктері мен тәсілдері:

Виртуалды педагогтер мен модератор мұғалім көмегімен мемлекеттік жалпыға міндетті стандартты қолжетімді игерту.

2) жобаның қойылған мақсатына жету жолдары:

➤ виртуалды педагогтер мен модератор мұғалімдер арасында өзара тығыз қарым-қатынас орнату;

- оқушыға қиын берілетін тапсырмаларды анықтау;
- проблемалық тапсырмаларды бірігіп отырып шешу.

Жобаға қатысушылардың құрамы және олардың функционалдық міндеттері

1) жобаға қатысатын педагогикалық ұжым, педагогтер тобы, нақты педагог;

«БІЛІМ ALL» өңірлік жобасына қатысатын жетекші мектептер:

1. Ақтөбе облыстық мамандандырылған физика-математикалық лицей-интернаты

2. М. Құсайынов атындағы Ақтөбе облыстық дарынды балаларға арналған мамандандырылған лицей-интернаты

3. Дарынды жасөспірімдерге арналған «Білім-инновация» лицей-интернаты

4. Әл-Фараби атындағы №21 мамандандырылған гимназия

5. Ақтөбе қаласындағы № 51 гимназия

6. Ақтөбе қаласындағы №2 ЖОББМГ

7. Ә. Ермеков атындағы №23 орта мектеп-лицейі

8. Ақтөбе қаласындағы №56 ЖОББМ

9. № 6 Хромтау гимназиясы

10. №3 Хромтау орта мектебі

2) жобаның барлық қатысушыларының функционалдық міндеттері:

➤ виртуалды педагогтер мен модератор мұғалімдер бірлесе отырып, сабақ жоспарын құрады;

➤ модератор мұғалім сабақты ұйымдастырып, үй тапсырмасын тексереді;

➤ виртуалды педагог жаңа тақырыпты онлайн түсіндіреді, оқушылармен кері байланыс жасайды;

➤ модератор мұғалім қалыптастырушы бағалауды жүргізеді;

➤ модератор мұғалім үй тапсырмасын береді.

Жоба нысаны

1) мектеп тәжірибелерінде қазіргі қалыптасқан жағдайды жоспарлы жетілдіру:

➤ жетекші мектеп мұғалімдерінен іс-тәжірибе алмасуға мүмкіндігі туады;

➤ модератор мұғалім сабақты тиімді жоспарлауды үйренеді;

➤ күрделі тақырыптар мен шешімі қиын есептерді оңтайлы шығару жолдарын үйренеді.

➤ 2) жобаны іске асыру қорытындылары бойынша педагогикалық тиімділік болжамы:

➤ шағын жинақты мектептердегі әдістемелік бірлестіктердің өзара ынтымақтастығы жанданады;

➤ ауыл мұғалімдерінің кәсіби біліктілігі артады.

Жобаның мәні (объектіде бөлінетін қасиеттер, қатынастар, функциялар):

- жобаны іске асыру қорытындылары бойынша жаңа білім алу;
- ауыл мұғалімдері өз пәні мен сабақ беру әдістемесі бойынша қандай көмек керектігін анықтай алады;
- проблема бойынша ізденуді үйренеді.
- білім алушылардың оқу-тәрбие процесіне, дамуына әсері.
- ауыл оқушылары оқу пәндерінің мазмұнын игереді;
- оқушылардың коммуникативтік дағдылары ашылады және дамиды.



ҚР Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрі Мусин Бағдат Батырбекұлының жобамен танысуы

<https://www.instagram.com/p/CofLB0eIAT4/?igshid=MTc4MmM1YmI2Ng==>



Ақтөбе облысының «БІЛІМ ALL» жобасы Цифрлық даму инновациялар және аэроғарыш министрлігі тарапынан қолдау тапты.

Ақтөбе облысының әкімі Ералы Тоғжанов ҚР Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрі Бағдат Мусиннің өңірге жұмыс сапары барысында ауылдарда іске асырылып жатқан ІТ-жобаларды таныстырды.

Халықты, бірінші кезекте, жастарды ауылдардан үдере көшуін тоқтату үшін интернетпен қамтамасыз ету, сапалы білім беріп, денсаулығын нығайту, жұмыспен

қамту мәселелеріне көңіл бөлу маңызды.

Қобда ауданының Талдысай орта мектебінде ҚР Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрі Бағдат Мусинге, сондай-ақ үкіметтік делегация мүшелеріне өңірдің шағын жинақты мектептерінде қолға алынған «BILIM ALL» жобасы аясындағы оқу процесі көрсетілді. Қонақтар ағылшын тілінен өтіп жатқан сабаққа қатысты.

«Ақтөбе облысына осы өңірдің басшысы Ералы Тоғжановтың шақыртуымен келдік. «БІЛІМ ALL» бірегей өңірлік жобасының жүзеге асырылу барысымен таныстық. Аталған жоба облыстың 204 шағын жинақты мектепті қамтуы тиіс, алайда интернеттің жоқтығы, нашарлығына байланысты 84 мектеп білім беру платформасына қол жеткізе алмай отыр. Біз бұл кемшілікті жоюымыз керек. Ендігі міндетіміз – облыс әкімдігіне байланыс

операторларын тарта отырып, көмектесу», - деді Цифрлық даму министрі Бағдат Мусин.



Қобда ауданы бойынша барлығы 25 мектеп бар, оның 22-сі – шағын жинақты. Ал «БІЛІМ ALL» жобасы аудандағы 19 шағын жинақты мектеп оқушыларын қамтыды.

Жалпы Ақтөбе облысында 14,5 мың бала шағын жинақты мектептерде оқиды. Бүгінгі күні 35 үздік ұстаз ауылдарда 10 мыңнан астам оқушыға сабақ беруде.

Жоба басталған кезде ауыл мен қала мектептері арасындағы білім деңгейінің айырмашылығы 15% пайызды құраса, өңір мұғалімдерінің екі

ай ішіндегі қарқынды жұмысы нәтижесінде айырмашылық 3,5%-ға азайып, 11,5%-ға жетті.

Қазіргі уақытта Ақтөбе облысындағы 315 ауылдың 213-інде интернет қолжетімді. 19 мың адам тұратын қалған 102 ауылға интернет аса қажет. 25 елдімекенді интернетке биыл, 2023 жылы қосу жоспарланған.



Ақтөбе облысының әкімі Е.Тоғжанов «БІЛІМ ALL» өңірлік жобасын ресми түрде іске қосты. <https://www.instagram.com/reel/CkyTX6xo-Hr/?igshid=MTC4MmM1YmI2Ng==>

Бүгін республикада алғаш рет шағын жинақты мектептерді қолдауға бағытталған «БІЛІМ ALL» өңірлік жобасы бастау алды. Ақтөбе облысының әкімі Е.Тоғжанов «БІЛІМ ALL» өңірлік жобасын ресми түрде іске қосты. Өңірлік жоба шағын жинақты ауыл мектептерінің білім сапасын көтеру, баланың тұрғылықты жеріне қарамастан сапалы білім алуына жағдай жасау, тең мүмкіндікті қамтамасыз етуді мақсат етеді.

Жобаға 10 575 оқушысы бар 120 мектептің оқушылары қатысады.

Үздік білім нәтижелері бар 10 жетекші мектептің (Дарынды жасөсірімдерге арналған облыстық мамандандырылған «Білім-инновация» лицей-интернаты, М.Құсайынов атындағы облыстық дарынды балаларға арналған мамандандырылған лицей-интернат, облыстық мамандандырылған физика-математикалық лицей-интернат, Ақтөбе қаласындағы Әл-Фараби



атындағы №21 мамандандырылған гимназия, Ақтөбе қаласындағы № 51 гимназия, Ақтөбе қаласындағы №2 ЖОББМГ, Ә. Ермаков атындағы №23 орта мектеп-лицейі, Ақтөбе қаласындағы №56 ЖОББМ, Хромтау №3 орта мектебі, Хромтау №6 гимназиясы) 35 үздік ұстазы математика, физика, химия, биология, ағылшын тілі пәндері бойынша шағын жинақты мектеп оқушыларына онлайн сабақ беріп, виртуалды мұғалім қызметін атқарады. Жобаны сәтті жүзеге асыру арқылы виртуалды білім беру нәтижесінде оқушылардың білім сапасын арттыру, шағын жинақты мектеп мұғалімдерінің цифрлық оқулықтар мен электронды ресурстарды қолдану белсенділіктерін арттыру күтілуде.

Жобаның әлеуметтік тиімділігі:

- ✓ ШЖМ білім алушыларын оқыту мен тәрбиелеу сапасы айтарлықтай артады, ал білім алушылар болашақта бәсекеге қабілетті болады;
- ✓ Дұрыс және тиімді құрастырылған оқу бағдарламасы, кәсіби іріктелген нысандар негізінде толық білім ала алады;
- ✓ Ауыл мектептері арасындағы бәсекелестік қалыптасады;
- ✓ Ауыл мектептеріндегі кадрлық ресурстың тапшылығы мәселесі шешіледі.

Әрбір шағын жинақты мектептің ахуалы ауыл тағдырымен тікелей байланысты. Ауылды сақтап қалу үшін білім беру қоғамның, нақты әр адамның талабына сәйкес болуы тиіс. Сапасы жоғары білімі бар ұрпақ тәрбиелеу арқылы ғана бәсекеге қабілетті мемлекетті қалыптастырады.

Ұсынылған жобаға қызығулық танытсаңыз, толық ақпарат алу үшін жоба авторларымен байланысқа шыға аласыз!

*Жоба авторы: «Ақтөбе облыстық әдістемелік орталығы» МКҚК
Телефон: 8 (7132) 548602
Электронды почта: info@aktedu.kz*

Алматы облысы

Жоба атауы: Табысты тәжірибе – жетістік кепілі

Тәжірибенің мақсаты: Педагогтердің тың идеяларымен бөлісуіне ықпал ету, кәсіби қарым-қатынас аясын кеңейту

Тәжірибені іске асыру мерзімі: 2014 жылдан бастап

Тәжірибенің жаңашылдығы үздік педагогтердің тәжірибесін тарату және шығармашыл педагогтердің қатарын арттыру

2014 жылдан бері Алматы облысы білім басқармасының «Облыстық білім беруді дамыту оқу-әдістемелік орталығы» бастауымен «Табысты тәжірибе – жетістік кепілі» атты жобасын жүзеге асырып келеді. Жоба аясында 2016 жылы «Жалын» үздік педагогтер ассоциациясы құрылды. Мысалы: семинар, вебинар, конференциялар, дөңгелек үстел және т.б. шаралар, сонымен қатар тамыз кеңесі жұмыстары аясында педагогтер қауымына жаңа идеялар ұсынылып отырды. Педагогтерді әдістемелік тұрғыдан сүйемелдеу мақсатында кәсіпорыннан тағылымдамадан өту, штаттан тыс тернер болуға, авторлық бағдарламаларын шығаруға, Ұлттық чемпионатта сарапшы болуға, мақалаларын шетелдік баспасөз беттерінде жариялауға, республикалық, халықаралық конференцияларға материалдарын шығаруға, кәсіби конкурстардан орын алуға, қашықтықтан оқыту жүйесін жетілдіруге, шәкірттерінің түрлі жарыстардан орын алуына ықпал етуге мүмкіндік жасалды. Өнімді жұмыстардың нәтижесі жаппай педагогтердің кәсіпорындардан тағылымдамадан өту көрсеткішін арттырды. Даму көкжиегін алысқа бағыттаған оқу орындарындағы педагогтер (*Кабдулина Айнур, Иманжан Мұқаш*) «Қызмет көрсету» мамандықтары бойынша алғаш рет шетелдік кәсіпорыннан тағылымдамадан өтті. Халықаралық гранттарды ұтқан колледж педагогтері шетелдік кәсіпорындардан біліктіліктерін арттырды, білім беру бағдарламаларын әзірледі. Үздіксіз ізденіс үнемі өзін-өзі жетілдіруі, өзін-өзі сынауы, эрудициясы және жоғары жұмыс мәдениеті. Қанатты ой оралымын жадына жалау еткен педагогіміз Тұрсынбек Серік кәсіпорын мамандарымен бірлесіп, өз кәсібін ашу бағыты бойынша зерттеу жұмыстарын жүргізді. «Ветеринар» мамандарының қызығушылығын арттырған бұл жұмыс ауданның мал шаруашылығына көп септігін тигізді. Білім алушылар мал ұрықтандыру жұмысына белсене араласты. Асыл тұқымды мал өсірудің тәжірибедегі ерекшеліктерін қорытындылады.

2016 жылы техникалық және кәсіптік білім саласына енгізілген жаңартылған білім беру мазмұны үлкен өзгерістер легін әкелді. Осы орайда, республика бойынша оқытылған 200 педагогтің ішінен Алматы облысынан 19 педагог штаттан тыс тренер атанды. Біліктілікті арттыру курстарын жаңартылған білім беру бағдарламасы аясында жүргізген шығармашыл

педагогтерімізбен өзгерістің теориялық, практикалық мүмкіндіктерін талқылап, республикалық шараларда тәжірибе алмасып, облыс педагогтеріне 8 жыл бойы бірлесе жүріп білім бердік. Халықаралық стандарттарға сәйкес кәсіптің білімнің мазмұнын өзектендіру бағытында оқу орындарын тәуелсіз бағалау өлшемшарттары жүргізілген сәтте, Г. Токенова, Г. Утепбергенова, А. Нурбекова, А. Абженбаева секілді педагогтер Аккредиттеу және рейтингтің тәуелсіз агенттігіне комиссия мүшелігіне тартылды. Өз кезінде бұл жұмыстар да оң нәтижесін берді. Кәсіптік білімнің ашықтығын қамтамасыз ету. Алғаш 2015 жылы ұйымдастырылған «WorldSkills» Ұлттық чемпионаты оқу құзыреттілігін айқындап, нәтижеге бағытталған оқу үрдісін жүргізу қажеттілігін ұсынды. Педагогтер «WorldSkills» ережесіне сәйкес тестен өтіп, Ұлттық чемпионатта 20 инженер-педагог арнайы сарапшы болды. Жаңартылған білім беру мазмұны аясында ана тіліндегі оқулықтардың тапшылығы болды. Кәсіпорынға енген заманауи құрылғылар жаңа оқулықтар әзірлеу қажеттілігін туындатты. Осы тұста, Г.Токенова, Ә.Тойшыбекова секілді педагогтер кәсіпорын мамандарымен бірлесе отырып, арнайы оқулықтардың авторы атанса, М. Иманжан, А. Кабдулина, А.Падалкина т.б ұстаздар әдістемелік кешендерін модульдер бойынша әзірлеп, «Talar» КЕАҚ сайтына енгізді. Педагогикалық бағыттағы мамандар «Қолданбалы бакалавриат» бағдарламасы негізінде жоғарғы оқу орындарының мамандарымен бірлескен білім беру бағдарламасын әзірледі.

Қашықтықтан оқыту түрлі платформаларды меңгеруге, оның мүмкіндіктерін мейлінше пайдалана білуге жетеледі. Әдіскер ретінде 2019 жылы 74 іс-шара өткізіп, педагогтердің ІТ құзыреттілігін дамытудың жолдарын үздік педагогтер арқылы қалыптастырдым. Өзге әріптестердің тәжірибесін ұсыну, ізденісті ізгілендіру, өз тәжірибесін көрсету бағыты түрлі тақырыптағы вебинарлар арқылы іске асырылды. Шабытқа кенелген педагогтеріміз республиканың ғана емес әлемнің түпкір-түпкірінен мамандармен тәжірибе алмасу шараларын ұйымдастырды. Жоғарғы оқу орындарының ғалымдарымен мерейтойларға арналған конференцияларды, кітапхана мамандарымен жаңа кітаптардың тұсаукесерін, мұражайларға онлайн саяхат жүргізу, олимпиада, кәсіби байқаулар секілді түрлі шараларды өткізілді. Жас мамандардың ІТ саласындағы қабілет-қарымы ерекше ынталандырды. Сабақты ұйымдастыруда берілген 40 минутты тиімді пайдаланудың, оңтайлы тәсілдерін ұсынылды. Әзірленген әдістемелерге қолжетімді болу үшін әлеуметтік желіде жеке парақша ашылды.



Облыстық Әдістемелік Орталығы

<https://www.facebook.com/profile.php?id=100034054873372>

Өзіндік сайттарын жүргізіп отырған педагогтер тәжірибе алмасу шараларын, үздіксіз білім алу жұмыстарын, шағын бизнесін, кәсіби бағдар

беру жұмыстарын, үш айлық ақылы курстарды, қайырымдылық шараларын дәл осы платформалар арқылы үйлестіріп отыр.

Кедергілер:

1. Педагогтердің дайындық сапасы ереже критерийлеріне сәйкес болмады;
2. Ашық сабақта тиімді әдіс-тәсілдерді не себепті қолданғанын және қандай нәтиже барын талдай алмады;
3. Біліктілікті арттыру курстарынан алған білімді тәжірибеде қолданып, зерттеу жүргізе алмады;
4. Әдістемелік өнімдері болмады;
5. Студенттердің жетістіктері аз болды;
6. Педагогтің қоғамдық ортамен жұмыстары аз болды;
7. Жұмысшы мамандықтарын насихаттауы жеткіліксіз болды.

Шешу жолдары:

1. Облыстық әдістемелік орталық тарапынан «Жалын» үздік педагогтер ассоциациясы құрылды;
2. Үздік педагогтердің тәжірибесі ашық сабақ, мастер-класс, семинар, вебинар, конференция, дөңгелек үстел т.б. шұаралар арқылы ұсынылды;
3. Әдістемелік өнімдерді әзірлеу, оқулық авторы болу үшін ЖОО мамандарымен, кәсіпорын мамандарымен, «Talar» КЕАҚ - н байланысты іс-шаралар арқылы үйлестірілді;
4. WorldSkills чемпионатына студенттерді қатыстырып, әр педагогтің сарапшы болуына ықпал еттік;
5. Кәсіпорыннан тағылымдамадан өтуге ұсыныс берілді. Тәжірибесінде бар оқу орындары вебинарға шақырылды;
6. Түрлі платформаларда жұмыс жасауды, IT күзиретті арттыруға бағыт берілді.

Нәтиже:

1. Әр жыл сайын Республикалық «Үздік педагог» конкурстарынан жүлдеді орын алдық.
2. Әр іс – шарадан кейін тәжірибе таратуға ниеттенген педагогтер қатары артты. Мысалы: ашық сабақтарды республика көлемінде тараттық.
3. Қашықтықтан оқу кезінде республиканың барлық оқу орындарымен, шетелдік мекемелермен байланыс орнатылды (Туркия, Беларусь, Қырғызстан, Ресей).
4. Әдістемелік орталықтың Telegram парақшасында, YouTube каналында, Facebook сайтында ашық сабақтар ұйымдастырылған түрлі шаралар насихатталынып отырды.
5. М.Иманжан, А.Кабдулина, А.Падалкина модульдер бойынша әдістемелік кешендерін «Talar» КЕАҚ арқылы жарыққа шығарды.
6. WorldSkills чемпионатына қатысушылардың саны артты: 2025 жылы – 4 сарапшы болса, 2016-2020 жылдары республикалық чемпионатта сарапшылар саны 20-ға жетті.

а) Алматы облысының қызмет көрсету және тамақтандыру саласындағы инновациялық технологиялар колледжінің студенттері республикалық чемпионатта бас жүлдені жеңіп алды. Сондай – ақ Ресей, Өзбекстан мемлекеттерінің чемпионаттарына қатысып, жүлделі орын иеленді.

7. Отандық кәсіпорындардан 100 пайыз көрсеткішпен тағылымдамадан өтті.

8. Шетелдік кәсіпорындардан жыл сайын 10-15 педагог тағылымдамадан өтіп отырады.

9. Педагогтер «Атамекен», «Талар» КЕАҚ, республикалық әдістемелік бірлестіктермен, жұмыс берушілермен тығыз жұмыс жасап, біліктілікті арттыру курстарын жүргізді. Қазіргі таңда 19 штаттан тыс тренер жұмыс жүргізуде.

Ұсынылған жобаға қызығулық танытсаңыз, толық ақпарат алу үшін жоба авторларымен байланысқа шыға аласыз!

Жоба авторы: Алматы облысы білім басқармасының «Облыстық білім беруді дамыту оқу-әдістемелік орталығы» КММ

Электронды почта: almoblmetod@mail.ru

Атырау облысы

Жоба атауы: «DAT» мектеп басшыларының дебат клубы

Тәжірибенің мақсаттары:

- Мектеп басшыларының көшбасшылық және зияткерлік әлеуетін нығайту арқылы, осы салаға оң өзгерістер әкелу;
- Іс-әрекет нәтижесін жобалай білу тәсілдерін меңгеріп, мотивациясын арттыруға, адамгершілік рухани құзіреттілік деңгейі жоғары болуға баулу;
- Мектеп басшыларының көшбасшылық, зияткерлік әлеуетіне, шығармашылық белсенділігіне сәйкес кәсіби өсуіне, мансаптық ілгерілеуіне ықпал ету.

Тәжірибені іске асыру мерзімі: 2021-2024 жылдар аралығы

«DAT» мектеп басшыларының дебат клубы сыни ойлауын, шығармашылығын, шешендік шеберлігін дамыту, өз тәжірибесін және рухани қызығушылықтарын қанағаттандыру мақсатында клуб мүшелерінің қызығушылықтарының бірыңғайлығы негізінде еркін түрде құрылған қоғамдық ұйым болып табылады.

Қызығушылықтар бойынша Клубтың барлық жұмысы оның мүшелері мен Клубты басқару органдарымен жүзеге асырылады.

Клубтың атауы, рәміздері, эмблемасы Клубтың ортақ отырысында келісілген және Атырау облысы білім беру басқармасы әдістемелік орталығының директорымен бекітілген.



Міндеттері:

- Жас мектеп басшыларына өзін – өзі тәрбиелеуге, бейімділіктерін дамытуға, өз әрекетінің мәнін ашып, ойлау қабілеттерін дамытуға мүмкіндік туғызу;
- Мектеп басшыларын шығармашылық даму процесінде қолдау, жетілдіру және ынталандыру;
- қызметтің сапасын арттыру бойынша жұмыстар жүргізу арқылы жауапты тұлға қалыптасуына ықпал ету;
- жеке бас сауаттылығын, мәдениеттілігін жетілдіру;
- мектеп басшылары арасында ынтымақтастық атмосфераны орнату, өзіне және өзгеге деген сенімділікті қалыптастыру;
- желілік қоғамдастықтар құру арқылы мектеп басшыларының көшбасшылық қабілеттерін дамыту;

- заманауи, білімді, ұлтжанды, шығармашылық ізденістегі кәсіби мамандарды анықтау, қоғамға таныту;

- Білім беру ұйымының басшысы инновациялық басқару жағдайында кәсіби қалыптастырудың жоғары дәрежесіне жеткен, өз кәсіби қызмет міндеттерін қою және оларды өз көзқарастары мен ұстанымына сәйкес шешу қабілетін жетілдіру.

- Білімді дамыту стратегияларын, мазмұнын, формаларын, әдістерін, технологияларын, білім беру қызметтері нарығындағы инновацияларды, басқару негіздерін, ынталандыру әдістерін, әртүрлі басқару стильдерін, қызметтің экономикалық және нормативтік құқықтық негіздерін білу, жанжалда жанжалдарды талдай, шеше білу дағдыларын дамыту.

- облыстық, республикалық, халықаралық деңгейдегі әр түрлі шараларға (семинар, конференция, форум, т.б.) қатыстыру.

Жобаға қатысушылар:

➤ Барлық білім беру ұйымдарының басшылары клубқа мүше бола алады;

➤ Жобаны толыққанды іске асу үшін жауапты комиссия тағайындалуы шарт: облыстық әдістемелік орталық орынбасарлары, бөлім басшылары, қалалық/аудандық әдістемелік кабинет меңгерушілері.



Жобаның маңыздылығы, бағдарламасы, бағыттары

Тәжірибелік маңыздылығы:

- Мектеп басшыларының көшбасшылық және зияткерлік әлеуетін нығайту арқылы, осы салаға оң өзгерістер әкелу;

- Іс-әрекет нәтижесін жобалай білу тәсілдерін меңгеріп, мотивациясын арттыруға, адамгершілік рухани күзіреттілік деңгейі жоғары болуға баулу;

- Мектеп басшыларының көшбасшылық, зияткерлік әлеуетіне, шығармашылық белсенділігіне сәйкес кәсіби өсуіне, мансаптық ілгерілеуіне ықпал ету.



Директор-дебатерлер https://m.facebook.com/story.php?story_fbid=pfbid0pWm3eBDSaHUpdNAuL8eNuV7bQ7Na14zI4AA5kuc9ymffuywxbcixcAq7ImZYQVGAI&id=100034352864640

Жобаның бағдарламасы:

I кезең-дайындық кезеңі

1. Клубтың шығармашылық тобын құру;
2. Клубтың мақсаты мен міндеттерін анықтау;
3. Клубтың іс-шаралар жоспарын жасау, ережесін бекіту.

II кезең – практикалық кезең

- Оқыту семинарларын өткізу;
- Дебат турнирлерін өткізу.

III кезең – жалпылама кезең

1. Өткізілген іс-шаралар бойынша нәтижелерді талдау және тәжірибені жинақтау;

2. Озық көшбасшыны анықтау.

IV кезең – ақпараттық-ағартушылық кезең

Өткізілген дебат турнирлерін басылым беттеріне ұсыну, әлеуметтік желілерде жариялау.

Жобаның бағыты: Пікірсайыс

Өткізу формасы: Дебат турнирлері



«Director's CUP» I республикалық дебат турнирі. Финал

[https://m.facebook.com/story.php?story_fbid=](https://m.facebook.com/story.php?story_fbid=1074833533315087&id=100034352864640)

1074833533315087&id=100034352864640

Күтілетін нәтижелер: Мектеп басшыларының көшбасшылық және басқару әрекеттері, халық алдында өз ойын, пікірін жеткізу шеберлігі, сөйлеу мәдениеті дамиды.

Жобаны іске асырудағы іс-шаралар жоспары

р/с	Іс-шаралар мазмұны	мерзімі	жауапты
I. Дайындық кезеңі			
1	клубтың шығармашылық тобын құру, отырысын өткізу, жылдық жоспарын жасау.	Әр жылдың қазан айы	ОӘО ПИЖМБ Клуб мүшелері
II. Негізгі кезең. Іске асыру.			
1	БП «Білім саласындағы реформалар оң нәтижесін береді/ бермейді» пікірсайыс алаңы (Карл Поппер форматы КПФ)	Қыркүйек, 2021	ОӘО ПИЖМБ Клуб мүшелері
2	БП «Мектепті басқару: мектеп басшысына трансформация жасаудың жаңа жолын ұсынады» дебат (Карл Поппер форматы КПФ)	Желтоқсан, 2021	ОӘО ПИЖМБ Клуб мүшелері
3	Пікірсайыс (дебат) семинар-тренинг	Қаңтар, 2021	ОӘО ПИЖМБ Клуб мүшелері
12	«Шығармашылық идеялардың, инновациялардың генераторы болу үшін не істеу керек?» пікірсайыс алаңы	Наурыз, 2021	ОӘО ПИЖМБ Клуб мүшелері

БП «Шығармашылық идеялардың, инновациялардың генераторы болудың тиімді жолын ұсынады» (Американдық парламенттік форматы АПФ)		
«Жаңа инновация: мектептің даму жетістігі мен кедергілері» пікірсайыс алаңы Бұл палата «Жаңа инновацияның енуі мектептің даму жетістігіне оң әсерін тигізеді деп есептейді» (Американдық парламенттік форматы АПФ)	Наурыз, 2022	ОӘО ПИЖМБ Клуб мүшелері
БП «Өмір бойы білім алуды қажеттілік деп санайды» (Британдық парламенттік форматы БПФ)	Қараша, 2022	ОӘО ПИЖМБ Клуб мүшелері
«БП мұғалімнің кәсіби дамуы әр мұғалімнің өз жауапкершілігі деп есептейді/есептемейді», «БП мектеп қоғамды өзгерте алады деп есептейді/есептемейді»	Наурыз, 2023	ОӘО ПИЖМБ Клуб мүшелері
«БП «Педагог мәртебесі» туралы заң шын мәнінде педагогтің мәртебесін арттырады деп есептейді/есептемейді»	Тамыз, 2023	ОӘО ПИЖМБ Клуб мүшелері
«БП жемқорлық – қоғам дерті деп есептейді/есептемейді», «БП жемқорлықсыз қоғам орнату мүмкін деп есептейді/есептемейді», «БП сыбайластық қоғамды регреске апарды деп есептейді/есептемейді», «БП білімде академиялық адалдық маңызды деп есептейді/есептемейді»	Қазан, 2023	ОӘО ПИЖМБ Клуб мүшелері Сыбайлас жемқорлыққа қарсыс-қимыл агенттігінің Атырау облысы бойынша департаменті
«БП отбасы құндылығы төмендеп барады деп есептейді/есептемейді», «БП мемлекет ретінде әлеуметтік желінің дамуын реттеу керек деп есептейді/есептемейді», «білім беру саласындағы әртүрлі жаңашылдықты қолдайды», «БП ата-ана тәрбиесінің маңызды бағыттарын көрсетеді»	Қараша, 2023	ОӘО ПИЖМБ Клуб мүшелері Атырау облысы Әкімі аппараты
III. Жалпылау кезеңі. Қорытындылау. Нәтижелерді талдау		
I республикалық «Director`s CUP» дебат турнирі	Желтоқсан, 2021	ОӘО ПИЖМБ

			Клуб мүшелері
	Дәстүрлі ІІ республикалық «Director`s CUP» дебат турнирі	Желтоқсан, 2022	ОӘО ПИЖМБ Клуб мүшелері
	Дәстүрлі ІІІ республикалық «Director`s CUP» дебат турнирі	Желтоқсан, 2023	ОӘО ПИЖМБ Клуб мүшелері

Қысқартылған атаулар:

ОӘО-Облыстық әдістемелік орталық

ПИЖМБ-Педагогикалық инновация және менеджмент бөлімі

Дебат немесе пікірсайыс саясаттағы мәселелерді шешуге үлесін қосқан. Түп тамырына үңілсек, АҚШ тарихындағы «Ұлы дебат» 1858 жылы өткен екен. Пікірсайыста Республика партиясының мүшесі Авраам Линкольн мен Демократиялық партия басшысы Стивен Дуглас сөз таластырады. Екеуара талқыланған мәселе – кара нәсілділердің теңдігі, АҚШ-тағы құлдық жүйе. Нәтижесінде кара нәсілділердің құқығын қорғаған Линкольн жеңіп, Сенат басшысы болады. «Адамзатты ашық қоға құтқарады» қағидасы содан бері өзекті.

Көшбасшылыққа жетелейтін ізгі қасиеттердің бірі – шешендік, ділмарлық екенін ешкім жоққа шығара қоймас. Қиыннан қиыстырып, орайын келтіру, ұтымды уәжбен тындарманға салмақты ой тастау, бейнелі, бедерлі сөздерді келістіре айту - екiнiң бiрiнiң бойынан табыла бермейтiнi де шындық. Осы айтылған сананттан табылып жүрген өз саласының көшбасшылары, қоғамның түрлі мәселелерінде айтары бар, жеке ой-пікірлерімен, азаматтық ұстанымдарымен дараланып жүрген мектеп басшылары кезең-кезеңімен өткізіліп жатырған дебат турнирлерінде бақ сынауда.



«DAT» мектеп басшыларының дебат клубы жұмысына сәйкес 44 мектеп басшысы дебат курсынан өтіп, сертификатталды.

2021 жылдан дәстүрлі республикалық «Director`s CUP» дебат турнирі өткізіліп тұрады. 2021 жылы 4 облыс (Батыс Қазақстан, Қызылорда, Ақмола, Атырау), 2022 жылы 10 облыс (Батыс Қазақстан, Маңғыстау, Қызылорда, Шымкент, Ақмола, Жамбыл, Солтүстік Қазақстан, Түркістан, Шығыс Қазақстан, Атырау) қатысты.

Сөзге еркіндік берілген республикалық пікірсайыс турнирінде турнир жеңімпаздары Ақмола облысының «Шын» фракциясы болса (2021ж), ал 2022 жылы турнир жеңімпазы болып Атырау облысының «Хазар» фракциясы танылды. Турнир төрешілеріне Атырау, Шымкент, Қызылорда, Ақмола облысының дебат тренерлері тартылды.



Мектеп басшыларының арасында облыстық дебат турнирі

https://m.facebook.com/story.php?story_fbid=pfbid0CMZxe6UcmeEpaAwLy58AUvxnfBEKD6R6pW2Nnz5Rxzn8m8Bm4YwJiYzJuMkKnVnEl&id=100034352864640&mibextid=cr9u03

Бүгінгі таңда мектеп басшысына қойылатын талаптар зор. Директор өзіндік жеке көзқарасы бар, соны қорғай білетін жігерлі тұлға, зерттеушілік, ойшылдық қасиеті бар маман, білімді де білікті көп оқитын, көп білетін, білімін күнделікті ісіне шебер қолдана алатын, ұйымдастырушылық, құрылымдылық, бейіміділік, сараптамалық қабілетті, мектепті білім алушы ұйымға жетелей алатын көшбасшы болуы керек. Қазіргі мектеп басшысында болуы тиіс құндылықтар мен дағдыларды санамалап айтқанымызбен, өкінішке орай білім беру ұйымдарында кадр тұрақсыздығы толастамай тұрғаны ойландырады.

Мектеп басшысы - қоғам айнасы, білім ұясының келбеті. Сондықтан, ұстаздарымызды ТҰЛҒА ретінде, тәуелсіз елдің элитасы ретінде қалыптастыру ісінде ынтымақтастығы бекем ұжым басқарып отырған білім беру ұйымдары басшыларының көшбасшылық қызметтері орасан. Осы орайда мектеп басшыларының көшбасшылық және зияткерлік әлеуетін дамыту, қоғамға таныту мақсатымен білім беру ұйымдары басшыларынан «ДАТ» дебат клубын құрып, дебат турнилеріне қатыстыру, өзекті қоғамдық саяси тақырыптарды талқылауға тарту, олардың азаматтық көзқарастарын дамыту және конструктивті диалог пен пікірталасты жүргізу мәдениетін қалыптастыру да - клуб мақсатының басты межелерінің бірі.

Еліміздің жаһандану кезеңіндегі мемлекетіміздің дамуы негізінде мектеп басшысының көшбасшылық қабілетін, зияткерлік әлеуетін дамытуға, қоғамға танытуға бағытталған жұмысымызда дебат турнирлері клуб мүшелерінің басқарушылық идеялары мен шығармашылық белсенділігін, өз көзқарастары мен ұстанымын жеткізе білу қабілеттерінің дамуына жәрдемдесетініне үміттенеміз.

Ұсынылған жобаға қызығулық танытсаңыз, толық ақпарат алу үшін жоба авторларымен байланысқа шыға аласыз!

Жоба авторы: «Атырау облысы Білім беру басқармасының Әдістемелік орталығы» КМҚК

Телефон: 8 (7122) 45-60-71

Электронды почта: atr_obl_adisteme@mail.ru

Батыс Қазақстан облысы

Жоба атауы: «Batys Intellect» жобасы

Тәжірибенің мақсаты: Мұғалімдердің кәсіби біліктілігін жетілдіре отырып, білім сапасын жоғары нәтижелерге қол жеткізу.

Тәжірибені іске асыру мерзімі: 2022-2024 жылдар аралығы

Тәжірибенің жаңашылдығы, ерекшелігі туралы ақпарат:

Батыс Қазақстан облысы білім басқармасының «Білім беруді дамыту орталығы» КММ «Batys Intellect» жобасы аясында 4 тірек мектебі жұмыс жасайды. Жоба бағдарламасы бойынша

- курстарды өткізу барысында педагогтердің біліктілігін арттыру,
- тәжірибелі ұстаздармен бірлесе отырып, озық тәжірибелерді ұсыну,
- оқушыларға білім беруде, математикалық байқауларға, олимпиадаға дайындауда бағыт-бағдарлар беріледі.

Жобаға М. Өтемісұлы атындағы БҚУ аға оқытушылары, НЗМ, ПШО, Астана қаласы «ZERDEL» ақыл-ой дамыту орталығының ұстаздары, Республикалық физика-математикалық мектебі, Алматы қаласы «Әл Фараби» орталығының ұстаздары мен Астана қаласы «Білім» орталығының Республикалық «Дарын» орталығының педагогтері жұмылдырылды.

Нәтижесінде: математиканы оқытуда білім сапасының артуына, шығармашылық байқаулар мен олимпиадаларда жетістікке жетуіне септігін тигізді.

«Математикалық құзыреттілік» мектебі:

- ЖОО, «ZERDE», «Достық» орталықтарының, жетекші мектептердің педагогтері жұмыстанады;
- кіріс тесті жүргізіледі;
- халықаралық зерттеулерде кездесетін математикалық сауаттылыққа қатысты есептер шығарылып, талданады;
- ҰБТ-да кездесетін математикалық сауаттылық есептерін талдайды;
- шығыс тест жүргізіледі.

«Олимп жолы» мектебі:

- ЖОО, «ZERDE», БҚУ, РФМШ, Дарын орталықтарының, жетекші мектептердің педагогтері жұмыстанады;
- кіріс тесті жүргізіледі;
- 5 – 11 сынып оқушылары үшін өткізілетін математикалық сайыстардың есептерін талдау;
- Аймақтық, облыстық, республикалық көлемдегі олимпиадалық есептерді талдау;
- математика пәні мұғалімдері үшін өткізілетін математикалық байқаулардың есептерін талдау;

- шығыс тест жүргізіледі.

«Сабақ – оқытудың басты формасы» мектебінде:

- ЖОО, НЗМ, «ZERDE», «Достық» орталықтарының, жетекші мектептердің педагогтері жұмыстанады;

- проблемаларды анықтайды;

- педагогтерге сабақ жоспарын құрастыруға әдістемелік көмек ретінде шеберлік сыныптарын өткізеді;

- әдіс-тәсілдерге байланысты коучинг өткізеді;

- саралау тапсырмаларын құрастыруды үйренеді;

- қалыптастырушы бағалауды құрастыру.

«Әдістемелік шеберлік» мектебінде:

- ЖОО, «ZERDE», «Достық» орталықтарының, жетекші мектептердің педагогтері жұмыстанады;

- кіріс тесті жүргізіледі;

- сабақтың мақсаттары және сабақтың мақсатын жүзеге асырудың әдістері мен әдістемелік тәсілдері;

- әр мұғалімді қандай да бір зерттеу жұмысына (жоба) қатыстыру, өз білімін көтеруге жоспар жасату, жүзеге асыру.

Тірек мектептердің ортақ мақсаты:

- тәжірибелі ұстаздармен бірлесе отырып, білімдегі жаңашылдықты одан әрі ізгілендіру;

- педагогтердің әдістемелік құзыреттілігін дамыту;

- оларға білім берудің заманауи әдіс-тәсілдерін тереңірек меңгерту;

- жаңа технологияларды қолдана отырып, сабақтың сапасын арттыру.

Тәжірибенің нәтижелілігі (Жобаны іске асыру барысында немесе нәтижесінде қандай жетістіктерге қол жеткізілді):

Жоба нәтижесінде 2022 жылы Республикалық математика пәні мұғалімдерінің VIII Халықаралық шығармашылық олимпиадасында 4 мұғалім:

- I орын - Дюсенғалиев Арман Ақболатұлы М.Жүнісов ЖОББМ-нің математика пәні мұғалімі;

- II орын- Боранбаева Гүлжиян Дарынды балаларға арналған облыстық ақпараттық технологиялық мектеп-лицей-интернатының мұғалімі;

- II орын- Тлеуова Рано Ы.Алтынсарин ЖОББМ мұғалімі;

-III орын - Айсағалиев Алимбек Тасқала ауданы, «Сәулет» мектеп-гимназиясының мұғалімі).

2023 жылы Республикалық математика пәні мұғалімдерінің IX Халықаралық шығармашылық олимпиадасында 4 мұғалім:

- III орын - Акшиев Шыңғыс Бекжанұлы, Облыстық дарынды балаларға арналған мамандандырылған ақпараттық технологиялар мектеп-лицей-интернатының математика пәні мұғалімі;

- III орын - Бекетов Медет Амангелдиевич, Бәйтерек ауданы, Қ.Мырза Әлі атындағы жалпы орта білім беретін мектебінің математика пәні мұғалімі;

- III орын - Аязбаева Кенжеқыз Васильевна, Ақсай қаласының №6 МЛ математика пәнінің мұғалімі;

- IV орын - Хамзиева Назгуль Нурдаuletовна, Орал қаласы №42 «Ақ ниет» гимназиясының математика пәні мұғалімі), «Республикалық Математикалық регата» олимпиадасынан Батыс Қазақстан облысының «ZKO STAR» командасы (4 педагог) «Алғыс хат».



«МАТЕМАТИКАЛЫҚ РЕГАТА» ОЛИМПИАДАСЫНЫҢ КҮНДЕЛІГІ
<https://www.facebook.com/RSPCDaryn/videos/5736240446487159>

- Республикалық пән олимпиадасынан 1 оқушы III орын (Исатайұлы Тарлан- №35 МЛ) иеленді.

Жобаның тиімділігі нәтижесінде математика пәнінен оқушылардың білім сапасы: 2020-2021 о.ж-65%, 2021-2022 о.ж-68%, 2022-2023 о.ж-69,5% көрсеткішке артып отыр.

Қосымша мәліметтер:

Жоба аясында 4 тірек мектебі жұмыс жасайды («Математикалық құзыреттілік», «Олимп жолы», «Сабақ-оқытудың басты формасы», «Әдістемелік шеберлік»)

Өткізілген іс-шараларға тоқталсақ:

I. «Математикалық құзыреттілік» мектебі бойынша:

«Достық» орталығының жүргізуімен педагогтердің кәсіби біліктілігін жетілдіре отырып, нәтижеге бағытталған жұмыс арқылы ұстаздардың шеберлігін, шығармашылығын шыңдау мақсатында математика пәні мұғалімдеріне

- «Математика сабағында есептерді шығарудың тиімді жолдары»;

- «Оқушыларды математикалық сауаттылыққа дайындаудың тиімді жолдары», ҰБТ-де дайындық жұмыстарын жетілдіру мақсатында «Математика пәнінен ҰБТ-ге дайындық есептерін шығару» тақырыптарында оқыту курстары өткізілді. Әр курсқа 40-тан аса мұғалім қатысып, барлығы 120 педагог қамтылды.



«Математика пәнінен ҰБТ-ға дайындық есептерін шығару» тақырыбында бірлесіп оқыту курсының өту барысы жайлы қосымша ақпарат
https://www.facebook.com/permalink.php?story_fbid=pfbid02BLWiMBzATaBa5TuV4TcXtqQ7HMNHKEideRySmV2Z8GnXfmqRZ75radNQg9mx6Tyaf1&id=100058162950831



1 сурет. Білім беруді дамыту орталығы мен «Достық» білім беру орталығымен бірлесіп өткізген оқыту курсынан үзінді

II. «Олимп жолы» мектебі бойынша:

«ZERDELI» ақыл-ой дамыту орталығының директоры Рысбек Мәуіт бастаған бірнеше ұстаздар «Оқушыларды олимпиадаға дайындаудың тиімді жолдары» тақырыбында оқыту семинар-практикумын, М.Өтемісов атындағы БҚУ-нің аға оқытушыларымен «Олимпиада есептерінің шығару жолдары» шеберлік сыныптары өтсе, инновациялық мектептердің тәжірибелі ұстаздарымен олимпиада есептері талданып тәжірибе бөлісті.

2022 жылдың 21 маусым күні Орал қаласында Білім басқармасының Білім беруді дамыту орталығы «ZERDELI» ақыл-ой дамыту орталығымен бірлескен математика пәні мұғалімдеріне «Математикалық олимпиада есептерін шешу тәсілдері» тақырыбында оқыту курсының бірінші күні басталды. Алғашқы күні «Жорамалдау тәсілі», «Логикалық есептер», «Математикалық индукция» тақырыптары қарастырылды. Үш күнге созылған курсқа 150 мұғалім қатысты.



«Математикалық олимпиада есептерін шешу тәсілдері» тақырыбында оқыту курсы

<https://www.facebook.com/100058162950831/videos/437614264574756/>

Тәжірибелі ұстаздардан құралған шығармашылық топтың қатысуымен

- «Олимпиада есептерінің шығару жолдары»;
- «Оқушыларды олимпиадаға дайындаудың тиімді жолдары» тақырыптарында семинар-практикум, «Дарын» қосымша білім орталығымен ZOOM платформасы арқылы «Білім беру бағдарламасының мазмұнын

жаңарту аясында дарындылықты дамыту мәселесі» тақырыбында кеңес оздырылды. Кеңесте республикалық «UZDIK PEDAGOG-2019» байқауының



жеңімпазы, Астана қаласындағы ер балаларға арналған «Білім-Инновация» лицейінің математика пәнінің мұғалімі Муаммер Гүл дарынды балаларды олимпиадаға әзірлеудің әдістемесі бойынша өз тәжірибесімен бөліссе, 2022 жылы маусым айында Астана қаласы «Зерделі» ақыл-ой мектебінің директоры, математика магистрі, республикалық, халықаралық математикалық олимпиадалар жеңімпаздары мен жүлдегерлерінің жетекшісі Рысбек Мәуіт пен математика пәні бойынша оқушыларды олимпиадаға дайындау тренері, халықаралық, республикалық олимпиадалар жүлдегері, Батыс Қытай математика олимпиадасының, үш жыл қатарынан Жәутіков олимпиадасының «Алтын медаль»

иегері Нарбаев Баһдаурен оқушыларды олимпиадаға әзірлейтін математика пәні мұғалімдерімен олимпиада есептерін шығару жолдары тақырыбында кездесу өткізді. Кездесуге 100 мұғалім қатысты.

2023 жылғы 05-07 қаңтарда Алматы қаласында Қазақстан математика пәні мұғалімдері қауымдастығы өткізген математика пәні мұғалімдеріне арналған семинар – тренинг олимпиадасына қатысқан математика пәні мұғалімі Ж.З.Гиззатов математика пәні мұғалімдеріне «Олимпиада есептерін шығаруға дағдыландырудағы кейбір әдіс – тәсілдері» тақырыбында семинар- тренингте олимпиада есептері талданды.



III. «Сабақ-оқытудың басты формасы» мектебі бойынша:

- «Сабақтың мақсаттары. Сабақтың мақсаттарын жүзеге асырудың әдістері мен әдістемелік әдістері»;
- «Комбинаторика элементтеріне берілген есептер»;
- «Математика сабағында оқушылардың өз бетінше жұмыс жасау дағдыларын дамыту жолдарын практикада қолдану»;
- «Геометриялық мағынадағы есептер»;
- «PISA тапсырмаларын математика сабағында қолдану» тақырыптарында семинар–практикум өткізілді.



«Физика-математикалық білім беруді дамыту: қазіргі заманның жаңа талаптары» халықаралық ғылыми-практикалық конференция
https://www.facebook.com/permalink.php?story_fbid=pfbid02viw1Vpx27MU6nZEUUnK5M7DxTuM5iBAktTVfvypk5ezEpuTMYf8d3qDDqu5L3DgVBl&id=100058162950831

IV. «Әдістемелік шеберлік» мектебі бөлімінде:

Батыс Қазақстан облысының Білім беруді дамыту орталығы Орал қаласындағы «Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДББҰ Педагогикалық шеберлік орталығының филиалымен бірлесіп «Математика білім беруді дамыту: қазіргі заманның жаңа талаптары» тақырыбында халықаралық ғылыми - практикалық конференциясын өткізіліп, жинақ шығарылды. Конференция 5 секция бойынша:

1- секция «Қазіргі математикалық білім берудің мәселелері мен болашағы»;

2- секция «Математика пәнін оқыту жағдайында цифрлық білім беру ортасын қалыптастыру және дамыту»;

3- секция «Математика сабақтарында оқыту сапасын арттыруда эксперименттік және инновациялық іс-әрекетті қолдану»;

4- секция «Оқушылардың математикалық сауаттылығын қалыптастыру мен бағалаудың табысты тәжірибелері»;

5- секция «Оқушылардағы математикалық қабілеттер мен таланттарды дамыту: тәжірибе және даму перспективалары» бөлімдері қарастырылды. Шараға 500 педагог қатысты.



Білім беруді дамыту орталығының ұйымдастыруымен облыстық білім беру ұйымдарының жас мамандарына арналған «ЖАС МАМАНДАР СЛЕТІ» педагогикалық фристайл

https://www.facebook.com/permalink.php?story_fbid=pfbid02haY5aEnT15yAvZMHGr9mo3nj38bJAKNwBysD8PUBxa1S6ZWJNYRoxfGJJY5DUbdBl&id=100058162950831



Жас мамандарды қолдау және кәсіби педагогикалық өсуі мен шығармашылығын ынталандыру, біліктілігін көтеру, әдістемелік қолдау көрсету мақсатында ұйымдастырылған облыстық «ЖАС МАМАНДАР СЛЕТІ» педагогикалық фристайлінде Педагогикалық шеберлік орталығының тренері математика мұғалімдерінің жас мамандарына «Математика сабағын талдаудың әртүрлі тәсілдері», «Қысқа мерзімді жоспарды құру» оқыту семинарында сабақ жоспарлаудың ең маңызды кезеңдеріне тоқталып, қысқа мерзімді жоспардың үлгісіне талдау жүргізді. Озат тәжірибелі мұғалімдер тарапынан «Мәтінді есептерді теңдеулер құру арқылы шығару» шеберлік сыныбында мәтін есептерді шешудің әртүрлі тәсілдері қарастырылды.

Жоба жұмысы 2024 жылға дейін жалғасады.

Ұсынылған жобаға қызығулық танытсаңыз, толық ақпарат алу үшін жоба авторларымен байланысқа шыға аласыз!

*Жоба авторы: Батыс Қазақстан облысы білім басқармасының
«Білім беруді дамыту орталығы» КММ
Телефон: 8 (7112) 24-08-03
Электронды почта: diso.metodkab@mail.ru*

Жамбыл облысы

Жоба атауы: «Сабақ TIME» жобасы

Тәжірибенің мақсаты: Педагогтердің тың идеяларымен бөлісуіне ықпал ету, кәсіби қарым-қатынас аясын кеңейту

Тәжірибені іске асыру мерзімі: 2022-2025 жылдар аралығы

1. Жобаның өзектілігі

1. Қоғамдық-гуманитарлық және жаратылыстану-математикалық бағыттардағы пәндерден сабақ беретін мұғалімдердің кәсіби дамуына бағытталған «Сабақ TIME» жобасы (бұдан әрі - Жоба) педагогтердің практикалық және пәндік құзыреттіліктерін арттыруды көздейді.

2. Жоба білім берудің мемлекеттік стратегияларына сәйкес жаңаша оқытудың сұранысын өтеуге қызмет атқарады. Оқушылардың сыни ойлауын, креативті ойлауын дамытып, шығармашылық іс-әрекетке жетелейтін инновациялық әдістерге басымдық беріледі. Кәсіби қарым-қатынас пен ынтымақтастық аясын кеңейту, мұғалімдердің біліктілігін көтеру, жаңашыл педагогикалық тәжірибелер мен идеяларды ұсынуға бағытталған жобаны жүзеге асыруда өтілген әрбір сабақ үлгісі креативті, сыни, аналитикалық ойлауға негізделген тапсырмалар жүйесін құрайды. Ашық сабақтар барысында оқытуда қолданылатын тиімді әдіс-тәсілдер, жаңа технологиялар ұсынылады. Жоба нәтижеге бағдарланған білім беруді жүзеге асырады.

2. Жобаның мақсаты, міндеттері және күтілетін нәтижелері

Жобаның мақсаты – Қазақстан Республикасында орта білім берудің жаңартылған мазмұны контексінде мектептердегі пән мұғалімдерінің кәсіби біліктілігін дамыту.

Жобаның міндеттері:

- 1) білім беру мазмұнын жаңарту жағдайындағы нормативтік-құқықтық құжаттар негізінде білім мазмұнының тұжырымдамалық және теориялық негіздерін көрсету және пәндер бойынша ҚМЖ үлгілерін жоспарлау;
- 2) функционалды сауаттылықтың методологиялық негізін көрсету;
- 3) пәндерді оқытуда қолданылатын тиімді әдіс-тәсілдерді тарату.

Күтілетін нәтижелері

- жобаға қатысқан әрбір педагог білім мазмұнын оқыту үдерісіне енгізуде коммуникативті-функционалдық аспектіні басшылыққа алып, өз тәжірибелерінде қолданады;
- оқушылардың оқу сапасына оң ықпал ететін тиімді оқыту тәжірибесін анықтап, өзара тәжірибе алмасады.

Іске асыру мерзімі

- 2022-2023 о.ж. – 2346 педагогты қамту;
- 2023-2024 о.ж. – 2475 педагогты қамту;
- 2024-2025 о.ж. – 2593 педагогты қамту

3. Жобаның құрылымы мен мазмұны

Педагогтердің практикалық және пәндік құзыреттіліктерін арттыруды көздейтін жоба 5 құрылымнан тұрады:

- 1) сабақ түрін талқылау;
- 2) сабақты жоспарлау;
- 3) жоспарлаған сабақты өту;
- 4) сабақ үдерісін ұйымдастырудағы педагогикалық әдіс-тәсілдерді анықтау;
- 5) сабақты талдау, қорытынды сатысы.

1-құрылым. Нормативтік-құқықтық. Қазақстан Республикасының орта білім беру ұйымдарында оқу-тәрбие процесін басқару мен ұйымдастыруда басшылыққа алынатын құжаттарды негізге алып, мемлекеттік саясаттың негізгі бағыттары мен қағидаттарына сай оқытудың жүйесін айқындауға мүмкіндік береді.

2-құрылым. Жаңартылған білім беру жүйесінің концептуалдық негізіне сүйене отырып, сабақ үлгісі жоспарланады. Әрбір сабақтың оқу мақсатына сай нақты құрылымы анықталады.

3-құрылым. Сабақ барысында оқу мақсатына жету жолдары көрсетіліп, оқушылардың ойлау қабілетін дамытуға арналған тапсырмалар жүйесі қарастырылады.

4-құрылым. Сабақ үдерісін ұйымдастырудағы педагогикалық әдіс-тәсілдерді анықтау, ойлау, сыни ойлау, аналитикалық ойлау, шығармашылық ойлау қабілетін арттыратын тапсырмалар мен әдіс-тәсілдер талданады.

5-құрылым. Жаңартылған білім беру жүйесі бойынша сабақты талдау, қорытынды сатысы. Жаңартылған білім беру бағдарламасындағы оқу мақсаттары талданып, сабақты жоспарлауға қажетті жүйе жасаудың жолдары көрсетіледі. Мұғалімдердің сабақты өтудегі шығармашылық шеберханасы бойынша жұмыстар жүргізіледі, өзара тәжірибе алмасып, жан-жақты талданады. Алған теориялық білімдері негізінде сабақты жаңаша жоспарлайды.

4. Ашық сабақ жоспарлаудың критерийлері

- 1) Жобаның өзектілігі: Сабақ жоспарын құрастыру осы бөлімнің өзектілігін көрсетеді.
- 2) Сабақ мақсаттары оқу мақсаттарына жетуге қолдау көрсетуі тиіс;

- 3) Маңызды оқу мақсаттары іріктеліп алынуы қажет;
- 4) Тапсырмалары оқу мақсатына жетуге бағытталуы тиіс;
- 5) Тапсырмаларға қатысты нұсқаулар түсінікті және барлық қажетті қадамдарды қамтуы қажет;
- 6) Тапсырманы тексеруге өткізу уақыты және тексеру нұсқалары көрсетілуі қажет (платформадағы автоматты тексеру, өзін-өзі тексеру, өзін-өзі тексеру, өзара тексеру, мұғалімнің тексеруі);
- 7) Тапсырмалар бойынша дискрипторлар әзірленуі тиіс;
- 8) Оқу қызметін ұйымдастыру нысандары- жеке, жұптық, топтық жұмыс түрлері көрсетілуі тиіс;
- 9) Оқыту барысында қолданылатын АКТ қызметтері мен құралдары анықталуы қажет;
- 10) Оқушылардың оқу материалдарымен және тапсырмалармен жұмыс істеуге жұмсайтын уақыты (санитарлық-гигиеналық талаптарды ескере отырып) белгіленуі тиіс.

5. Оқу процесін ұйымдастыру

Жоба келесі режимде ұйымдастырылады:

Жобаның іс-шаралар жоспары бойынша ашық сабақтар, оффлайн, онлайн режимінде ұйымдастырылады. Жоба аясындағы ашық сабақтар топтамасы оқу жылын толық қамтиды. Ашық сабақтарды жоспарлау қарым-қатынас жасау жиілігі, бағалау механизмі, бағалау үдерісін жоспарлау (қашан, кім, қалай – бұйрық, қатысу кестесі т.б.), жоспарды жүзеге асыру, аралық нәтижені талдау, қажет болғанда жоспарға, критерийлерге өзгеріс енгізу, бағалау нәтижелерін талдау, рефлексия жасау) кезеңдерінен тұрады.

Мектеп мұғалімдері таңдаған тақырыптарына қысқа мерзімді сабақ жоспарын жасайды және ашық сабақ өткізіледі.

Тәжірибенің нәтижелілігі

Тәжірибе алмасу алаңында іске асты:

I. Үздік педагогтер:

- сабақты бақылады;
- ресурс, тапсырма, мұғалімнің кері байланыс сапасын бағалауға қатысты;
- оқушылардың оқу жетістігін талдады;
- бағалау жоспарын жасақтады және жүзеге асырды;
- мұғалімнің кәсіби дамуын жоспарлаушы болды.

II. Мұғалімдер:

- әр білім алушының қабілетін ескеріп, тапсырмалар құрастырды;
- сыншы дос болды;
- бақылаушы болды;

- бақыланушы болды.

III. Оқушылар:

- сауалнамаға қатысты;
- сұхбат берді;
- кері байланыс берді;
- көзқарасын білдірді

Даму тепе-теңдігі қалыптасты - үздік педагог-жас маман, әдіскер-мұғалім, тәлімгер-мұғалім. Нәтижесінде оқу сапасына оң ықпал ететін тиімді оқыту тәжірибесін анықтау, өзара тәжірибе алмасу іске асты.

Ұсынылған жобаға қызығулық танытсаңыз, толық ақпарат алу үшін жоба авторларымен байланысқа шыға аласыз!

Жоба авторы: «Жамбыл облысы әкімдігінің білім басқармасының оқу-әдістемелік орталығы» КММ

Байланыс телефоны: 8 (7262) 45-59-70

Электронды почта: obl_mk@mail.ru

Жетісу облысы

Жоба атауы: «Қазіргі білім беру трендтері жағдайында ғылыми-әдістемелік жұмысты басқару моделі» (Жетісу облысы Әдістемелік орталығының Алакөл ауданы бойынша тәжірибесінен)

Тәжірибені іске асыру мерзімі: 2020 – 2023 жылдар аралығы

Тәжірибенің жаңашылдығы. Қазіргі білім беру трендтерін пайдалану арқылы, интерактивті білім беру кеңістігін құрады, ғылыми- әдістемелік жұмысты басқарудың нақты міндеттері беріледі, әдістемелік менеджментті 3 деңгей арқылы басқарады.

Ерекшелігі, жұмысқа жан-жақты талдау жасай отырып, басымдықтар анықталады, болашаққа бағдар айқындалады. Мектеп педагогтері мен көшбасшыларының зерттеу қызметін ұйымдастырады, кәсіби құзыреттіліктері артады.

Мұғалімдер білім беру трендтерімен танысады және сол бойынша жұмыс жасайды, сабақты зерттеу, іс- әрекеттегі зерттеу, әртүрлі жобаларды жүзеге асырады, осылайша мұғалімдер арасында интерактивті білім беру кеңістігі құрылады.


Біз әдістемелік қолдауды төрт жүйелі кезең арқылы іске асырамыз:

1) Педагогтердің кәсіби қиындықтары мен қажеттіліктерін бағалау (тәжірибені зерттеу және кәсіби құзыреттіліктердің рефлексиясы);

2) Педагогтерді қолдаудың түрлі формалары мен құралдарын пайдалану (желілік қоғамдастық, әдістемелік кабинеттің онлайн ортасы, әдістемелік бірлестіктер);

3) Топтарда және жобаларда педагогтердің ғылыми-әдістемелік қызметіне басшылық ету және үйлестіру (топтарда және жоба командаларында командалық оқыту: менторинг, коучинг, семинарлар, вебинар);

4) Командалық жобаны іске асыру (тәжірибе қызметіне инновациялық идеялар мен жаңалықтарды енгізу, жобалармен жұмыс).



Әдістемелік менеджментті ұтымды пайдалана отырып, ауданда әдістемелік қызметті басқарудың тиімді инновациялық әдіс-тәсілдері мен нысандары арқылы жалпы білім беру

үрдісінің сапасын арттыруды жүзеге асыруға болады. Әдістемелік қызметті басқарудың, яғни әдістемелік менеджменттің 3 деңгейі қарастырылады. Олар:

- 1.Басқару әдістемелік (стратегиялық басқару);
- 2.Оқу-әдістемелік (жедел басқару);
- 3.Ғылыми әдістемелік (тактикалық басқару).

Бірінші, басқару әдістемелік деңгейіндегі басқару субъектілеріне аудандық әдістемелік кеңес, әдістемелік орталық, мектеп директорлары, мектеп директорының орынбасарлары кіреді. Бұл деңгейдің жұмысының мазмұнына келетін болсақ, ондағы басқарылатын жүйе- стратегиялық басқару, яғни жоспарлау, мониторингілеу, стратегиялық жағдайларды модельдеу болып табылады.

Екінші, оқу-әдістемелік деңгейіндегі субъектілер- кәсіби қоғамдастық, жобалық командалар және тәлімгерлер. Оның жұмысының мазмұны- ақпараттық-талдамалық қызмет негізінде әдістемелік жұмысты жедел басқарады, педагогтерге әдістемелік қолдау көрсете отырып, тұрақты бақылайды, бағалайды, мониторингілейді, талдайды, реттейді, түзету арқылы іске асырады.

Үшінші, ғылыми әдістемелік (тактикалық басқару) деңгейінің субъектілері көшбасшы мұғалімдер мен ӘБ жетекшілері, зерттеуші мұғалімдер, пән ассоциациялары. Ғылыми әдістемелік деңгейінде тактикалық мақсат қою, шешім қабылдау және жоспарлау, ынталандыру, ұйымдастыру, орындау, түзетулер енгізу, рефлексия жүргізуді іске асырады. Осы үш деңгейді пастулаттар арқылы жүзеге асырылады. Мектеп әкімшілігімен, пән мұғалімдерімен, жетекші мектептермен іскерлік қарым – қатынас сферасы орнатылады. Зерттеу қызметін ұйымдастыруда сабақты зерттеу, іс- әрекеттегі зерттеу, оқу жобалары, білім сапасын көтеруге бағытталған жобалары, тәрбие жобалары жүзеге асырылды. Аудан мұғалімдерінің құзыреттіліктерін арттыруда пәндер бойынша Ассоциация жұмыстары ұйымдастырылды.

Жүргізілген аналитикалық, диагностикалық, жобалау, консалтингтік, зерттеу, қамту, үйлестіру және сараптама нәтижесінде жүргізілген жұмысты бағалау және талдау үшін үнемі мониторинг және эвалюация жасауға мүмкіндік береді және жаңа жұмыс циклына жол ашады.

Жетекші мектептер өз кезегінде серіктес мектептермен жұмыс жасайды, педагогтердің зерттеу құзыреттіліктерін қалыптастырады, әр зерттеуге қатысушы әдістемесін жетілдіреді. ЖМ-тің серіктес мектептермен тәжірибе алмасудың тиімділігі неде? Ол:

- Кәсіби қоғамдастықтың өзара бірлескен жұмысы ұстаздардың кәсіби мәдениетінің дамуына әсер етеді.
- Серіктес мектептер тарапынан өзекті мәселелер ұсынылады;
- Ұжымның кәсіби өсуге деген ынтасы артады;
- Сапалы білім беруде тиімді әдістер ортақ таңдалынып алынады.

Тәжірибенің нәтижелілігі

Нәтижесінде - ең алдымен мектеп әкімшілігімен, пән мұғалімдерімен, жетекші мектептермен іскерлік қарым – қатынас сферасы орнатылды. Зерттеу қызметін ұйымдастыруда Алакөл ауданында сабақты зерттеу, іс- әрекеттегі зерттеу, оқу жобалары, тәрбие жобалары жүзеге асты. Мәселен, **сабақты зерттеу** бойынша облыстық деңгейде Достық орта мектебі, аудандық деңгейде Көктұма орта мектебі, Үшарал қазақ гимназиясы, М. Төлебаев атындағы орта мектептерінің жақсы жұмыстар атқарылуда, тәжірибелері таратылды.



Алакөл ауданында өткізіліп жатқан іс-шаралармен толығырақ танысу үшін ұсынылған сілтемемен өтіп көре аласыздар.

https://instagram.com/alakol_bilim_bolimi?igshid=MzRIODBiNWF1ZA==

Іс- әрекеттегі зерттеуді жүргізетін ауданда 14 жетекші мектеп бар. Бұл жетекші мектептер өз кезегінде серіктес мектептермен жұмыс жасайды, педагогтердің зерттеу құзыреттіліктерін қалыптастырады, әр зерттеуге қатысушы әдістемесін жетілдіреді. Инновациялық -эксперименттік қызмет арқылы білім сапасын көтеруге бағытталған білім беру жобалары іске асырылды. Атап айтсақ: облыстық «Табысты басшы» жобасы аясындағы жұмыстар, «Инновациялық қадам» жобасы, «Әдістемелік шеберхана» жобасы, «Оқуға құштар мектеп» жобасы, «Жаңаша, әрі басқаша» (химия, биология, география) жобасы, «Үйрене жүріп үйрету» жобасы (МДҰ), «Бастауыштар бәйгесі» жобасы, «Сана» (педагог-психолог) жобасы, «МИФ пәндерінің қарқынды қадамы» жобасы, «Mentor Lab» (жас маман) жобасы, «Сауатты оқу-әлеуетті дамыту» (тілдер), «TarihLife» (тарих) жобасы, «Үздіксіз даму» (үштілділікті енгізу бойынша) жобасы. «Білім беру сапасын арттыру - тиімді

жұмыс жасау режимі» жобасы аясында аудан бойынша 3 мектеп Талдықорған қаласындағы М.Арын атындағы №24 мамандандырылған лицейге бекітіліп, өзара тәжірибе алмасу жұмыстары жүргізілді. Аудан бойынша төмен білім сапасын көрсеткен мектептерге білім сапасын көтеру, қала мен ауыл мектептерін арасындағы алшақтықты жою мақсатында аудандағы 6 мектепке 3 табысты мектеп бекітілді. Аудан бойынша өткен оқу жылымен салыстырғанда 2% -ға өсті.

Мәселен «Табысты басшы» жобасы аясында мектеп басшыларының жұмысын жақсарту жолында Алматы қаласындағы «НЗМ» ДББҰ

«Табысты басшы» жобасы аясында Алматы қаласындағы республикалық ПШО, Талдықорған қаласындағы «НЗМ» ДББҰ ПШО, «Өрлеу» біліктілікті арттыру институтымен бірлескен әдістемелік күндер, тренингтер ұйымдастырылды

Облыстық жобалар аясындағы жетістіктер

«Білім беру ұйымының табысты көшбасшысы» байқауы, белсенді топ шебер-класс алаңы ұйымдастырылып, өткізілді. Нәтижесінде Үшарал қазақ гимназиясының директоры К.Құсайынова бас жүлдені жеңіп алып, облыстан 1 орын иеленді. Оның алдында осындай байқаудан Мыңбайұлы ат. ОМ директоры А. Аханова 3 орын алды. Облыстық «Жас менеджер» байқауында С. Қунабаева 1 орын алды. Облыстық «Үздік жоспар» байқауында Достық ОМ директоры А. Садиева 1 орын

Педагогикалық шеберлік орталығымен, Талдықорған қаласындағы «НЗМ» ДББҰ Педагогикалық шеберлік орталығымен, «Өрлеу» біліктілікті арттыру ұлттық орталығы» акционерлік қоғамының «Алматы облысы бойынша Кәсіби даму институты» филиалымен бірлескен әдістемелік күндер, тренингтер ұйымдастырылды. «Білім беру ұйымының табысты көшбасшысы» байқауы, белсенді топ шебер-класс алаңы ұйымдастырылып, өткізілді. Нәтижесінде Үшарал қазақ гимназиясының директоры Қ. Құсайынова бас жүлдені жеңіп алып, облыстан 1 орын иеленді. Осы байқаудан Мыңбайұлы атындағы ОМ директоры А. Аханова ІІІ орын алды. Облыстық «Жас менеджер» байқауында С. Кунанбаева І орын, облыстық сырттай «Үздік жоспар» байқауында Достық ОМ директоры А. Садиева І орын алды.

Басқару әдістемелік деңгей бойынша ауданның мектеп басшыларына Алматы қаласы «НЗМ» ДББҰ Педагогикалық шеберлік орталығының аға менеджері, филология ғылымдарының кандидаты, доцент Асхат Алимов сабақты жоспарлау, оқытуда интербелсенді әдіс-тәсілдерді тиімді пайдалану тақырыптарында әдістемелік қолдау көрсетсе, Астана қаласы Назарбаев университетінің магистрі Ш. Сейсенбай өз іс- тәжірибесімен бөлісті.

Бізде қазіргі кездегі мектепті басқару және педагогикалық менеджмент бойынша білім мекемелерінде ашық есік күндері өту дәстүрге айналған. Жас директорларға арналған әдістемелік күндер, жаңа бастаған басшылар үшін оқыту және практикалық семинарлар өтті. Биылғы жылы педагогтердің шығармашылығын арттыру мақсатында жоба аясында «AIDA» семинарлар циклы жоспарланып, өткізілді.

Мектептің нақты тәжірибесін көрсету мақсатында «PR акциялар» ұйымдастырылды. Бұл акцияның екі жақты тиімділігі болды. Бір жағынан мектеп өзінің тәжірибесін жинақтаса, екінші жағынан қатысқан мектептер құнды идеяларды көріп, тәжірибелеріне енгізді.



Тәрбие жобасы ауданда «Қазіргі заманғы мектептегі құндылыққа бағдарланған тәрбие» жобасы тақырыбында Достық ОМ, Шыңжылы НОМ, Үшарал қазақ гимназиясында жақсы жолға қойылып, жүзеге асырылуда. Бұл жоба туралы ата-аналар тарапынан да жақсы пікірлер айтылып, болашақта ауданның барлық мектептеріне енгізу жоспарлануда.

Кәсіптік қауымдастық жұмысының ауқымы кеңейтілді. Өзара бірлескен тәжірибе алмасу мақсатында аймақтық өңіраралық іс-шаралар, ЖОО және Педагогикалық шеберлік орталықтарымен, Жамбыл облысымен, Астана қаласымен, «Өрлеу» БАҰО, НЗМ-мен бірлескен жұмыс ұйымдастырылып, қолдау көрсетілді.

Пән мұғалімдерінің құзыреттіліктерін арттыруда пән мұғалімдерінің - «Ұшқын», «Таным», «Зерде», «Тарих – тағылымы», «Қолдау», «Олимп», «Brave° К», «Бастау», «Шабыт», «Вдохновение» **ассоциациялары** жұмыс істейді.

«Оқушыларға сапалы білім берудегі озық педагогикалық технологиялардың тиімділігі: әдістеме, тәжірибе, мәселелер» атты педагогикалық оқу, «Оқыту мен оқу үрдісіне жаңа тәсілдерді енгізу: педагогтардың кәсіби өсуі мен оқу үрдісі жетістігінің нәтижесі» т.б конференциялар өткіздік. Жалпы жылына 3 педагогикалық оқу, 4 конференция ұйымдастырылды.

Сондай-ақ «Мектепке дейінгі ұйымдарда әдістемелік жұмыстарды ұйымдастырудың заманауи тәсілдері», орыс тілі мен әдебиеті пән мұғалімдеріне «Чтение с осмыслением», «Эффективные методы и приемы для осмысленного чтения», қазақ тілі мен әдебиеті пән мұғалімдеріне «Сауатты оқу-әлеуетті дамыту», «Мәтінді оқып түсінудегі тиімді әдіс-тәсілдер» жинағы, химия, биология пәндерінен БЖБ, ТЖБ жинағы «Қазақстан тарихы», «Дүниежүзі тарихы» пәндерінен БЖБ, ТЖБ **жинағы**, жалпы 23 жинақ шығарылды.

Аналитикалық, диагностикалық, жобалау, консалтингтік, зерттеу, қамту, үйлестіру және сараптама нәтижесінде жұмысымызды бағалау және талдау үшін үнемі мониторинг және эвалюация жасалды. Аталған жұмыстар туралы айтсақ облыстық, республика көлемінде іс-тәжірибе таралды, кәсіби байқауларда жүлделі орындар көбейді. Мысалы: Облыс әкімінің қолдауымен жыл сайын өтетін облыстық «Жылдың үздік сынып жетекшісі» байқауында 4 жыл қатарынан жүлделі орындарды иелендік. «Жылдың үздік мұғалімі» байқауында соңғы 3 жылда 1 бас жүлде 2 жүлделі орын алдық. Ұстаздарымыз «Жылдың үздік бастауыш мұғалімі» байқауында жыл сайын жүлделі орындарды иеленуде. Жас мамандар байқауында облыста 4 орын, республикада 2 орын бар. Облыстық бастауыш сынып мұғалімдері арасында өткен бейнесабактар марафонында қатысып, I орынды иеленді. Педагогтердің пән олимпиадаларындағы орындар саны - 37.

Жалпы әртүрлі деңгейдегі байқаудан 210 педагог орын иеленсе, 86 авторлық бағдарлама аудандық, облыстық деңгейде Сараптамалық кеңесте бекітіліп, 25 әдістемелік құрал шығарылды.

Ұсынылған жобаға қызығулық танытсаңыз, толық ақпарат алу үшін жоба авторларымен байланысқа шыға аласыз!

*Жоба авторы: «Жетісу облысының білім басқармасы» ММ
«Әдістемелік орталығы» КММ
Телефон: 8 (7282) 41-88-45
Электронды почта: jetisu.metod@mail.ru*

Қарағанды облысы

Жоба атауы: «Табыс формуласы» бағдарламасы

Стратегиялық мақсаты: облыстың ең табысты және жетістігі төмен мектептері арасындағы білім беру сапасындағы алшақтықты қысқарту, әрбір білім алушының оқу табыстылығын қамтамасыз ету.

Бағдарламаның мақсаты: бұл мектептерді тиімді даму режиміне көшіру бағдарламасын жүзеге асыру, оның ішінде оқыту сапасын арттыру, басқару, оқу мен тәрбие процесін ұйымдастырудың шарттары арқылы күрделі әлеуметтік жағдайда жұмыс атқаратын және білім беру нәтижелері төмен мектептердегі оқушылардың білім беру нәтижелерінің сапасын арттыру.

Бағдарламаны іске асыру мерзімі: 2022-2025 жж.

Жаңашылдық: облыстық мектептерді тиімді даму режиміне ауыстырудың үлгісін құру.

Бағдарламаны жүзеге асыру механизмдері:

– құқықтық: қолайсыз әлеуметтік жағдайларда жұмыс атқаратын және білім беру нәтижелері төмен мектептерді қолдау Бағдарламасын жүзеге асыру туралы облыс әкімінің тапсырмасы, Қарағанды облысының білім басқармасының бұйрығы;

– кадрлық: мұғалімдердің құзыреттілігін арттыруға және кәсіби өсуін ынталандыруға; ынтымақтастық мәдениетін кеңейтуге, педагогикалық ұжымдарда бірлескен зерттеулер мен табысты тәжірибелерді таратуға; ең табысты директорлардың серіктестіктеріне және мектепті басқарудағы көшбасшылықты бөлуге бағытталған;

– ұйымдастырушылық: мектептерді қолдау бойынша қызметтерді үйлестіру, білім сапасын арттыру және мұғалімдердің өсу бағдарламаларын іске асыру бойынша дидактикалық және әдістемелік материалдарды талқылау және тарату, білім сапасын арттыру бойынша әдістемелік материалдар банкіні қалыптастыру аясында консультативтік пункттер құру, желілік қоғамдастықтардың жұмысы мен білім беру сапасын арттыру мақсатында уақытша шығармашылық мектепаралық топтар құру.

Алдыңғы қатарлы мектептерге арқа сүйеу білім беру жүйесіндегі жағдайды жақсартпайды. Алдыңғы қатарлы мектептер жұмыс түрін көрсетіп, үлгі болып, сынақтан өткізіп, тиімді жұмыс түрлерін ұсынады деген үміт ақталмайды.

Шетелдік зерттеулер (мысалы, Лондон университетінің білім беру институтының ғалымдарының) күшті мектептердің стратегиялары дағдарыс жағдайында тұрған мектептер үшін жарамсыз екенін көрсетіп отыр. Бұл стратегияларды бірқатар себептер бойынша (мәдени, әлеуметтік, ресурстық, адами және т.б.) пайдалану мүмкін емес.

Демек, мектептер арасындағы алшақтық ұлғайып, бұл білім беру мен әлеуметтік теңсіздікке әкеліп соғатынын байқауға болады.

Қарағанды облысының білім беру жүйесін талдау барысында, мектептердің арасында оқу көрсеткіштері жиынтығы бойынша жоғары нәтижелерді тұрақты көрсететін білім беру ұйымдарын және бірқатар жылдар бойы артта келе жатқан, жетістігі төмен мектептерді бөліп көрсетуге мүмкіндік берді. Мектептердің бір бөлігі тұрақты түрде орташа орында тұр.

Облыс әкімі Е.Қошановтың: «Табысты мектептер қатарынан көрінуі үшін артта қалған 25 мектептің бағдарламасын әзірлеу бойынша жұмыстар атқарылсын», - деген тапсырмасы бойынша Қарағанды облысында 2017-2019 жылдары «Жетістік формуласы» бағдарламасы құрастырылып, сынақтан өтті. Ол «балалар сапасыз білімнің кепілі болмауы керек» екенін атап өтті.

Мектептерді қолдау Бағдарламасын әзірлеу кезеңінде дағдарыс жағдайындағы мектептер мен қауіп төнген мектептерді анықтауға, көмек көрсетудің неғұрлым тиімді және мақсатты нысандарын анықтауға көмектесетін әдістер мен құралдарды іздеу ұсынылды.

Бұл үдерістің табысты болуын қамтамасыз ететін ең маңызды фактор – мұндай мектептерді қолдаудың көп деңгейлі стратегиясын әзірлеу және білім беру ұйымдарының өздерінің арнайы ұйымдастырған іс-шаралары.

Мектеп-тәлімгер	Даму режиміне өткен мектеп	Бірлескен жұмыс өнімі
Диагностикалық құралдарды дайындау	Диагностиканы өткізуді ұйымдастыру	Сауалнама нәтижелерін талдау
SWOT-талдау	Бағыттар бойынша мектеп жұмысын жоспарлау	Мектепті тиімді даму режиміне көшіру үлгісі
Серіктес мектептер әкімшіліктерінің өзара әрекеттесуін ұйымдастыру		Бірлескен жұмыс жоспарын әзірлеу
Мектеп әкімшіліктеріне кеңестер, семинарлар өткізу	Жұмысты ұйымдастыру	Семинарлар, тренингтердің бағдарламалары
Қорытынды аттестаттауға дайындалуға көмектесу	Қорытынды аттестаттауға дайындық бойынша жұмыстарды ұйымдастыру	Іс-шаралар жоспары, оқушыларды психология-педагогикалық қолдау бағдарламасы
Педагогтерге әдістемелік көмек көрсету	Жұмысты ұйымдастыру	Семинарлар, тренингтердің бағдарламалары, сабаққа қатысу парақтары
Топ құруға бағытталған іс-шараларды өткізу	Жұмысты ұйымдастыру	Семинарлар, тренингтердің бағдарламалары
Бірлесіп атқарылған жұмыстарды талдау		Аналитикалық есеп

Бұл стратегия тиімді жұмыс режиміне көшу үдерісіндегі барлық ұйымдастырушылар мен қатысушылардың іс-әрекеттерінің үйлестірілуі мен келісілуін қамтамасыз етуі тиіс. Ол мектеп сапасын жақсарту бағдарламалары үшін негіз бола алады және өз білім беру нәтижелерін жақсартуға ұмтылатын басқа білім беру ұйымдарына таралуы мүмкін.

Бағдарламаның нәтижелілігі:

2017-2019 жылдары Бағдарламаны сынақтан өткізу үшін келесі қадамдар орындалды:

- мектептерге талдау жүргізіліп, білім беру көрсеткіштерінің жиынтығы бойынша тұрақты түрде жоғары нәтиже көрсеткен 25 білім беру ұйымы және бірқатар жылдар бойы артта қалуды жоймаған 25 тұрақты сәтсіз мектеп анықталды;
- білім беру нәтижесі төмен мектептерді қолдау жоспарлары әзірленді;
- мектептерге барынша тиімді көмек көрсету әдістері мен құралдары әзірленді және анықталды;

Бағдарламаны кезең-кезеңімен жүзеге асыру басталды.

Мектептерге көмек көрсету жұмысының күтілетін нәтижесі – білім сапасындағы алшақтықты азайту және әрбір баланың оқудағы жетістігін қамтамасыз ету болып табылады.

«Жетістік формуласы» бағдарламасын жүзеге асырудың оң нәтижесі ҰБТ көрсеткіштерінің артуы болып табылады, мысалы, мектептердің бірінің ҰБТ-дағы жалпы орташа ұпайы 83-ке жетті (бастапқыда ол 70,5 болды). Мектеп ҰБТ рейтингі бойынша өз облысында 2 орынға ие болды. Бұл атқарылған жұмыстардың барлығы: ҰБТ-ға дайындық кезінде балаларға атаулы көмек көрсету, педагогикалық ұжыммен жұмыс жасау, мектеп әкімшілігіне консультативтік көмек көрсету өз жемісі мен нәтижесін бергенін аңғартады.

Облыста Бағдарламаны сынақтан өткізу барысында тиімді жұмыс режиміне көшу үлгілерін әзірлеуге және дамытуға дайын мектептердің «одағы» қалыптасты.

Қазіргі уақытта анықталған мәселелерге байланысты Бағдарламаның әмбебап үлгілері әзірленіп, енгізілуде:

1. «Жас педагогтердің біліктілігін арттыру үлгісі»
2. «Мектептің тәрбие жүйесін жобалау үлгісі»
3. «Мектеп педагогикалық ұжымының біліктілігін арттыру үлгісі»



Мысалы, облыстағы мектептердің бірінде жас мұғалімдерді дамыту үлгісін жүзеге асыру аясында жас мұғалімдерге атаулы, жеке көмек көрсетіліп, белгілі бір нәтижелерге қол жеткізуге мүмкіндік туды: математикадан орташа ұпай 3-тен 3,67-ге дейін өсті; қайталау курсына бірде-бір студент қалдырылмай, орыс тілінің ұпайы аздап төмендеді; тарих ұпайы 3,88-ден 4,1 ұпайға дейін өсті; биология пәнінен орташа ұпай 3,44-тен 3,86 ұпайға дейін өсті. Педагогтердің өздері семинарларда, дөңгелек үстелдерде топтық жұмыс тиімді екенін атап өтіп жүр.

Жас педагогтерге сауалнама жүргізу барысында бірқатар мәселелер анықталды:

- сауалнамаға қатысқан мұғалімдердің 37,6%-ы мектеп оқушыларының білім деңгейі мен оқуға деген ынтасының төмен екендігін көрсетті;
- мұғалімдердің 31,5%-ы қалалық/аудандық, облыстық деңгейдегі ашық сабақтар, іс-шаралар өткізу қажеттілігінен қорқатындарын атап өтті;
- 34,6% ата-аналардың көпшілігінің мектепке деген теріс көзқарасын көрсетті;
- 38,4% құжат айналымының шамадан тыс жүктелуін көрсетті;
- мұғалімдердің 30%-ға жуығы мектеп әкімшілігінің мектеп өміріндегі маңызды мәселелерді шешуге мұғалімдерді тартпайтынын атап өтті.

Оқушылардың сауалнамасы бойынша келесі қорытындылар жасалды:

- оқушылардың 20%-ы: «Мен қалауым бойынша байқауларға, олимпиадаларға және жарыстарға қатыса алатыныма сенімді емеспін» деп жауап берді;
- 38,7% үй тапсырмасын дайындауда қиналады;
- 3,4% болашақ мамандығына дайындығына сенімсіз екенін көрсетті;
- 3% сыныпта достық жоқ екеніне сенімді.

Бағдарламаның тиімділігін бағалау кезеңінде келесі жұмыстар жүргізілді:

1. «Жетістік формуласы» бағдарламасын іске асыруды қамтамасыз ету үшін нормативтік-құқықтық құжаттар дайындалды;
2. мектептердің білім беру нәтижелері туралы мәліметтерге талдау жүргізілді;
3. білім беру нәтижелері төмен мектептер сегменті анықталды;
4. мектеп ұжымдары принципін негізделген іс-шараларға мектептердің қатысуы ұйымдастырылған;
5. мектептерді тиімді жұмыс режиміне көшіру үлгілерін әзірлеу бойынша мектеп ұжымдары үшін семинарлар (вебинарлар) өткізілді (8 вебинар);
6. диагностика негізінде мектептерді тиімді жұмыс режиміне көшіру үлгілерін қолдау және әзірлеу үшін жетекші мектептердің топтары дайындалды және сараптамалық топтар құрылды (50 топ);
7. «Жетістік формуласы» бағдарламасын іске асыруда кеңестік көмек көрсетілді (150-ден астам кеңестер);
8. мектептер арасындағы желілік өзара әрекеттестікті қолдау ұйымдастырылды;
9. облыстық деңгейде тәжірибе алмасу жүзеге асырылды (6 іс-шара);
10. мектептердің тиімді даму режиміне өтуін, сондай-ақ оқыту мен басқару сапасының мониторинг нәтижелерін талдау.

Айта кететін жайт, 2022-2023 оқу жылында мектептердің облыстық жобаларға қатысуы 18-ден 42-ге дейін өсті. Әсіресе, мектеп мұғалімдерінің кәсіби байқауларда жүлделі орындарға ие болуы ерекше атап өтіледі.

Егер білім сапасының нәтижелерін қарастыратын болсақ, келесі фактілерді айтуға болады:

- жобада жарияланған 50 мектептің ішінде 36 мектеп білім сапасының жоғарылағанын көрсетті;
- білім сапасы қолайлы және оңтайлы деңгейде, 2021-2022 оқу жылының көрсеткіштерімен салыстырғанда сапа 54,16-дан 56,38-ге дейін өсті.

Білім беру нәтижелері төмен мектептердің көрсеткіштерінің салыстырмалы түрде шамалы жақсаруы мұғалімдердің жалпы және кәсіби құзыреттілігінің өсуіне және соның салдарынан аймақтағы білім сапасының артуына айтарлықтай әсер етеді.

Ұсынылған жобаға қызығулық танытсаңыз, толық ақпарат алу үшін жоба авторларымен байланысқа шыға аласыз!

*Жоба авторы: Қарағанды облысы білім басқармасының «Қарағанды облысында білім беруді дамытудың оқу-әдістемелік орталығы» КМҚК
Телефон: 8 (7212) 44-56-14
Электронды почта: umc-ro@umckrg.gov.kz*

Қостанай облысы

Жоба атауы: Үздіксіз білім берудегі педагог

Жоба мерзімі: 2021-2025 жылдар

Жобаның миссиясы: педагогтің үздіксіз кәсіптік білім беруге дайындығын дамыту

Жобаның мақсаты: Формалды, бейресми, ақпараттық жағдайларда кәсіби өсуді арттыруға, қазіргі заманғы сын-қатерлер мен білім берудің орнықты дамуы жағдайында өзін-өзі іске асыруға және өзін-өзі көрсетуге дайын педагог.

Жобаның міндеттері:

1. Білім беруді дамытудағы негізгі үрдістер туралы білімді кеңейту;
2. Мектеп оқушыларының педагогикалық мамандықты таңдауға деген ынтасын дамыту;

3. Педагогтерді кәсіби тұрақтылықты дамыту тәсілдеріне, өзін-өзі тәрбиелеу және өзін-өзі көрсету дағдыларына және кәсіби әлеуетті мақсатқа жету құралына айналдыруға үйрету;

4. Мұғалімдердің кәсіби даму үшін ішкі ресурстарды саналы түрде пайдалануға деген ұмтылысын дамыту.

«Үздіксіз білім берудегі Мұғалім» жобасы бірнеше векторларды қамтиды: «Мен мұғалім болар ма едім...», «Көшбасшылық мектебі», «Жас мұғалімдерге арналған педагогикалық конструктор».

Педагогикалық мамандық үнемі өзін-өзі дамытуды, өзін-өзі жетілдіруді, өзін-өзі жүзеге асыруды талап етеді. Үздіксіз білім берудің барлық үдерістері білім берудің барлық деңгейлері арқылы ресми, бейресми және ақпараттық формаларда жүреді. Алайда, мобильді, инновацияға қабілетті және дайын мұғалімнің сұранысы мен әр түрлі формада үздіксіз білім алуға дайындықтың жеткіліксіз деңгейі арасында қайшылық бар.

Үздіксіз білім беру идеясы жаңа емес. Бірақ білім деңгейіне қарамастан (балабақша тәрбиеленушісінен білім беру ұйымының педагогына дейін) әр түрлі формалардың өзара әрекеттесуін алдыңғы кезең келесі кезеңнің басталуын қамтамасыз ететіндей етіп ұйымдастыру маңызды.

Білім беруді дамытудың заманауи трендтерін, «ҚР Педагог мәртебесі туралы» Заңының негізгі ережелерін ескере отырып, педагогикалық қызметке ынталандыру бойынша мектеп оқушыларымен, жоғары оқу орнынан кейінгі білім мен кәсіби өсуге ынталандыру бойынша педагогтермен жұмысты өзектендіру қажеттілігі туындайды.

Үздіксіз білім беруге бағдарланған педагогтердің дамуын басқарудың әдістемелік, психологиялық тетіктерін трансформациялау кәсіби қызметтің сапасын арттыруға және білім беру ұйымдарын педагогтермен қамтамасыз ету мәселесін шешуге мүмкіндік береді.

«Мен мұғалім болар ма едім...» векторы бойынша жұмысты педотрядтарға (студияларға) қатысу арқылы білім алушыларды педагогикалық мамандықты таңдауға мақсатты даярлауға бағыттайды. Мектептерді қосу динамикасы оң.

2021 жыл (01 қыркүйектен бастап) жобаға 3 мектеп кірді,

2022 жыл (01 қаңтардан бастап) жобаға 3 мектеп кірді,

2022 жыл (01 қарашадан бастап) жобаға 10 мектеп кірді,

2023 жыл (01 наурыздан бастап) жобаға 4 мектеп кірді.

2023 жылдың қараша айына облыстық жобаға 20 мектеп қатысады.

Сондай-ақ, желілік өзара іс-қимыл арқылы облыстық алаңдар аудандық деңгейдегі мектептермен жұмыс істейді.

8-9 сыныптарға арналған «Болашақ мұғалім» мектеп оқушыларына арналған элективті курс бағдарламасы Ы. Алтынсарина атындағы ҰБА мақұлданып, ГӘК-те (шілде, 2023) таратуға ұсынылды.

Педагогикалық жасақ мүшелері Гродно облыстық білім беруді дамыту институты ұйымдастырған халықаралық педагогиданың жеңімпазы және жүлдегерлері болып табылады.

2023 жылы 9, 11 сынып педагогикалық отряд мүшелерінің 72% педагогикалық мамандықтарға оқуға түсті.

Мектеп басшыларының жетіспеушілігі мен жиі ауысуына байланысты мектеп директорлары мен орынбасарлардың басқарушылық құзыреттілігін арттыру бойынша мақсатты жұмыс қажет болды. Осы мақсатта Қостанай қаласында. НЗМ базасында 2022 жылдан бастап «Көшбасшылық мектебі» бағдарламасы жұмыс істейді. Тағылымдамадан ауылдық және қалалық мектептердің 21 директоры өтті.

«Жас мұғалімдерге арналған педагогикалық конструктор» векторы бойынша 3 жылға дейінгі тәжірибесі бар педагогтер оқытылды. 2023-2024 оқу жылында педагогикалық қызметке алғаш кіріскен педагогтер осы топқа кіреді.

«Жас мұғалімдерге арналған педагогикалық конструктор» әдістемелік құралы Педагогикалық шеберлік орталығының ғылыми әдістемелік кеңесінде мақұлданған (Астана, қазан, 2023).

2023 жылы жобаға қатысушы ауылдық мектептердің 30-ға жуық педагогі (оның ішінде ШЖМ) магистратураға түсті.

Жобаны іске асыру тәжірибесі республикалық басылымдарда, халықаралық ғылыми-практикалық конференцияларда ұсынылған.

Жоба өнімдері:

-«Болашақ мұғалім» мектеп оқушыларына арналған элективті курс бағдарламасы;

- «Жас мұғалімдерге арналған педагогикалық конструктор» әдістемелік құралы;

- «Тағылымдама қорытындысы бойынша менің бастамаларым» директорлардың форумдағы материалдары;

-Үздіксіз педагогикалық білім туралы мақалалар жинағы.

Жоба серіктестері:

- А. Байтұрсынов атындағы Қостанай Өңірлік педагогикалық университеті;
- Қостанай қаласындағы ФМБ НЗМ
- ПШО.

Жоба аясында жүйелі түрде іс-шаралар өткізіледі:

Жыл сайын

1. Жобаға қатысушы- аудандардың білім алушылары мен педагогтеріне Оп-line сауалнама;
2. Жобаға қатысушы білім алушылардың "Басшыға 10 сұрақ" атты білім басқармасының, білім бөлімінің басшыларымен кездесуі;
3. Жоба қатысушылардың шығармашылық кездесулері;
4. "Менің алғашқы сабағым" флешмобы;
5. «Болашақ мұғалімдер» слеті;
6. ҚР Ғылым күніне арналған іс-шаралары;
7. Магистратураға түскісі келетін педагогтерге арналған вебинарлар;
8. Жеке кеңес беру;
9. Жобаны жүзеге асыру бойынша ақпаратты әлеуметтік желілерде, БАҚ-та, педагогикалық басылымдарда жариялау;
10. ЮНЕСКО клубының іс-шараларына, бағдарламаларына қатысуы

2021 жыл

11. Жобаға қатысушы- оқушылармен кездесу;

12. Оқушыларға арналған психологиялық тренингтер: «Командалық білім», «Көшбасшылық», «Менің мұғалім мамандығына бастауым»;

13. Педагогтерге арналған психологиялық тренингтер: «Менің әлеуетім – менің мақсатқа жетудегі құралым»;

14. Заманауи мұғалімнің тәжірибесіндегі «Soft» және «Hard» дағдылар мұғалімдеріне арналған семинар.



2022 жыл

15. Жаңадан қосылған мектептердің оқушыларына арналған психологиялық тренингтер: «Командалық білім беру», «Көшбасшылық»;

16. «Педагогтің жеке бренді» педагогтерге арналған психологиялық тренинг;

17. ҚР Ғылым күніне орай Қ.И. Сәтбаевқа арналған іс-шараларды ұйымдастыру;

18. «Болашақ мұғалім» элективті курсының бағдарламасын құру;

19. «Мектеп мерекесі» жобалау шеберханасы (Омбы мемлекеттік педагогикалық университеті);

20. Әдістемелік семинар (Гродно облыстық білім беруді дамыту институты, Беларусь);

21. Үздік педагог күні (Жітіқара ауданының білім бөлімінің Забелов жалпы білім беретін мектебі);

22. «ОЗАТ» мамандандырылған ақпараттық технологиялар мектеп-лицейіне бару (Ұзынкөл ауданының білім бөлімінің № 1 Ұзынкөл жалпы білім беретін мектебі);

23. Ы. Алтынсарин мұражайына бару.



Болашақ мамандыққа нұсқаулық

<https://uchitelskaya.kz/vse-rubriki/shkola-xxi-veka/teoriya-i-praktika/putevoditel-v-budushhuyu-professiyu>

2023 жыл

24. Жаңадан қосылған мектептердің оқушыларына арналған психологиялық тренингтер: «Командалық білім беру», «Көшбасшылық»;

25. «Үздіксіз кәсіптік білім: қалай үлгеруге болады?», «Мұғалімнің жеке бренді» педагогтерге арналған психологиялық тренингтер;

26. «Көшбасшылық мектебі» НЗМ-не директорлардың тағылымдамасы;

27. Педагогикалық мамандыққа Гайд (НЗМ базасында);

28. «Мектеп имиджі-тұрақты дамуға бастама» кейс – сессиясы;

29. «Мен педВУЗға оқуға барар едім...» А. Байтұрсынов атындағы ҚӨУ шығармашылық кездесуі;

30. Педотряд мүшелерінің халықаралық педагогикадаға қатысуы (Гродно облыстық білім беруді дамыту институты, Беларусь);

31. «Мұғалім болу заманауи ма?» пікірталас (Қамысты ауданының № 1 Қамысты ЖББМ базасында);

32. «Будущие учителя «зажигают!» КТК (Жітіқара ауданының Забеловка ОМ базасында);

33. «Жас мұғалімдерге арналған педагогикалық конструктор» әдістемелік құралы.

2024 жыл

34. Оқушыларға арналған «Мен педагог болар едім...», «Менің әлеуетім – менің мақсатқа жетудегі құралым» психологиялық тренингтер;

35. Мұғалімдерге арналған психологиялық тренингтер: «Менің әлеуетім – менің мақсатқа жетудегі құралым», «Қалай өзін-өзі басқарушы болуға болады?»;

36. «Оқушылардың педагогикалық мамандықты таңдауға деген ынтасын дамыту» ғылыми-практикалық конференциясы;

37. Педотрядтардың/студиялардың қызметіне жетекшілік ететін мектеп үйлестірушілерін оқыту;

38. Болашақ педагогтерге арналған педагогиада;
39. «Көшбасшылық мектебі» НЗМ-не директорларды тағылымдамадан өткізу;
40. «Педагогтерді даярлау және дамыту жүйесі» әдістемелік материалдарын әзірлеу;
41. «Педагог. Болашақ мұғалім: даму векторлары» дөңгелек үстел.

2025 жыл

42. Ы.Алтынсарин атындағы ҰБА-на болашақ педагогтерді апару (Астана қ.);
43. Жобаны іске асыру туралы рефлексивті есеп.Қорытынды ғылыми-практикалық конференция.

Жобаның ықтимал тәуекелдері:

1. Педагогтердің үздіксіз білім алуға дайындығының жеткіліксіздігі
2. Жоба қысқа мерзімде тиімділігін көрсетуге мүмкіндік бермейді

Тәуекелдерді азайту механизмдері:

1. Жоба мамандықта үнемі дамып отыруға деген саналы ұмтылыс пен білімге көмектесуге бағытталған;
2. Педагогтерге магистратураға түсуге дайындықты қалыптастыруға, білім алушыларға - педагогикалық мамандықты таңдауды түсінуге көмектесу;
3. Өңірде осы бағыт бойынша жұмысты жалғастыру кәсіби қолдау жүйесін құруға мүмкіндік береді, бұл педагогтің уәждемесі мен мәртебесін арттырады.

«Үздіксіз білім берудегі Педагог» жобасын іске асыру:

- білім алушыларды педагогикалық мамандықты таңдауға тарту бойынша жұмысты жүйелеу;
- ата-аналардың педагог мамандығы туралы оң пікірін қалыптастыру;
- педагогтердің өзін-өзі дамыту және өзін-өзі жетілдіру бойынша жұмыс дағдыларын дамыту;
- мектеп басшыларының басқарушылық құзыреттерін арттыру.

Ұсынылған жобаға қызығулық танытсаңыз, толық ақпарат алу үшін жоба авторларымен байланысқа шыға аласыз!

Жоба авторы: «Қостанай облысы әкімдігінің білім басқармасы» ММ, Мектепке дейінгі және жалпы берудің әдістемелік кабинеті»

Байланыс телефоны: 8 (7142) 39-07-91

Электронды почта: metod@edu-kost.kz

Қызылорда облысы

Жоба атауы: Қызылорда облысының білім беру саласында жүзеге асырылып жатқан бастамашыл жобалар

Қызылорда облысының білім беру саласы бойынша оқушылардың білім сапасын жоғарылату және мұғалімдерді қолдау мақсатында бірқатар шаралар атқарылып келеді. Қашықтықтан оқыту кезінде түрлі цифрлық платформалар мен ресурстар ұсынылды. «Онлайн-Мектеп» жобасын қолдау мақсатында облыстағы инновациялық мектептер тәжірибесінің негізінде 365 бейнесабақтар әзірленіп, басқарманың бейнесабақтар каналына жүктелді. Жергілікті телеарналар арқылы «Оқу сағаты» айдарымен бейнесабақтар қосымша көрсетілді.

Республикалық деңгейде жүргізілуі ұсынылған «**Оқуға құштар мектеп**», «**Мектеп парламенті**» «**Дебаттық қозғалыс**», «**Мектеп театры**» жобаларын облыс көлемінде жүзеге асырумен қатар, **Қызылорда облысының білім басқармасы** қашықтан оқытуға қарамастан білім беру сапасын арттыру бағытында бірқатар **бастамашыл жобаларды да жүзеге асырып** келеді.

Мақсаты: Білім беру ұйымдарын түрлі бағыттар(пәндер) бойынша «**Тірек білім беру ұйымдары**» ретінде қалыптастырып, тәжірибелерін облыс көлемінде нысаналы тарату.

Міндеттері: пән мұғалімдерінің тереңдетіп оқытуды ұйымдастыруын, білім беру сапасын қамтамасыз етуін, жаңа тәжірибелерді жинақтауын мазмұндық толықтырады және шығармашыл мұғалімдердің сынақ-зерттеу алаңдары ретінде қалыптастыруды көздейді.

Қатысушылар: Қызылорда облысы бойынша білім беру ұйымдары.

Әрбір білім беру ұйымдары бойынша қамтылатын бағыттар бағыттар:

- Білім басқармасы мен білім бөлімдері тарапынан материалдық-техникалық қамтамасыз ету(тереңдетіп оқытуға қажетті құрал-жабдықтармен жабдықтау);
- Облыстық оқу орталығы(әдістемелік кабинет) тарапынан жоба ретінде үйлестіру, әдістемелік сүйемелдеу, курстармен қамту;
- Ғалымдар тарапынан ғылыми жетекшілік жасау.

Жүзеге асыру мерзімі: 2021-2025 жылдар

Бағыттар бойынша «Тірек білім беру ұйымдары»

«Балалар кітапханасы» облыстық жобасы

«Оқуға құштар мектеп - Оқуға құштар ұлт» жобасы аясында Мектеп оқушыларының оқу сауаттылығын жоғарылату және оқушылардың кітап оқуға деген қызығушылығын арттыру мақсатында **186** мектептің кітапханасы Coworking-орталықтарға(аймақтарға) бейімделді. Білім беру ұйымдары кітапханаларының қазіргі жағдайына ішінара талдау жасалды. Coworking-орталықтарды мазмұнды ішаралармен қамту бағытында Қызылорда қаласындағы Назарбаев зияткерлік мектептерінің және «Білім-Инновация» лицейлерінің атқарылған жұмыстары басшылыққа алынды. «Үздік кітапхана - Coworking-орталық» және «Үздік кітапханашы» облыстық конкурстары ұйымдастырылды.

Қызылорда қаласындағы №2 Абай атындағы үш тілде оқытатын мамандандырылған сыныптары бар мектеп – **«Балалар кітапханасы» жобасының «тірек мектебі» болып бекітілді.** Үлгілі кітапхана ұйымдастыру, барлық кітапханашыларға тәжірибе тарату және т.б. мақсатында: Coworking-орталық, электронды оқу залы, оқу сауаттылығын дамыту мақсатында телестудия жабдықталды. Үш тілде «Абайтану» курсы бойынша бейнесабақтар түсірілуде. Кітапхананың материалдық-техникалық жабдықталуы жүргізілді.

«IT-балабақша» пилоттық жобасы

Қызылорда қаласындағы «Алтын Ұя» бөбекжай бақшасы цифрлық білім беруге арналған **«IT-балабақша» пилоттық жобасын** ендіруді бастады. 2020 жыл соңында бөбекжай бақшасы цифрлық білім беру ресурстары бар 18 «Bilimbook» панельдерімен, STEAM-кабинетімен жабдықталды. Жоғары жылдамдықты интернет қызметіне ауыстырылды.

Барлық тәрбиешілер жаңартылған білім беру мазмұны бойынша біліктілік арттырудан өтті. IT-күзиреттілік бағытында тәжірибе алмасты.

Атқарылған жұмыстар нәтижесін де беріп, "BILIMKIDS" платформасы ұйымдастырған «Үздік жаңашыл тәрбиеші» байқауының қорытындысымен республика бойынша мазмұнды 10 жұмыс қатарына "Алтын ұя" бөбекжай бақшасының 4 жұмысы еніп, тәрбиешілер марапатталды.

«IT-мектеп (Бағдарламалау мектебі)» пилоттық жобасы - С.Толыбеков атындағы № 3 IT-мектеп-лицейі;

«Цифрлық Қазақстан» мемлекеттік бағдарламасының жүзеге асырылуын қолдау және білім алушылардың цифрлық сауаттылығын, информатика пәнін тереңдетіп оқытуды дамыту бағытында жұмыс жасайды. «Бағдарламалау мектебінің» негізгі жұмыс бағыттары:

Біріншісі - мектепті басқару жұмыстарын автоматтандыру.

Бұл бағыт бойынша мектепте 2 жоба жүзеге асып, бүгінде өз тиімділігін көрсетіп келеді. Олар - «Көмек Е» әлеуметтік педагог жұмысын автоматтандыру және «Facerecognition» - «Қауіпсіз мектеп» жобасы. «Facerecognition» - оқушылар қауіпсіздігін қамтамасыз ететін бірегей жоба. «Көмек Е» - оқушылардың әлеуметтік жағдайын жақсартуда жариялылықты

болдырмай, нақты көмек көрсетуді көздейтін жоба. Бұл жүйеге осы оқу жылында облысымыздағы 12 мектеп қосылды.

Екінші бағыт – бағдарламалау мектебінің үйірмелері.

2021-2023 оқу жылдарында мектебімізде әртүрлі бағыттағы үйірмелер жұмыс істейді. Заманауи үйірмелер оқушылардың ақпараттық технологияларға деген қызығушылығын арттырып қана қоймай, түрлі бағдарламаларды, қосымшаларды өздері жасап үйренуіне мүмкіндік беріп отыр.

Бастауыш сынып оқушылары үшін StopMotion, Scratch үйірмелері бала қиялын дамытып, ақпараттық технологиялармен жұмыс істеуге дағдысын ашуда.

5-7 сынып балалары үшін Робототехника, Mobilegraphy, Videographer, 3D модельдеу, Motion-дизайн, мобильді қосымша әзірлеу үйірмелері уақыт талабына сай технологиялар тілін меңгертіп, IT мүмкіндіктердің әлемін ашып, тәжірибелерін іске асырып келеді.

C++ программалау тілі, LeGO, ARDUINO, Python программалау тілі, Java программалау тілі, Web дизайн үйірмелерінен 8-11 сынып оқушылары ақпараттық технологиялар саласында бағдарлама құрастыру, жобаларды жасау, пәндерде тиімді қолдану машықтарын дамытуда.

DIGITAL STUDIO телестудия кабинеті ашылды. Мұнда оқушылар видеографика, мобилографика, IT журналистика және радиожурналистика үйірмелерімен қамтылған. “Qyzylorda” облыстық телеарнасымен меморандумға отырып, әріптестік байланыста жұмыс істеп келеді. Студияда оқушылардың қатысуымен «Мектеп news», «Жұмбақ times», «Бала тілі бал» хабарлары шығады.

«Жасыл мектеп» пилоттық жобасы - Ә.Мүсілімов атындағы №101 мектеп-лицей.

«Жасыл Қазақстан» ұлттық жобасының жүзеге асырылуын қолдаумен қатар, экологиялық білім беруді дамыту мақсатында Қызылорда қаласындағы №101 мектеп-лицейі «Жасыл мектеп» пилоттық жобасын ендіру бойынша тірек білім беру ұйымы ретінде бекітіліп отыр.

«Жасыл мектеп» жобасы - экологиялық білім берумен қатар, оқушылардың қатысуымен осындай еңбек алаңдарын ашуды, ғылыми-зерттеушілік қабілеттерін дамытуды, ерте кәсіптік бағдар беруді де қамтиды.

Облыстағы жылыжай ұйымдастырылған басқа да мектептер кезең-кезеңімен осы жобаға ендірілуде. Тек Қызылорда қаласының өзінде 8 мектепте (*№101 мектеп-лицей, №15 мектеп-лицей, №261 орта мектеп, №264 мектеп-лицей, №140 орта мектеп, №282 мектеп-лицей және т.б.*) жылыжайлар салынып, жұмыс жасауда.

№101 мектеп-лицейінің базасында Қорқыт ата атындағы Қызылорда университеті ғалымдарымен бірлескен шаралар атқарылып келеді: университет ғалымдарының ғылыми-әдістемелік қолдауымен 5-11 сыныптар аралығында тереңдетіп оқыту үшін арнайы таңдау курстары ендірілді;

авторлық бағдарламалар әзірленіп, университеттің бейінді кафедраларында сараптамадан өткізілуі қолға алынды; оқушылардың ғылыми жобаларына ғалымдар нысаналы түрде жетекшілік жасауда; экологиялық білім беруді дамыту мақсатында әдістемелік-көмекші құралдар әзірленуде; университет докторанттарының ғылыми зерттеулерінің тәжірибелік бөлігі осы тірек мектебінде өткізіле бастады. Жалпы алғанда, **«Жасыл мектеп»** пилоттық жобасының облыстық тірек білім беру ұйымы - №101 мектеп-лицейі базасында ғылыми негізделіп, сараптамадан өткен жобалар облысымыздың басқа білім беру ұйымдарына таратылып отырады. Облыстағы «жасыл мектептер» желісі қалыптастырылып, жетекші ғалымдардың қатысуымен мазмұндық толықтыру бағытында нысаналы жұмыстар жүргізілуде.

«Химия - биологиялық талдау зертханасы» пилоттық жобасы

«Білімді Ұлт» Ұлттық жобасының жүзеге асырылуын қолдау және білім алушылардың жаратылыстану сауаттылығын дамыту мақсатында «Химия – биологиялық талдау зертханасы» пилоттық жобасы жұмыс жасауда.

Жоба ендірілетін «тірек білім беру ұйымы ретінде» Қызылорда қаласындағы №12 ІТ-мектеп-лицейі бекітілген.

Жобаның мақсаты - цифрлық технологиялар көмегімен мектеп жағдайында төмендегі зерттеулерді жүргізу:

- *мектеп бағдарламасындағы қарапайым химиялық талдаулар сапасын арттыру;*
- *химия пәні бойынша жүргізілетін зертханалық жұмыстар түрлерін көбейту;*
- *экологиялық таза өнімдерді анықтау;*
- *санитарлық талаптарға сәйкестікті анықтау, тұрмыстағы кездесетін вирустар мен бактериялардың түрлерін анықтау және зиянын зерттеу.*

Жоба аясында Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университетінің химия-биологиялық зерттеулер және химиялық талдаулар әдістері бейінді зертханаларының ғалымдарымен бірлесіп оқушылардың ғылыми жоба жұмыстарына ғылыми жетекшілік жасалуда. Мұғалімдердің оқу бағдарламаларын әзірлеуіне ғылыми-әдістемелік көмек көрсетілуде.

«Отбасылық тәрбие мектебі» жобасы

Қызылорда облысының білім басқармасының бастамасымен Қызылорда қаласы бойынша білім бөлімінің К.Қаракөзов атындағы **№235 орта мектебінде «Отбасылық тәрбие мектебі»** жобасы жүзеге асырылуда.

Жобаның мақсаты - білім беру ұйымдарындағы тәрбие жүйесін жетілдіру, ата-аналардың бала тәрбиесіндегі белсенділігін арттыру арқылы қоғамда жалпыадамгершілік қасиеттерді қалыптастыру.

Жоба аясында **«Ынтымақ» ата-аналар комитетімен** бірлесіп келесі бағыттар бойынша жұмыстар жүргізілуде:

- **«Тірек» әкелер мектебі;**

- «Мейірім» аналар мектебі;
- «Данышпан» аталар мектебі;
- «Кимешек» әжелер мектебі.

Сонымен қатар, алдағы уақытта С.Шаухаманов атындағы №9 дарынды балаларға арналған облыстық «Білім-Инновация» лицей-интернаты - «орта білім беретін үздік ұйым» ретінде мектептің оқу-тәрбие жұмыстарына тәжірибесін енгізіп, тұрақты жетекшілік жасайтын болады.

«Ғылыми бағдар беру шеберханасы» пилоттық жобасы

«Білімді Ұлт» Ұлттық жобасының және Ғылымды дамыту жөніндегі ұлттық жобаның жүзеге асырылуын қолдау мақсатында «Ғылыми бағдар беру шеберханасы» пилоттық жобасы жүзеге асырылуда.

Қызылорда облыстық білім басқармасының бұйрығымен пилоттық жоба ендірілетін «тірек білім беру ұйымы ретінде» -Қызылорда қаласындағы №140 орта мектебі бекітілген.

Мақсаты: мұғалімдер мен дарынды оқушылар ғылыми зерттеудің логикасы мен құрылымын, ғылыми зерттеулердің әдістерін, әдістемелік үйлесім мен принциптерін зерделеу. Ғылыми зерттеулердің әдістемесімен, логикасымен танысу, ғылыми-педагогикалық зерттеулер жайындағы деректермен өзбетінше дайындалуға бағыттау.

Жоба келесі негізгі бағыттарды қамтиды:

- *олимпиада, халықаралық конкурстарға дарынды оқушыларды даярлау;*
- *ғылыми-зерттеу жобаларын жасауды үйрету және дамыту;*
- *интеллектуалдық ойындарға дайындау;*
- *педагогикалық іс-тәжірибені жинақтап, тарату;*

Қызылорда облыстық оқу орталығымен (әдістемелік кабинет) және «Дарын» облыстық қосымша білім беру орталығымен, Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университетінің ғалымдарымен бірлесіп, жыл көлемінде тәжірибелі мұғалімдердің ашық сабақтары, мен ғалымдардың шеберлік сабақтары жүргізілуде. Сол арқылы облыстың ауылдық жерлерде оқитын оқушылары мен мұғалімдері үшін интерактивті тәжірибе алмасу алаңы қалыптасқан.

«Бабалар үні» пилоттық жобасы

Мақсаты – өнер бағытындағы қосымша білім беру ұйымдарына әдістемелік-тәжірибелік көмек көрсететін «тірек білім беру ұйымы» ретінде жұмысын үйлестіру.

Сынақ алаңы ретінде - Қызылорда қаласындағы М.Қалауов атындағы «Өнер мектебі» пилоттық жоба ендірілетін білім беру ұйымы ретінде белгіленген.

Міндеттері:

- Ұлттық құндылықтарды насихаттау;

- қосымша білім беру ұйымдары арасынан «Өнер» бағыты бойынша «тірек білім беру ұйымын» жасау;
- тірек білім беру ұйымының тәжірибесін басқа қосымша білім беру ұйымдарына тарату;
- «Өнер» бағыты бойынша оқу бағдарламаларын әзірлеу және үлгі ретінде тарату;
- оқушылардың Халық аспаптар оркестрін құру.

Жобаның тиімділігін арттыру мақсатында: домбыра, скрипка, цифрлық фортепиано, баян аспаптары жаңартылды. Сонымен қатар, теориялық сабақтар үшін - 4 интерактивті дисплей, компьютерлік сынып алынды.

Сыр елі музыкасының, өнерінің үздік туындылары мен тарихының базасы қалыптастырылып, насихаттау бағытында жұмыстар жүргізілуде.

«Цифрлық түзету» пилоттық жобасы

Қызылорда қаласындағы №5 көру қабілеті бұзылған балалардың арнайы(түзету) мектеп-интернаты бекітілді.

Жобаның негізгі міндеттері:

- ерекше қажеттілігі бар балаларға цифрлық білім беру ресурстарының қолжетімділігін қамтамасыз ету;
- жалпы білім беретін мектеп оқушыларымен бірдей білім алуына жағдай жасау, әртүрлі жарыстар мен ғылыми жобаларға қатысуын ұйымдастыру;
- ерекше қажеттілігі бар балалар арасында да IT-білім беру, робототехника, экологиялық білім беруді дамыту;
- «Оқуға құштар мектеп» жобасына қатысуын дамыту.

Жобаны жүзеге асыру үшін келесі құрал-жабдықтар алынды:

- көру қабілеті бұзылған балалардың білім алуына ыңғайлы болуы үшін – интерактивті панельдер;
- «Bilimbook» ноутбуктер;
- «Робототехника» кабинеті;
- музыкалық аппаратура;
- шағын жылыжай және т.б. құралдар.

Барлық оқу кабинеттеріне жоғары жылдамдықты интернет қызметі қосылды. Көру қабілеті бұзылыстарын түзетуге арналған цифрлық-жаттықтырушы ресурстар, аудиокітаптар жинақталуда.

Барлық компьютерлік техникаларға «Bilimland», «Twig-Bilim», «BilimKids», «I-Mekter» цифрлық білім беру ресурстары қосылды. Білім беру ұйымының кітапханасы - шағын Coworking-орталыққа бейімделді.

Жоғарыда аталған облыстық жобалар – Қызылорда облысы білім жүйесінің пәндер(бағыттар) бойынша «тірек білім беру ұйымдарын» қалыптастыру, облыстық пән бірлестіктерінің(ассоциацияларыны)

шығармашылық алаңдарын ұйымдастыру бағытындағы жұмыстары болып табылады.

Атқарылған жұмыстар мен алдағы мақсаттар 2022 жылдың 5 мамырында Қызылорда қаласында өткен «Баланың кешенді дамуы: шығармашылық әлеуетін ашу» тақырыбындағы музыка, көркем еңбек пәндерінің және қосымша білім беру ұйымдары педагогтерінің республикалық съезінде таныстырылып, оң бағасын алды.

Сонымен қатар, 2023 жылдың тамыз айында республикалық «Тамыз кеңесі» аясында Қызылорда қаласында өткізілген мектепке дейінгі білім беру ұйым педагогтерінің республикалық секция отырысында тәжірибе таратылды.

Әрбір баланың тұлға ретінде қалыптасып, өзгермелі әлемде лайықты орнын табуына ықпал жасау – Қызылорда облысының білім саласының негізгі міндеттерінің бірі болып табылады.

Ұсынылған жобаға қызығулық танытсаңыз, толық ақпарат алу үшін жоба авторларымен байланысқа шыға аласыз!

Жоба авторы: Қызылорда облыстық білім басқармасының «Қызылорда облыстық оқу орталығы (әдістемелік кабинеті)» КММ

Телефон: 8 (7242) 26-38-05

Электронды почта: obrazovanie_ko@mail.ru

Маңғыстау облысы

Жоба атауы: «Математикалық прогрессия» байқауы

Жоба мақсаты: Педагог кәсібінің мәртебесін арттыру және педагогтардың кәсіби қарым-қатынасына, олардың кәсіби байланыстарын кеңейтуге және дамытуға жәрдемдесу, әдістемелік көмек көрсету, шығармашыл педагогтерді көпшілікке таныту.

Міндеттері:

- Білім беруді ақпараттандыру жағдайында шығармашылықпен жұмыс жасайтын пән мұғалімдерін анықтап, озық іс-тәжірибелерін тарату, мадақтау мен кәсіби имиджін арттыру;

- Мұғалімдердің шығармашылық қабілеттерін дамытуда жоғары нәтиже көрсеткен белсенді шығармашылықпен жұмыс жасайтын мұғалімдерге демеу көрсету;

- Олимпиадалық тапсырмалар базасын дайындау;

- Мұғалімдерді біліктілік тестілеуіне дайындау.

Тәжірибені іске асыру мерзімі: шектеусіз

1 кезең: әр оқу жылының алғашқы айларында аудандық, қалалық кезеңдер (қазан -ақпан);

2 кезең: әр оқу жылында облыстық кезең (наурыз).

Қажетті құрал көздері:

- Математикалық кітаптар;

- әдістемелік құралдар;

- ҰБТ-дің күрделі есептер жинақтары;

- олимпиадалық есептер жинақтары;

- «Математикалық регата» олимпиадасының есептерінің жинақтары.

Болжалды өнімдер:

- Оқу жылының әр айының бір аптасында байқау өткізу;

- екінші аптасында қатысушылар берілген есептермен жеке-дара шығару жолдарын іздейді;

- апта соңында байқау қатысушыларының жинаған ұпайлары құпия сақтала отырып, әрбір қатысушының электронды почтасына жіберіледі;

- үшінші аптасында байқау қатысушыларынан құралған чатқа байқауда келген есептердің жауаптары және әр түрлі әдістерінің шығару жолдары жіберіледі, талданады, ұйымдастырушылар сұрақтарға жауап береді.

Күтілетін нәтижелер:

- математика пәні мұғалімдер өз ара тәжірибе алмасады;

- математика пәні мұғалімдерінің қауымдастығының жұмысы дамиды;

- математика пәні мұғалімдерінің әріптестік тығыз қарым -қатынас қалыптасады;

- математика пәні мұғалімдерінің өз білімдерін үздіксіз жетілдіріп отырады;

- шығармашыл педагогтерді көпшілікке танытып отыру;

- білікті, тәжірибелі мұғалімдердің санын арттыру.

Өзектілігі: Қазақстанды әлемдік деңгейде таныту үшін білім жүйесі бәсекеге қабілетті, жоғары деңгейде болуы қажет. Оқу үрдісі уақыт талабымен қаншалықты өзгергенімен оның мазмұнын оқушы санасына жеткізу ол ұстаздың міндеті.

Математика пәнінің өзге пәндерге қарағанда өзіндік қиыншылықтары бар. Оқушылар пәнді меңгерудегі қиындықтарды көп айтады. Басқа пәндерге қарағанда білім сапасының төмендігі байқалады. Бұл мәселені шешу мұғалімнің кәсіби шеберлігіне байланысты.

Мұғалім өз қызметін ойдағыдай атқару үшін нені меңгеру қажет?

Оқушыларды пәндік олимпиадаларға әзірлеу, ғылыми жобаларға қатыстыру сияқты жұмыстар мұғалімнің шеберлігін шыңдай түседі. Өйткені, мұғалім өзгені оқыту арқылы өзі де оқиды, ізденеді. Үздіксіз іздену бүгінгі таңда мұғалімге қойылып отырған басты талаптардың бірі.

Америкалық педагог, математик Д. Пойа былай деген: «Математиканы білу деген не? Бұл есептерді шығара білу, онда стандарттық есептерді ғана емес, ойлау еркіндігі, сананың сауаттылығын, өзіндік болмысты, тапқырлықты керек ететін есептер шығару».

Тәжірибелік маңыздылығы: «Мұғалімнің кәсіби біліктілігі – нәтижеге бағытталған білім сапасының кепілі» тақырыбында педагогтар кадрлардың біліктілігін арттыру жүйесінің сапасын жетілдіру, педагог құрамының сапасын менеджментті енгізу арқылы – сапалы білім беруде әлемдік стандарттар деңгейіне қол жеткізу үшін пәнге жаңа әдіс – тәсілдерді енгізу қажет. Сабақ барысында бір ғана тәсілмен шектелмей, қазіргі таңдағы инновациялық технологияларды жас ерекшеліктері мен қабілеттеріне байланысты тандап қолданудың маңызы зор.

Заманымыз алға жылжыған сайын уақыт талабы күшейіп, білім нәрімен сусындатып отырған шәкірттеріміз білімді, талапты, ойшыл, дарынды тұлға болып қалыптасуы үшін, оқыту үрдісінде жаңа әдіс – тәсілдерді, идеяларды қолдана отырып, үздіксіз ізденіспен оқушылардың білімін, таным – талғамын, ой – өріс мен шығармашылық қабілеттерін дамыту ұстаздар қауымының басты мақсаты болып отыр. Осыған орай Қазақстандық білім беру жүйесінің әлемдік



білім беру кеңістігіне енуі аясында педагогтың жеке тұлға ретіндегі бейнесі, оның кәсіби біліктілігі айрықша мәнге ие болуда. Бұл міндеттерді шешу үшін мұғалімнің күнделікті ізденісі арқылы барлық жаңалықтар мен қайта құру, өзгерістерге жол ашады. Себебі мұғалім білім беру үрдісін жаңартудағы басты тұлға болып келеді. Бұл жаңарудың бастамасын қаншалықты серпінді, шығармашыл болса, ол келіп құятын білім айдыны да сондай дәрежеде болатыны сөзсіз.

Бұл байқау пән мұғалімдеріне үлкен қозғау болғандығын, байқау бастапқы кезеңі мен байқау аяғындағы мұғалімдердің көрсеткен нәтижелерінен анық көрінді. Осындай, қуантарлық нәтижелерді көре отырып және пән мұғалімдер пікірін ескер отырып, алдағы уақытта да «Математикалық прогрессия» сайысын жалғастыру туралы шешім қабылданды.

Жобаның мазмұны :

Байқауға қатысушы мұғалімдер төмендегі бағытта жұмыстанады:

- Облыстық байқау әр оқу жылында бір рет өткізіледі;
- Байқау I турдан тұрады және әр мұғалім жеке өзі бөлек қатысады;
- Байқауға қатысушы мұғалімдердің барлығына бірдей есептер беріледі;
- Байқауда әр бір мұғалім 30 есептен (25 стандарттық және 5 олимпиадалық есеп) тұратын тапсырманы орындайды.
- Бір есепке 1 ұпайдан және соңғы 5 олимпиадалық есепке 5 ұпайдан беріледі;
- Байқауға қатысушы мұғалімдер есептердің шешімдерін жазбаша түрде ұсынады.

Тәжірибенің жаңашылдығы, ерекшелігі туралы ақпарат:

Математика пәні мұғалімдеріне әдістемелік көмек көрсету, мұғалімдердің теориялық білімдерін жетілдіру.

Қатысушылардың 5 рет өткен байқаудағы ұпайлары есептеледі;

Ең жоғарғы ұпай алған қатысушыға «Жүрмелі кубок», I, II, III орын тағайындалады

Жүрмелі кубок иесі және I, II, III орын иегерлері ұйымдастырушылар қатарына өтеді;

Жеңімпаздар облыстық кезеңге жолдама алады;

4 – жылы әр жылғы жеңімпаздар арасында «Супер кубок» иегері анықталады;

Математика пәні мұғалімдері өз үстінде ізденуіне ықпал жасау;

Өз пәні бойынша кеңінен материалдар топтау;

-өзара тәжірибе алмасу;

-математика пәні мұғалімдері арасында бәсекеге қабілеттілікті арттыру;

-өзара әріптестік қарым-қатынас орнату;

-математика пәні мұғалімдерінің мәртебесін арттыру;

-жас мамандарға әдістемелік көмек көрсету;
-математика пәні мұғалімдерінің пәндік олимпиадаға оқушыларды дайындауда үлкен септігін тигізу;

-математика пәні мұғалімдерінің біліктілік тесттілуге белсене қатысуға әдістемелік көмек көрсету;

Математика пәні мұғалімдерінің оқушыларды ҰБТ-леуге дайындауда әдістемелік көмек көрсету;

Математика пәні мұғалімдерінің біліктілігін арттырып, Маңғыстау облысы мектептеріндегі оқушылардың математика пәні бойынша білім сапасын арттыру;

Облыстық оқу жаттығу ауысымдарында дарынды балалармен жұмыс жасайтын педагогтар базасы қалыптасады;

Облыстық олимпиадаларда қазылық етуге педагогтар тобын жасақтауға мүмкіндік береді.

Жобаны жүзуге асыру механизмі.



Тәжірибенің нәтижелілігі:

1) 2022 жылы Атырау қаласында өткізілген «Математикалық регата - 2022» республикалық байқауда команда – I орын иеленді.

Жеңімпаздар: Омар Шаяхмет (Ақтау қаласы, ОМИ), Ережаева Наргиза (Жаңаөзен қаласы, №3жббм), Абдуллаев Джембай (Жаңаөзен қаласы, №5 мектеп-гимназия), Нұржігіт Нұрболат (Түпқараған ауданы, Ақшұқыр м/г)

2) Ауданов Мақсет (НЗМ командасы)

3) 2021 жылы Алматы қаласында өткізілген VIII халықаралық шығармашылық байқауда математика пәні мұғалімдері I орын: Нұржігіт Нұрболат (Түпқараған ауданы, Ақшұқыр м/г), III орын: Джубанов Кабай (Бейнеу ауданы, Бейнеу лицейі), IV орын: Ахмеджан Диас (Түпқараған ауданы, Ақшұқыр м/л), IV орын: Калиева Сауле (Мұнайлы ауданы, №10 жббм);



IV орын: Қожахмет Калила (Жаңаөзен қаласы, №13 Дарын м/л) Маңғыстау командасы - III орын;

4) 2022 ж Алматы қаласында өткізілген IX халықаралық шығармашылық байқауда математика пәні мұғалімдері: I орын: Ураков Әлібек (Ақтау қаласы, №17 жббм) II орын: Джубанов Кабай (Бейнеу ауданы, Бейнеу лицейі), III орын: Абуова Индира (Ақтау қаласы, №13 м/г), III орын: Ережепова Наргиза (Жаңаөзен қаласы, №3 жббм), III орын: Ахмеджан Диас (Түпқараған ауданы, Ақшұқыр м/л); III орын: Конурбаев Ермек (Мұнайлы ауданы, №11 жббм); III орын: Рахметов Көбейсін (Мұнайлы ауданы, №8 жббм), IV орын: Кудайбергенова Радмира (Ақтау қаласы, №29 Ф.Оңғарсынлва ат. жббм); IV орын Орынбасаров Жалғасбай (Жаңаөзен қаласы, №19 жббм); IV орын: Нұрлыбекова Алтынгүл (Түпқараған ауданы, С.Шапағатов м/г); IV орын: Дүйсенбаев Бақытжан (Мұнайлы ауданы, Қызылтөбе лицейі); IV орын: Калиева Сауле (Мұнайлы ауданы, №10 жббм); IV орын: Калбайтегі Ақылбек (Мұнайлы ауданы, №12 жббм)

Маңғыстау командасы - II орын;

5) 2023 ж 3-5.02 күні Алматыда өткізілген V халықаралық математика, физика, және информатика пәнінің ұстаздары мен тренерлер арасында өткен байқауда математика пәні мұғалімдері Нұржігіт Нұрболат (Түпқараған ауданы, Ақшұқыр м/г) - II орын, Жаппар Қуаныш - III орын (Жаңаөзен қаласы, ЖБИЛ).

Жоба аясында педагогтер арасындағы туындаған бәсеке арқылы, өз білімін әрдайым шыңдауға машықтайтын құрал ретінде пайдалануға болады.

Ұсынылған жобаға қызығулық танытсаңыз, толық ақпарат алу үшін жоба авторларымен байланысқа шыға аласыз!

Жоба авторы: Маңғыстау облысы білім басқармасының
Облыстық қосымша білім беру оқу-әдістемелік орталығы
Телефон: 8 (7292) 60-70-01
Электронды почта: Umco.aktau@mail.ru

Павлодар облысы

Жоба атауы: «Қаладан-ауылға» инновациялық жоба

«Қаладан-ауылға» жобасын іске асыру бойынша инновациялық қызметті жүзеге асыру: білім беру кластері субъектілерін сабақтан тыс және сабақтан тыс қызмет арқылы білім беру сапасын арттыру мәселелері бойынша ұйымдастырушылық, ақпараттық және әдістемелік сүйемелдеу, сондай-ақ оқыту, зерттеу, конкурстық қызмет түрлері арқылы педагогтердің кәсіби құзыреттерін дамыту. Жұмыс нәтижелерін рәсімдеу; инновациялық қызмет өнімін таратуға дайындықты қалыптастыру; педагогтерге кәсіби құзыреттілікті арттыруға мүмкіндік беру, үздік тәжірибелерді тарату; білім беру мекемелері арасындағы әріптестік қатынастарды дамыту.

Тәжірибенің мақсаты:

Павлодар облысының ауылдық аудандарындағы білім беру ұйымдары мен мамандандырылған мектептері арасындағы білім беру сапасындағы алшақтықты қысқарту мәселелері бойынша кәсіби өзара іс қимыл және ынтымақтастық моделін әзірлеу және енгізу.

Тәжірибені іске асыру мерзімі:

2019 – 2024 жылдар аралығында (өзара іс-қимыл тараптарының сұраныстары бойынша ұзартуға болады).

Тәжірибенің жаңашылдығы, ерекшелігі:

Облыстың білім беру ұйымдарының кәсіби өзара іс-қимыл механизмін құру: кәсіби сұраныстарды анықтау, қалалық және ауылдық білім алушылар арасындағы білім беру сапасындағы алшақтықты қысқартудың нақты механизмдерін құру, білім алушыларға тең мүмкіндіктерді қамтамасыз ету үшін педагогикалық ұжымдардың күш-жігерін біріктіру.

Құрыстырылған мақсатты индикаторлары:

- кәсіби өзара іс-қимылды ұйымдастырушылық, ақпараттық және әдістемелік сүйемелдеу іс-шаралар жоспарын іске асыру көлемі;
- жобаға қатысатын ауылдық ауданның ББҰ үлесі;
- өткізілген іс-шаралар саны (оқыту семинарлары, семинар-практикумдар, WEB-семинарлар, тренингтер, консультациялар);
- жобаны іске асыруды әдістемелік сүйемелдеу бойынша білім беру ұйымдарының инновациялық тәжірибесін зерделеу, қорыту және тарату.

Тәжірибенің нәтижелілігі:

Мақсатты кәсіби өзара іс-қимылдың нәтижесі карантинге дейінгі кезеңдегі білім сапасының көрсеткіштерін сақтау болды:

ауылдық жерлердегі орта білім беру ұйымдарында 2019-2020 жылдан 2022-2023 оқу жылына дейін 62-64,7% шегінде қалды: 6 ауылдық жерде оң динамика, 5 ауданда (12-ден) - тұрақты.

2021 жылы республикалық турда өткен 5 байқауда облыс мұғалімдері 9 жүлделі орынды (дистанциондық форматта) жеңіп алды. 2022, 2023 жылдары

(1 жартыжылдық) облыс мұғалімдері республикалық деңгейдегі «Үздік педагог», «Үздік ресурстық орталық», «Педагогикалық идеялар фестивалі», «Үздік авторлық жұмыс» байқауларында 21 жүлделі орынға ие болды, 2023 жылы ауылдық округтердегі оқушыларға арналған пәндік олимпиадалар мен ғылыми жоба байқауларына облыстық деңгейде қатысудың тиімділігі 25,5%-ға өсті.

Ұсынылып отырған ынтымақтастық тәжірибесі «ауыл мектебіндегі білім сапасы: шындықтар, проблемалар, шешу жолдары» халықаралық конференциясында (2022 ж. қаңтар), «Жалпыұлттық құндылықтар білімде беру және тәрбие» Республикалық педагогикалық құрылтайында (2022 ж. қазан), «Кәсіби білім беру үдерісіндегі тиімді педагогикалық практика. Ынтымақтастық» республикалық телекөпір - смарт форумында (2022 ж. желтоқсан), Қ. Сәтбаев атындағы Халықаралық конференция (2023 ж. сәуір), «Білім беруді дамытудың жаңа векторы: стратегиялар мен перспективалар» республикалық ғылыми-практикалық конференциясы (2023 ж. тамыз), облыстық телевизия мен «Халық радио» эфирінде.



2023 жылы Павлодар облысының білім беруді дамытудың инновациялық орталығы **«Қаладан-ауылға» жобасын іске асыру туралы материалдар жинағын шығарды.**

Қосымша мәліметтер

2020 жылдан бастап мамандандырылған мектептер демеуші мектептердің мұғалімдері мен оқушылары үшін көптеген ашық сабақтар, семинарлар, проблемалық кеңестер және т.б. ұйымдастырды. Жобаны іске асырудың тиімділігін арттыруға өткізілетін іс-шаралардың сапасын бақылау, оның ішінде осы бағытты білім беру ұйымдарының қамқоршыларын мектепшілік бақылау жоспарларына міндетті түрде енгізу ықпал етеді.

2022-2023 оқу жылында кәсіби серіктестік жағдайында мұғалімнің кәсіби дамуы және оның кәсіби мәртебесін арттыру, білім беру және кәсіптік қажеттіліктерін қанағаттандыру, оның біліктілігінің кәсіби және әлеуметтік ортаның өзгермелі жағдайларына сәйкес келуін қамтамасыз ету күтілетін нәтиже бере бастады. Ауылдық білім беру ұйымдары кері байланыс шараларын өткізіп, өткен жылдардағы атқарылған жұмыстардың практикалық маңыздылығын айғақтайды.

Әріптес дуэттердің ауыл мектептерінде дуалды сабақ өткізуі тәжірибеге айналған. Қалалық және ауылдық мектептердің білім алушыларына арналған екіжақты іс-шаралар жаңа дизайн мен мазмұнға ие болды: олимпиадалар, хакатондар, пікірталастар, көшбасшылық ойындар.

Облыстағы мамандандырылған мектептердің «Үздік педагог» төсбелгілерінің иегерлері, шебер, - зерттеуші мұғалімдері ауылдағы әріптестерінің кәсіби сұранысы бойынша еңбек етуде.

2023 жылы Павлодар облысының мамандандырылған және ауылдық мектептерінің оқыту сапасындағы алшақтықты қысқартуға бағытталған «Қаладан-ауылға» облыстық инновациялық жобасын іске асыру шеңберінде кәсіби өзара іс-қимылын ынталандыру мақсатында Александр Владимирович Поляков атындағы «Қаладан-ауылға» жобасын іске асыруға қосқан үлесі үшін сыйлығы тағайындалды. Павлодар облысы Шарбақты ауданының «Победа» ЖШС басшысы Владимир Александрович Поляков атаулы сыйлықтың құрылтайшысы болып табылады. Республикалық ғылыми-практикалық конференцияда кәсіби ынтымақтастықтың үздік тәжірибелерін ұсынған төрт кәсіби педагог атаулы сыйлыққа ие болды.

Ереже бойынша оқу жылы ішінде қарамағындағы ауданның білім беру ұйымдарымен тиімді кәсіби өзара іс-қимылды және ынтымақтастықты жүзеге асырған мамандандырылған мектепке жоғарыда аталған сыйақыны беру және төлеу тәртібін айқындайды...

Құрылтайшы сыйлықты жыл сайын мамандандырылған мектептің және ауылдық аудандардың білім беру ұйымдарының екіжақты қызметін бағалау критерийлеріне сәйкес талдамалық материалдарды зерделеу нәтижесінде анықталған «Кәсіби өзара іс-қимылдың үздік тәжірибесі», «Тиімді команда құру», «Жылдың серпілісі» үш номинациясы бойынша тапсырады (Қосымша 7).



Бағалау парағы қосымшада ұсынылады:

<https://drive.google.com/file/d/1zBZ7E-jkgQOPCWxZbNtTbINtXiUIT314/view?usp=sharing>

Қорытынды

Қазіргі қоғамның талаптарына сүйене отырып, «Білімді ұлт «сапалы білім беру» ұлттық жобасында айқындалған міндеттерді іске асыру шеңберінде білім беру сапасын арттыру жөніндегі инновациялық процестерді ұйымдастыруда Павлодар облысының тәжірибесі ұсынылды.

Жоба аясында Павлодар облысының шағын жинақты мектептеріне әдістемелік көмек көрсету үшін тұрақты жұмыс істейтін көпсалалы педагогикалық экспресс ұйымдастырылды. Командалық шеберханалар мамандандырылған мектептер мен ауылдық жерлердегі сәтті дуэттердің панорамасын көрсетіп, жана және педагогикалық ұжымдар жиі қолданылатын технологиялар мен әдістермен алмасады.

Ұсынылған жобаға қызығулық танытсаңыз, толық ақпарат алу үшін жоба авторларымен байланысқа шыға аласыз!

*Жоба авторы: Павлодар облысы білім басқармасының «Білім беруді дамытудың Инновациялық орталығы» коммуналдық мемлекеттік мекемесі
Телефон: 8 (7182) 22-20-80
Электронды почта: pavlinnocentre@mail.ru*

Солтүстік Қазақстан облысы

Жоба атауы: «Бірлестік»

Тәжірибенің мақсаты: Кәсіби қызметте пән мұғалімдерінің педагогикалық қауымдастығының тиімді өзара әрекеттесу моделін қалыптастыру.

Тәжірибенің міндеттері:

- Білім бөлімдерінің аудандық және қалалық әдістемелік кабинеттерінің қызметкерлеріне, облыс педагогтеріне әдістемелік және консультациялық көмек көрсету;

- жалпы орта білім беру ұйымдарындағы оқу-әдістемелік жұмыстың жай-күйін зерделеу және талдау;

- оқу-тәрбие процесіне заманауи технологияларды еңгізу;

- оқытудың жаңа технологиялары бойынша ақпараттық-әдістемелік материалдарды әзірлеу және басып шығару, сондай-ақ өз құзыреті шегінде әдістемелік әдебиеттер шығаруды жүзеге асыру;


- растайтын құжаттарды ұсына отырып, халықаралық, республикалық және облыстық деңгейдегі іс-шараларды өткізу: көрмелер, семинарлар, конкурстар, фестивальдар, олимпиадалар, конференциялар, форумдар және тағыда басқа;

- педагогтердің инновациялық озық тәжірибелерін жинақтау және тарату.

Тәжірибені іске асыру мерзімі: 2019 - 2024 жылдар аралығы

«Солтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің білім басқармасы» КММ «Білім беру саласындағы әдістемелік жұмыс және ақпараттық технологиялар орталығы» КММ (Бұдан әрі – БСӘЖжАТО) «Бірлестік» жобасын педагогтерге әдістемелік жұмысты тиімді ұйымдастыру үшін бес жылдық жоспар әзірлеп, жүзеге асыра бастады.

Әдістемелік жұмыс орталығы педагогтерді өзекті мәселелерді шешуде біріктіретін, сондай-ақ идеялар калейдоскобы, педагогикалық панорама, зертхана және т.б. тәсілдерді пайдалана отырып, тәжірибені тарататын 16 пәндік қауымдастықтың қызметін табысты үйлестіреді. Төменде көрсетілген кестеден пән мұғалімдерінің бірлестіктеріндегі тік өзара әрекеттесуін көре аласыздар.



Қауымдастықтардың қызметі шеңберінде аймақтық және халықаралық пәндік олимпиадалар, пән мұғалімдерінің форумдары, оның ішінде білім беру мекемелерінің педагогтері мен шет елдердің (Түркия, Ұлыбритания, Өзбекстан, Ресей, Беларусь және т.б.) жоғары оқу орындарының профессор-оқытушылар құрамының және Қазақстанның басқа өңірлеріндегі әріптестердің қатысуымен өткізіледі. Пән мұғалімдерінің халықаралық форумдары өткізіледі, 2019 жылдан бастап физика, биология және химия, қазақ тілі мен әдебиеті, тарих және география мұғалімдерінің халықаралық кездесулері өтті. Форумдардың нәтижелері бойынша авторлық бағдарламалар мен оның қатысушыларының мақалалар жинағы шығарылады. Бастауыш мектепте білім беру сапасын арттыру мәселелерін өзектендіру және көтеру үшін 2023-2024 оқу жылында бастауыш сынып мұғалімдерінің форумын өткізу жоспарланған.

БСӘЖЖАТО жұмысының негізгі бағыттарының бірі қауымдастық мүшелерінің оқу пәндерінің мазмұнын жетілдіру және оқыту сапасын арттыру үшін білім беру процесінде пайдаланылатын оқулықтарды, ОӘК, электрондық ресурстарды сараптауға қатысуы болып табылады.



«Бірлестік» жобасы аясында педагогтердің іс-тәжірибесін таратуға бағытталған Youtube қосышасында «Білікті ұстаз» парақшасы жұмыс істеуде

Сонымен қатар, пәндер қауымдастығының жұмыс жоспарларына әдістемелік іс-шаралар енгізілді: семинарлар, шеберлік сыныптары, жаттықтырушылар, конкурстар, олимпиадалар, дөңгелек үстелдер, форумдар,

конференциялар, диалог алаңдары, педагогтердің кәсіби құзыреттілігін арттыруға ықпал ететін әдістемелік материалдарды әзірлеу. 120-дан астам тақырыптық семинарлар өткізілді, 7 көшпелі «Диалог алаңдары» өткізілді.

4 халықаралық форум, дөңгелек үстелдер, оның ішінде СҚО Білім басқармасы басшысының қатысуымен өтті. «Өрлеу» БАҰО» АҚ, «НЗМ» АҚ және педагогикалық шеберлік орталығының әдіскерлерімен бірлесіп «Lesson study» технологиясы бойынша оқыту семинарлары өткізілді.

Мастер-кластарда қатысушылар жаңа білімді тәжірибеде ықпалдастыруға мүмкіндік алды, 1500-ден астам педагог тыңдаушыларға айналды, 70-тен астам педагог өздерінің тиімді тәжірибелерімен бөлісті.

Жобаның 4 жыл ішіндегі өсім көрсеткіштері



Жобаның қажеттілігі мәселесі бойынша жағдайды талдаудан «Бірлестік» жобасы осы кезеңде сәтті болғаны анықталды. Қоғамдастық мүшелерінің пікірін мониторингтеу, олардың желілік ынтымақтастықты ұйымдастырудың оң тәжірибесі, білім беру мазмұнының проблемалық және даулы мәселелерін жедел шешу мүмкіндігі атап өтілгенін көрсетті. Қауымдастықтар ең жақсы тәжірибе мен озық практиканы таратуға ықпал етеді, аумақтық шекарадан шет мемлекетке шығу мүмкіндігіне ие болады, сонымен қатар мұғалімнің жеке сұранысы бойынша атаулы әдістемелік және консультациялық көмек көрсетуге көмектеседі, шығармашылық уақытша немесе тұрақты ұжымдарға қызығушылықтары бойынша бірігуге көмектеседі.

Екі жыл ішінде БСӘЖЖАТО әдістемелік қызметі «Балалар мен жасөспірімдерге арналған психологиялық көмек телефоны» жұмысын ұйымдастырды, 4 психолог оқытылды. Бүгінгі таңда қызметтің тиімділігі байқалады.

«Солтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің білім басқармасы» КММ 2022 жылғы 21 сәуірдегі №449 бұйрығымен әзірленіп, бекітілген Солтүстік Қазақстан облысының педагог қызметкерлеріне арналған өңірлік

конкурстардың пулы (тізбесі) (18.07.2022 ж. өзгертулермен), жыл сайын жаңартылып отырады.

Әр жылдары жоба аясында республикалық және халықаралық деңгейдегі іс-шаралар өткізілді.

Маңызды бағыттардың бірі-өтілі 3 жылдан аспайтын жас педагогтарды қолдау. «Жас маман-жаңа қадам» дөңгелек үстелін өткізу, «Жаңа Қазақстан: жас педагогтердің рөлі» I Халықаралық Форумы аясында жас педагогтарға арналған 4 панельдік секция өткізілді. Форум аясында «Дебют» облыстық жас педагогтер байқауының жобалары қорғалды. Форумға 25 жасқа дейінгі 300-ден астам жас педагог жиналды, олардың арасында СҚО білім беру ұйымдарының өкілдері, Қазақстан өңірлерінен, жақын және алыс шетелдерден келген қонақтар болды.

2019 жылдың 29 наурызында физика мұғалімдерінің педагогикалық шеберлігін жетілдіру мақсатында ғылыми әлеуетті дамыту аясында білім беру саласындағы әдістемелік жұмыс және ақпараттық технологиялар орталығы білім басқармасымен бірлесіп «Шексіз педагогикалық кеңістік» атты физика мұғалімдерінің I Халықаралық форумын ұйымдастырды. Форум жұмысына жалпы білім беретін және мамандандырылған мектептердің екі жүзден астам физика мұғалімдері, физиканы оқытудың педагогикасы мен әдістемесі бойынша мамандар, жоғары оқу орындарының, техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарының физика пәні оқытушылары, Қазақстан Республикасының Солтүстік Қазақстан, Шығыс Қазақстан, Жамбыл, Түркістан облыстарының, сондай-ақ Ресей Федерациясының Қорған және Омбы облыстарының бастауыш сынып мұғалімдері қатысты.

Форум жұмысы пленарлық отырысты, келесі бағыттар бойынша секциялардың жұмысын қамтыды:

- Физика пәнін әдіснамалық қамтамасыз етудің даму тенденциялары;
- Жобалау-зерттеу қызметі білім алушылардың жеке басын дамыту және мұғалімнің кәсіби шеберлігін арттыру факторы ретінде;
- Жас педагогтың шеберханасы;
- Қазіргі қоғамды қалыптастырудың шарты ретінде физиканы оқытудың бірыңғай инновациялық кеңістігі;
- Бастауыш сынып оқушыларының зерттеу дағдыларын дамыту бойынша педагогикалық идеялар (жаратылыстану пәнінің физика бөлімі).

Форум төрт білім беру алаңында өтті: Оқушылар сарайы, М Қозыбаев атындағы СҚУ, Назарбаев Зияткерлік мектебі, «Бест» гимназиясы.



**«Шексіз педагогикалық кеңістік» атты физика
мұғалімдерінің I Халықаралық форумының
материалдары**

2019 жылдың 1 қарашасында Петропавл қаласында химия және биология мұғалімдерінің «Кәсіби ынтымақтастықтың ғылыми зертханасы» атты I Халықаралық форумы өтті. Осы форумға Қазақстан Республикасы мен Ресей Федерациясының әртүрлі өңірлерінен 300-ден астам педагог қатысты, олардың мақсаты мұғалімдердің ғылыми-педагогикалық шеберлігін жетілдіру және ғылыми әлеуетті дамыту болды. Форумның пленарлық бөлігіне Алма Қайыркенқызы Мұхамеджанова (Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі Б. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясының үш тілді білім беру орталығының басшысы), Валерий Александрович Конышев («Омбы облысының білім беруді дамыту институты» кафедрасының меңгерушісі), Владислав Васильевич Поляков (Химия ғылымдарының докторы, профессор, М. Қозыбаев атындағы Солтүстік Қазақстан университетінің Халықаралық Ақпараттандыру Академиясының корреспондент-мүшесі), Елшібеков Нұрғали Рахымұлы Петропавл қаласының химия-биологиялық бағытындағы Назарбаев Зияткерлік мектебінің директоры) және Вероника Александровна Щербина (Ақмола облысы Степногорск қаласы білім бөлімінің әдіскер-тәлімгері).

Форумда 6 алаңда түрлі іс-шаралар өткізілді, онда келесі тақырыптар ұсынылды: биология және химия пәндерін ғылыми-әдістемелік қамтамасыз етудің даму тенденциялары; білім алушылардың жеке басының даму факторы және мұғалімдердің кәсіби шеберлігінің өсуі ретінде ғылыми-зерттеу қызметі; жас педагог табысының формуласы және басқалар. Форум алаңдарында педагогтер өз шеберліктерін көрсетіп, педагогикалық тәжірибені жетілдіруде, озық педагогикалық тәжірибені таратуда, ғылыми зерттеулерді практикаға енгізуде және халықаралық ынтымақтастықты орнатуда тәжірибе алмасты.



**«Кәсіби ынтымақтастықтың ғылыми зертханасы»
атты химия мен биология мұғалімдерінің I
Халықаралық форумының МАТЕРИАЛДАРЫ**

«Ұлылыр мұрасы және заманауи білім» тақырыбында қазақ тілі мен әдебиеті мұғалімдерінің I Халықаралық форумы 2020 жылдың 8 қазанынан 6 қараша аралығында өткізілді. Ұйымдастырушы: СҚО «Білім саласындағы әдістемелік жұмыс және ақпараттық технологиялар орталығы». Барлығы 7 секция, пленарлық отырыс өткізілді. Оқыту жүйесі орыс тілді мектептердегі қазақ тілі мен әдебиеті секциясының спикерлері «Ұлылар тілі-халқымыздың мұрасы» тақырыбында телекөпір, оқыту жүйесі қазақ тілді мектептердегі қазақ тілі мен әдебиеті секциясы «Заманауи білім беру кеңістігіне ену жағдайында қазақ тілі мен әдебиетін оқытудың өзекті мәселелері» тақырыбында ток шоу, М.Қозыбаев атындағы СҚУ «Практикалық қазақ тілі» кафедрасы «Қашықтықтан білім беру жағдайында қазақ тілін оқытудың жаңа

аспектілері» атты дөңгелек үстел, қазақ тілі мен әдебиеті кафедрасы «Қазақ тілі мен әдебиеті мамандарын даярлауда білім алушылардың кәсіби құзыреттілігін қалыптастырудың ерекшеліктері» әдістемелік көпір, Мағжан Жұмабаев атындағы жоғары колледж «Жастардың қоғамдық санасын жаңғыртудағы ұлылардың ағартушылық қызметінің құндылық негіздерінің көрінісі» әдістемелік көпір, мектепалды ұйым және бастауыш сыныптағы қазақ тілі секциясы «Қазақ тілі- ана тілім, дана тілім, бай тілім» дөңгелек үстел, Петропавл қаласы ХББ Назарбаев зияткерлік мектебі «Қазақ тілі мен әдебиетін оқыту: рухани және ізгілік сабақтастығы» тақырыбында дөңгелек үстел ұйымдастырды.

Түркия Республикасы Анкара қаласынан түркітану орталығының директоры, түркі тілі қоғамының мүшесі, профессор Ченгел Касапоглу Хулия, Түркия Республикасы, Ардахан университетінің профессоры Байниязов Аябек, Алматы қаласы, Қазақстан-Британ техникалық университетінің профессоры, педагогика ғылымдарының докторы Дәулетбекова Ж. Т, Астана қаласы, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің доценті, филология ғылымдарының кандидаты Байтанасова Қ. М, Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық университеті, философия докторы Мыңбаева А. П, М. Қозыбаев атындағы СҚУ оқытушылары, ф.ғ.к., Қазақстан Республикасы Ұлттық ұланы Әскери институты Тілдік дайындық кафедрасының бастығы, капитан – Ақмарал Сәркенқызы, ШҚО Семей қаласы, М.Әуезов атындағы педагогикалық колледжінің қазақ тілі мен әдебиеті ПӘК жетекшісі - Нурпеисова Е.Б, Бәйкен Әшімов атындағы Петропавл теміржол колледжінің қазақ тілі пәні оқытушысы - Оспанова А. С, Петропавл құрылыс-экономикалық колледжі кәсіби қазақ тілі пәнінің оқытушысы - Ешмұқанова А. М, Нұрсұлтан қаласы, «Гуманитарлық колледж» МҚКК, қазақ тілі мен қазақ әдебиеті пәнінің оқытушылары форумға өз баяндамаларымен қатысты.

Мектепалды және бастауыш сыныптағы қазақ тілі пәні мұғалімдері секциясы «Қазақ тілі – ана тілім, дана тілім, бай тілім» тақырыбын қозғап біршама өзекті мәселелер талқылады. Президентіміз өз жолдауында айтқандай «Қазақ тілінің мемлекеттік тіл ретіндегі рөлі күшейіп, ұлтаралық қатынас тіліне айналатын кезеңі келеді деп есептеймін. Бірақ мұндай дәрежеге жету үшін бәріміз даңғаза жасамай, жұмыла жұмыс жүргізу қажетпіз». Мына сөзбен толық келісе отыра қазақ тілін дамыту және балаларға сапалы білім беру туралы сұхбат болды. Әрбір ұстаз өзінің тәжірибесіндегі жаңа технологияларымен бөлісе алды. Барлығымыз үшін жаңалық болған Петропавл қаласындағы «Балауса» бөбекжай-бақшасында жұмыс атқаратын Даниярова Айнұр Шахметқызы тек қана еліміздің ішінде емес сонымен қатар шет елдермен жақсы қарым-қатынас жасап, Африкадағы жерлесімізбен білім саласындағы жаңалықтармен бөлісетіні туралы айтты. Жалпы дөңгелек үстел қатысушылары және көрермендер өздеріне жаңадан ауқымды ақпараттар алды.



Ұлылыр мұрасы және заманауи білім» атты қазақ тілі мен әдебиеті мұғалімдерінің I Халықаралық форумының МАТЕРИАЛДАРЫ

2022 жылғы наурызда «Манаш Қозыбаев атындағы Солтүстік Қазақстан университеті» КЕАҚ «Мектептегі тарихи білім: жаңа тұжырымдама, ашық сана, заманауи көзқарас» атты тарих пәні мұғалімдерінің съезі өтті. Съезді ҚР Білім және ғылым министрі А. Қ. Аймағамбетов ашты, оған Ы.Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясының президенті Ғани Бейсембаев қатысты. Мемлекет тарихы институтының директоры Ерлан Әбіл, тарих және этнология институтының директоры Ш. Ш. Уәлиханова ҚР БҒМ ҒК З.Е.Қабылдинов, басқарма төрағасы - ЕҰУ Л. Н. Гумилев ректоры Е. Б. Сыдықов, «Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДББҰ Педагогикалық өлшеу орталығының әдіскерлері, «Ұлттық тестілеу орталығы» РМҚК, ЖОО, орта білім беру әдіскерлері, тарих пәнінің мұғалімдері.

«Тарихи - мәдени мұра - адамзаттың баға жетпес және орны толмас мұрасы» тарих және география мұғалімдеріне арналған I Халықаралық форумы.

2021 жылдың 25 қазаны мен 4 қарашасы аралығында форумда 6 секциялық отырыс өткізіліп, оған 4000-нан астам қатысушы жиналды. Осы отырыстар аясында білім беру инновациялық идеяларының көрмесі, авторлық бағдарламалардың тұсаукесерлері, облыс және республика педагогтерінің шеберлік сыныптары мен озық тәжірибелері ұсынылды. «Әлихан Бөкейханов (1866-2021 жж.) 155 жылдығына» атты бірінші секция осы айтулы мерейтойға арналған. «Тарих және география пәнін ғылыми-әдістемелік қамтамасыз етуді дамытудағы үрдістер» екінші секциясы осы саладағы соңғы үрдістер мен әзірлемелерді талқылады. Үшінші секция «Ғылыми-зерттеу қызметі білім алушылардың жеке басын дамыту және мұғалімнің кәсіби шеберлігін арттыру факторы ретінде» студенттер мен мұғалімдердің дамуындағы ғылыми зерттеулердің маңыздылығын қарастырды. «Тарих пен географияны оқытудың бірыңғай инновациялық кеңістігі қазіргі қоғамның қалыптасуының шарты ретінде» атты төртінші секция тарих және география пәндері үшін заманауи білім беру кеңістігін құрудың маңыздылығын талқылады. «Жас мұғалімнің сәттілік формуласы» бесінші секциясы жас мұғалімдердің озық жұмыс әдістеріне арналды. «Оқушылардың білімін, іскерлігі мен дағдыларын арттыру үшін қосымша ғылыми-білім беру бағдарламаларын іске асыру» алтыншы секциясы оқушылардың білімі мен дағдыларын кеңейтуге бағытталған бағдарламаларды қарастырды.

Әр секция ZOOM және YouTube платформалары арқылы «Білімді ұстаз» арнасы арқылы онлайн трансляцияланып, республика мен Ресей Федерациясының әртүрлі аймақтарынан 800-ден астам педагог жиналды. Форумда келесі спикерлер сөз сөйледі:

1. Мехмет Килдороглу-Kastamonu Universitet (Түркия) атынан қатысатын Түркияның жалпы тарихының доценті.

2. Равшан Ринатович Назаров- Г.В. Плеханов атындағы Ресей экономикалық университетінің Ташкент филиалының «Шет тілдері және гуманитарлық пәндер» кафедрасының доценті.

3. Виктор Иванович Козодой-Ресей Федерациясының Новосибирск қаласының профессоры.

4. Жүсіп Сұлтанхан Аққұлұлы-профессор, Нұр-сұлтан қаласындағы Л. Н.Гумилев атындағы ЕҰУ «Алаш» ҒЗИ директоры.

5. Саттар Фазылұлы Мәжитов-тарих ғылымдарының докторы, профессор, академик, Шымкент қаласындағы Әл-Фараби атындағы ғылыми-әмбебап кітапхананың директоры.



«Тарихи - мәдени мұра - адамзаттың баға жетпес және орны толмас мұрасы» атты тарих және география мұғалімдерінің I Халықаралық форумының МАТЕРИАЛДАРЫ

Ұсынылған жобаға қызығулық танытсаңыз, толық ақпарат алу үшін жоба авторларымен байланысқа шыға аласыз!

*Жоба авторы: «Солтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің білім басқармасы» КММ
«Білім саласындағы әдістемелік жұмыс және ақпараттық технологиялар орталығы»
Байланыс телефоны: 8 (7152) 50-07-15
Электронды почта: cito_sko@mail.ru*

Түркістан облысы

Жоба атауы: «KitapXAH@» кітап оқу жобасы

Жобаның мақсаты: Аудандық, қалалық адами әлеуетті дамыту бөлімдеріне қарасты білім беру ұйымдарының кітапхана мамандары, жалпы педагогтер, оқушылар және ата-аналардың кітап оқу мәдениетін терең қалыптастыру, шығармашылық әлеуетін арттыру болып табылады.

Тәжірибені іске асыру мерзімі: 2021-2023 жылдар аралығы

Жобаның атауы: «KitapXAH@» кітап оқу жарысы.

Kitap – латын қарпімен жазылады.

XAH - мағынасы ең көп кітап оқитын адам (кітап оқығыштардың ең төресі, біріншісі) дегенді білдіреді.

@ - айқұлақ белгісі бұл жобаның электронды, яғни онлайн өтетінін көрсетеді.

Осы үш ұғым бірігіп – **KitapXAH@** - **Кітапхана** дегенді білдіріп тұр.



Міндеттері:

- бүгінгі таңда өз заманының даму деңгейіндегі білімді, оқымысты тұлға қалыптастыру;

- тұрақты кітап оқу;
- оқу сауаттылықты арттыру;
- оқуға құштар болу.

Жоба контингенті: «KitapXAH@» кітап жарыс жобасы мектепке дейінгі білім беру, жалпы орта білім беру, техникалық және кәсіптік білім беру педагогтері мен кітапханашыларына, білім беру ұйымдарының 5-10 сынып оқушыларына және кәсіптік және техникалық білім беру ұйымдарының білім алушыларына арналады. Жас айырмашылығына шектеу жоқ.

Жобаның мазмұны: Оқитын адам – ойлана алатын адам. Кітап оқу тұлғаның дамуының басты факторы. Ақпараттық технологиясы қарқынды дамыған қазіргі цифрлық қоғамның өзінде де кітап оқудың маңыздылығы мен қажеттігін ешкім жоққа шығара алмас. Дамыған елдер халқының кітап оқу дәстүрі экономикалық даму көрсеткішіне индикатор ретінде де қаралып, оған аса мән беріледі. Мәселен, Франция, Ұлыбритания, Үндістан, АҚШ, Қытай,

Чехия және Жапония халқы аптасына 7-11 сағатын кітап оқуға арнайды екен. Орташа статистика бойынша жылына француздар – 20, жапондар – 40 кітап оқиды. Сәйкесінше, әр адамның оқуы тиіс 10 кітаптың тізімдері де жасалған.

Қазақстан Республикасының Президенті Қ.К.Тоқаевтің Жолдауларында және Білім және ғылым министрлігінің 2020-2025 жылдар аралығындағы мемлекеттік даму бағдарламасы мен бұйрықтарында, оқу-әдістемелік нұсқаулықтарында көрсетілгендей, қоғамда кітап оқудың бұқаралық сипат алуын мақсат тұтқан **«Оқуға құштар мектеп – оқуға құштар ұлт»** жобасы қабылданған. Тұлғаның оқу сауаттылығы - жоғары, бәсекеге қабілетті болып, оның қазіргі қоғамдағы коммуникативті құзіретін қалыптастыратын базалық дағдыларын дамыту, ұштау. Бұл жоба Министрліктің осы 2021-2022 оқу жылындағы жүзеге асырылатын жобалардың тізіміне енгізіліп отыр. Социологтардың зерттеулерінде көбіне баланың кітап оқу дағдысы үлкендерден, яғни ата-анасы мен мұғалімдерден берілетін айтылады. Оның үстіне үлкенге қарап үлгі алатын дәстүрлі қазақ қоғамында үлкендердің жақсы өнегесі кішіге үлгі болатыны анық. Осы аргументтерді ескере отырып, **«Оқуға құштар мектеп – оқуға құштар ұлт»** мемлекеттік жобасы аясында Түркістан облысы білім беру ұйымдарының педагогтері мен кітапханашылары арасында **«KitapXAH@»** кітап оқудан жарыс жобасы ұсынылады.

Жобаның кезеңдері:

- Апталық кезең;
- Айлық кезең;
- Жылдық кезең.



Жобаға қатысу үшін тіркелу сайты:

<https://adisnama.edu.kz/>

Өткізу формасы: ZOOM платформасы арқылы Фб желісіне, орталықтың YouTube каналына қосыла отырып, 1 сағаттық тікелей эфир өтіледі.

2023 жылы өткізілген сайыстың өту барысымен тікелей эфирдің жазбасын көру арқылы таныса аласыздар.



[https://www.facebook.com/adisnama.edu.kz/videos/1959804834374452/?_cft__\[0\]=AZVTrp2n3zvRqtmvCwhInkb1pBunTjr3pqbfiEv0joYa7QJvsWv6xerAB2MZFaX9Ad6HiEKoGk_ZH8u9F6xPYg6kVjG0PBI0gADt5ZejlFXTfEXIzF2B8mY6bVIrgyApXCaHRfJBzQ7LSqM9NS3WWCrTqc8k49wXPsSH5BAMLEeAvn6ZfXjnA-O_APkqA_wPmbo&_tn_=%2CO%2CP-R](https://www.facebook.com/adisnama.edu.kz/videos/1959804834374452/?_cft__[0]=AZVTrp2n3zvRqtmvCwhInkb1pBunTjr3pqbfiEv0joYa7QJvsWv6xerAB2MZFaX9Ad6HiEKoGk_ZH8u9F6xPYg6kVjG0PBI0gADt5ZejlFXTfEXIzF2B8mY6bVIrgyApXCaHRfJBzQ7LSqM9NS3WWCrTqc8k49wXPsSH5BAMLEeAvn6ZfXjnA-O_APkqA_wPmbo&_tn_=%2CO%2CP-R)

Жеңімпаздарды анықтау сәті:



Жобаға ұсынылатын әдебиеттер тізімі: ОАМ бекіткен арнайы кітаптармен қатар әр қатысушы өзі оқыған кітабын да ұсына алады.

Жобаның жүзеге асыру үшін өңірде демеушілер тартылады. обаның тиімділігі/нәтижелігі:

- Кітап оқу дәстүрін педагогтар арасында жалпы сипатқа айналдырып, кітап оқу абыройлы дағдыға айналады;
- оқушы мен студенттерге үлгі болу; бос уақытты тиімді ұйымдастыру;
- кітап оқу арқылы жазу, оқу, сөйлеу мәдениетін дамыту;
- мұғалімнің жұмыс тиімділігі мен нәтижесін арттырады;
- қоғам арасында педагог мәртебесін арттырады.

Жобаға қатысты айтылуы мүмкін сыни-пікір: Ауылдық жердегі мектептерде кітап тапшылығы кездесуі мүмкін. Дегенмен, барлық шетел және қазақ әдебиеті қамтылған Kitar.kz вебсайты мен мобильді қосымшасы тегін ұсынылады.

Жобаның жиілігі: әр аптасына бір рет (сонда айына төрт рет), айлық/жылдық.

Жобаның іске асатын орны: «Білім беруді дамыту орталығы» кеңсесі, Түркістан қаласы.

Жобаны іске асырушы тараптар: Түркістан облысы білім басқармасы мен «Білім беруді дамыту орталығы»

Жобаға қажетті ресурстар:

А) телекоммуникация жабдықтары

Жобаға қатысушылар білуі тиіс:

1. Әр турға 5 адам қатысады;
2. Әр адамға **5 минут** қана уақыт берілетінін ескеру;
3. Оқыған кітабын қорғап шығу;
4. Әдепті, сыпайы сөйлесу;
5. Тайм менеджментті сақтау.


Төмендегі кестеде 2022 жылғы және 2023 жылғы жобаға үміткерлер мен қатысушылардың сандық көрсеткіштерімен таныса аласыздар. Әр жыл сайын жобаға қызығушылық танытып жатқан үміткерлердің саны артып келе жатқандығын көре аламыз.

**2021-2023 жылдар аралығында «KitapXAN@»
жобасына педагог үміткерлер мен қатысушылар
туралы ақпарат**



Қатысушылармен қатар жобаның өтуіне қатысып, тыңдармандар саны да артып келеді. Бұл жобаның болашағы бар екендігін көрсетуде. Қазіргі ақпараттық технология дәуірінде кітапты қолға алып оқитын оқырмандар облыста артқандығын көре аласыздар.

"KitapXAN@" жобасының көрермендер көрсеткіші



Ұсынылған жобаға қызығулық танытсаңыз, толық ақпарат алу үшін жоба авторларымен байланысқа шыға аласыз!

*Жоба авторы: Түркістан облысы адами әлеуетті дамыту басқармасының «Түркістан облысының әдістемелік орталығы» КММ
Электронды почта: reception@adisnama.edu.kz*

Ұлытау облысы

Жоба атауы: «Зерде» әлеуметтік- педагогикалық жобасы

(5-9 сыныптардағы білім алушының функционалдық сауаттылығын дамыту, ұлттық құндылықты дәріптеу, цифрлық дағдыларды қалыптастыру негізінде зерделеу)

Тәжірибенің мақсаты: Сәтбаев қаласының 5-9 сынып оқушыларының қоғамда толыққанды жұмыс істеуі үшін қажетті білім мен біліктерінің және функционалдық сауаттылық деңгейлерінің қаншалықты жеткілікті екендігін анықтау, ұлттық құндылықты дәріптеу, цифрлық дағдыларды қалыптастыру арқылы осы жетістіктерге жету үшін мектепте және мектептен тыс білім беру мүмкіндіктерін бағалау.

Жобаның міндеттері:

-білім алушының оқу жетістігінің сапасын арттыру арқылы жалпы білім көкжиегін қамтамасыз ету үшін «Зерде» жобасының жұмыс жоспарын құру;

-PISA, TIMSS, ББЖМ зерттеу тәжірибесіне негізделі отырып, оқушылардың функционалдық сауаттылығын дамытуға бағытталған тапсырмалар базасын құру және апробациялау.

-оқушылардың функционалдық сауаттылығын дамыту, ұлттық құндылықты дәріптеу, цифрлық дағдыларды қалыптастыру және алған білімдерін практикада қолдана білуге мүмкіндік беретін тиімді жұмыс тәсілдерін қолдану әдістемесі бойынша тәжірибе алмасу мақсатында шеберлік сыныптар (практикалық семинарлар, т.б) өткізу;

-жоба бойынша жұмысқа жетекші педагогтер мен мұғалімдерді, мектеп жаттықтырушыларын тарту.

Тәжірибенің іске асыру кезеңдері:

1 - дайындық кезеңі. Жобаны іске асыру шарттарын бағалау. Жобаның бағалау ктерийлерін әзірлеу. Қыркүйек – желтоқсан 2022 жыл.

Кезең міндеттері:

1. 2021-2022 оқу жылының қорытындысы бойынша білім сапасына мониторинг жүргізу және жобаны іске асыру жоспарын дайындау

2. Жобаны жүзеге асыру мақсатында шығармашылық топ құру;

3. Пән мұғалімдерінің біліктілігін арттыру мақсатында сауалнама алу;

4. Жобаға қатысушыларды анықтау (мектептер, оқыту сыныптары).

5. Білім беру ұйымдарына ақпаратты-түсіндірмелі насихаттау жұмыстарын жүргізу;

2–қалыптастырушы кезең: қаңтар 2023 – қаңтар 2024 жж. Кезең міндеттері:

1.TIMMS, PISA, ББЖМ зерттеу тәжірибесін негізге ала отырып, оқушылардың білім сапасын дамытуға бағытталған тапсырмалар базасын құру;

2. Оқушылардың функционалдық сауаттылығын дамытуға және алған білімдерін практикада қолдана білуге мүмкіндік беретін тиімді жұмыс тәсілдерін қолдану әдістемесі бойынша тәжірибе алмасу мақсатында шеберлік сыныптар, практикалық семинарлар өткізу;

3. Мұғалімдерді білім сапасы бойынша өткізілген бағалау үзіктерінің нәтижелерімен таныстыру.

3– қорытынды кезең: қаңтар 2024 - мамыр 2025 жж.

Кезең міндеттері:

1. Жоба қорытындысы бойынша оқушыларды дайындаудың әзірленген өлшемдеріне сәйкес өзгерістердің сапалық деңгейін анықтау;

2. 5-сынып оқушыларының TIMMS, PISA, ББЖМ зерттеулері шеңберінде одан әрі зерттеулерге қатысуға дайындығына талдау жүргізу.

Тәжірибенің жаңашылдығы:

Білім беру ұйымдарындағы 5-9 сынып оқушыларының функционалдық сауаттылықтарын дамыту, ұлттық құндылықты дәріптеу, цифрлық дағдыларды қалыптастыру негізінде құрылады:

- коммуникация саласындағы гуманитарлық және жаратылыстану математика пәндерінің мүмкіндіктерін анықтау;

- оқушылардың жеке тәжірибесін өзіндік бағалауын ескере отырып, функционалдық сауаттылықтың қалыптасуына баға беру;

- оқушылардың коммуникативтік қиындықтарын есепке алу, баға беру;

- білім алушының тұлғалық үйлесімділігін, бәсекеге қабілеттілігінің дамуы үшін қолайлы, жалпы адамзаттық, ұлттық құндылықтарға негіздеу

- цифрлық білім берудің белсенді дамуын және оларды оқытудың табыстылығына әсерін анықтау;

- оқыту процесінде оқушылардың функционалдық сауаттылығын қалыптастыру, құндылыққа бағдарлау бойынша әдістемелік ұсынымдарды әзірлеу, енгізу, оқушылардың даму деңгейін арттыруға ықпал ететін болады.

Тәжірибенің нәтижелілігі:

Жобаның II қалыптастырушы кезеңінде тәжірибе алмасу және шебер сыныптарда функционалдық сауаттылық бойынша тапсырмалар жинағының электронды нұсқасы жинақталды. Сәтбаев қаласының елу жылдығына орай әр пәннен функционалдық сауаттылыққа байланысты елу тапсырмадан жинақталды.

Білім беру процесінде білім алушы мен оған берілетін білім мен тәрбие басты назарда тұруы тиіс. Осыған орай Сәтбаев қаласының білім бөлімі әдістемелік кабинетінің ұйымдастыруымен және жетекшілік жасауымен 2022-2023 оқу жылында «Зерде» әлеуметтік жобасы құрылды. Білім алушылардың білім сапасын арттыру мақсатында 5-9 сынып оқушыларына қалалық «Зерде» жобасы жүзеге асырылуда.

Жоба жұмысын жандандыру мақсатында арнайы құрылған жоспар негізінде ісшаралар жүзеге асырылды. «Балаға білім бергенде, алыстан

жақынға, таныстан жатқа көшіп, жаңа білімді ескі білімге байлап беру керек» — деп Мағжан Жұмабаев атап өткендей, жаңа оқыту жүйесін басшылыққа алатын жаңа жоба әр педагогке тиімді оқу мен оқыту жолдарын ұсынады. Сол себепті жаратылыстану-математикалық бағытта 12 семинар өткізіліп, 171 педагог қамтылса, ал қоғамдық –гуманитарлық бағытта 8 семинар өткізіліп, 189 педагог қатыстырылды.

Бауыржан Момышұлы атындағы мектеп-гимназиясында жаратылыстану-математика бағытындағы пәндер бойынша, ал №3 жалпы білім беретін мектебінде қоғамдық-гуманитарлық бағытындағы пәндер бойынша «Функционалдық сауаттылықты дамыту арқылы туған жердің құндылығын дәріптеу» тақырыбын қамтыған қалалық семинарда спикерлер өз бағыттары бойынша іс-тәжірибелерімен бөлісті. Жоба жетекшілері, әдіскерлер А.Жунусова, Э.Макишева, А.Шакина ұйымдастырған семинарларда түрлі тақырып негізінде педагогтерге бағыт-бағдарлар ұсынды. Сонымен қатар офлайн форматта «Абай атындағы №4 мектеп-лицейінде «Сәтбаев қаласының білім бөлімі» ММ әдіскері Жунусова Айгуль Дуйсекеевна «Жаратылыстану пәндерінде оқушылардың функционалдық сауаттылығын дамыту» тақырыбында семинар өткізді.



«Функционалдық сауаттылықты дамыту арқылы туған жердің құндылығын дәріптеу» тақырыбында қалалық семинар

<https://www.facebook.com/photo/?fbid=1647613392365070&set=pcb.1647613849031691>

Жалпы семинарларда «Химия пәні бойынша тапсырма құрастыруда жергілікті жердің мүмкіндіктерін пайдалану» тренингі және информатика пәні бойынша «Мазмұндық тапсырмаларды орындауда өлкетану материалдарын пайдалану арқылы сауаттылық дағдыларын қалыптастыру» семинар-практикумдары, «Заманауи әдіс-тәсілдер арқылы оқушыларды өлең жазуға үйретудің тиімді жолдары», «Орыс сыныптарында өлкетану сағаттарында функционалдық сауаттылықты дамытудың тиімді әдіс-тәсілдері» коучингтер, т.б іс-тәжірибелер таратылды. Пән мұғалімдеріне



тапсырма жасау мен құрудың үлгісін көрсету жұмыстары да жан-жақты қамтылды.

Жобаның I кезеңінде өткізілуге тиісті жұмыстар жоспар бойынша жүзеге асырылды.

Сонымен қатар жобаның II қалыптастырушы кезеңінде тәжірибе алмасу, шебер сыныптарда жасалу үлгісі көрсетіліп функционалдық сауаттылық бойынша тапсырмалар жинағының электронды және кітапша нұсқасы жинақталып, пән мұғалімдеріне әдістемелік көмекші құрал ретінде ұсынылды. Сәтбаев қаласының 50 жылдығына орай әр пәннен функционалдық сауаттылыққа байланысты елу тапсырмадан жинақталды.



2024 жылдың сәуір айында «Зерде» әлеуметтік-педагогикалық жобасы аясында қалалық «Функционалдық сауаттылық – заман талабы» атты форум ұйымдастырылады.

Ұсынылған жобаға қызығулық танытсаңыз, толық ақпарат алу үшін жоба авторларымен байланысқа шыға аласыз!

*Жоба авторы: Ұлытау облысы білім басқармасының «Ұлытау облысының әдістемелік орталығы» КМҚК
Электронды пошта: ulytaumc@gmail.com*

ШЫҒЫС ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСЫ

Жоба атауы: «Қонақ отбасы» жобасы

Тәжірибенің мақсаты: Орыс тілді балалардың тілдік ортада практикалық қазақ тілін меңгерту, сөздік қорын байыту, оқушылардың аймақтық білімдерін кеңейту, жазғы демалысын ұйымдастыру

Тәжірибені іске асыру мерзімі: 2022 – 2024 жылдар аралығы

«Шығыс Қазақстан облысы білім басқармасының Катонқарағай ауданы бойынша білім бөлімі» мемлекеттік мекемесінің жанындағы әдістемелік кабинетімен жүзеге асырылып жатқан жоба.

«Шығыс Қазақстан облысының 2022-2024 жылдарға арналған көптілді білім берудің кешенді жоспарын» енгізу шеңберінде мемлекеттік тілді оқыту мен қолдану, сондай-ақ тілдік әртүрлілікті сақтау саласында жаңа технологиялар мен әдістерді енгізу бойынша практикалық шаралар кешенін іске асыру жоспарлануда. «Қонақжай отбасы» жобасы Қазақ тілін үйренуге ниет танытқан балаларды жобаға қатысушы педагог отбасыларына уақытша тұрып тіл үйренуге негізделген. Жоба оқушыларға қазақ халқының тұрмысын, мәдениетін, салт-дәстүрлерін білуге мүмкіндік береді.

Жобаға қатысу ерікті түрде.

Кез-келген тіл өзімен бірге өзге тілдің мәдениетін алып жүреді. Бұл мәдениетті меңгеру тілдің өзін меңгеруді ғана емес, сонымен бірге қазақ халқының өмірімен, әдет-ғұрыптарымен, тұлға аралық қарым-қатынас ерекшеліктерімен, тілі оқытылатын халықтың еңбек және демалыс мәдениетімен мазмұнды танысуды көздейді. Бұл жоба нақты тілдік ортаға және қарым-қатынастың табиғи жағдайларына барынша жақын жағдай жасауға бағытталған.

Білім алушыларды қазақ халқының мәдени-лингвистикалық ортасына күнделікті батыру және тәжірибеге бағдарланған қызмет мұғалімдердің үйлесімді жұмысы кезінде коммуникативтік-нәтижелі, ал қазақ тілінде сөйлейтіндермен өзара іс-қимыл жасау кезінде тиімдірек болады. Барлық оқу сағаттары, шығармашылық шеберханалар мен кешкі бағдарламалар қазақ тілінде өтеді, сондықтан балалар күнделікті тілдік практикаға мүмкіндік алады.

Оқу күні екі қызмет түріне бөлінеді
(білім алушылардың психофизикалық ерекшеліктерін ескере отырып)

1) *Танымдық*

2) *шығармашылық.*

Барлық сабақтар дамуға ықпал етеді.

Бұл бағдарламаның басты ерекшелігі - оның көпфункционалдығы. Мысалы, балалардың лагерьде болу күн тәртібіне сәйкес, зерттелетін тілге және ауыл тұрғындарының қызметі мен тұрмыс түрлеріне және қонақтар отбасындағы өмір сүру жағдайларына енудің әртүрлі нысандары мен әдістері, балалардың шығармашылық ойлауын дамыту, сондай-ақ Катонқарағай ұлттық табиғи паркінің табиғатының бірегей және көркем бұрыштарында балалардың демалысы ұйымдастырылған.

Жобада белгілі бір тілдік білімі мен сөздік қоры бар 12 жастан 14 жасқа дейінгі балалар қатысады. Тіл үйренуді мақсат тұтқан әрбір баланы қабылдайтын отбасыға қаражат қрастырылған.



«Қонақжай отбасы» жобасы арқылы балаларға қазақ тілін үйрету ісі қолға алынды

<https://dalanews.kz/bilim/88238-shqo-da-qonaqzhay-otbasy-zhobasy-arqyly>

Жобаға қатысатын балалар да арнайы іріктелді. Бірінші кезекте қазақ тілінде сөйлемейтін отбасылардан шыққан балаларға басымдық берілді. Негізінен Өскемен, Риддер қалаларының, Алтай, Шемонаиха және Глубокое аудандарының мектептерінен 12-14 жастағы жасөспірімдер таңдалды. Алғашында қонақжай отбасына келген балалардың кіру диагностикасы жасалды.

Бұл жоба аясында 67 отбасы балаларын мемлекеттік тілді үйрену үшін қазақ ауылына жіберуге ниет білдірді. Әрине, балаларды қабылдап алатын отбасыларын іріктеу де өте маңызды болды. Таңдау, әрине, мектептердің мұғалімдеріне түсті. Олардың балалармен жұмыс істеудегі тәжірибесі, жасөспірімдердің жас және психологиялық ерекшеліктерімен таныстығы, балалармен тіл табыса білуі де ескерілді. Сондай-ақ отбасылардың толық әрі олардың өз балалары болуы шарттың бір міндеті болды. Келген балалар 32 отбасына орналастырылды.

Білім бөлімінің мамандары мектеп басшыларымен, ұжымдарымен бірлесе отырып жиырма күннің әрбір минутына дейін ойластырып, жұмыс жоспарын жасадық. Сондықтан да тілдік лагерь жұмысын өткізуде мектептерге үлкен қиындықтар туындаған жоқ. Бұл жоба тек білім беру мақсатын емес, сонымен қатар танымдық жақтарды да қамтамасыз етті. Балалар жаңа біліммен қатар жаңа дағдыларға ие болды.

«Қонақжай отбасы» жобасының бағдарламасы 20 күнді және 17 модульді қамтыды. Әр модульдің лексикалық минимумы жасалды. «Қонақжай отбасы» жобасы 17 модульді қамтыды. 17 модуль бойынша іс-шаралар мектепте емес, еркін табиғи ортада, спорт залда, отбасында, жорықтар мен экскурсияларда өткізілді. Жоба аясындағы отбасылар балаларды қонақжайлылықпен қабылдап, ұлттық тағылым мен дәстүрді дәріптей отырып, мемлекеттік тілді тереңірек меңгертуге тәжірибе жүзінде ықпал етті.



Қонақжай отбасы: ШҚО-да ерекше жобаның бірінші кезеңі

<https://altaynews.kz/kz/rubriki/39399-onazhaj-otbasy-sho-da-erekshe-zhobany-birinshi-kezei-ajataldy.html>

Қазақ тілі пәні мұғалімдері «Кел танысайық!», «Менің отбасым», «Дүкен бекеті», «Емхана бекеті», «Дәріхана бекеті», «Базар бекеті» атты тілді тәжірибе жүзінде қолдану танымдық сағаттарды өткізіліп, күнделікті



балалардың сөздік қорын толықтырып отырды.

«Катонқарағай өңірінің тарихы», «Катонқарағай өңірінің өсімдіктері мен жануарлары», «Катонқарағай аймағының географиясы» тақырыбында табиғи экологиялық сағаттары, «Ұлттық тағамдар», «О. Бөкей шығармашылығымен таныстыру», «Ұлттық спорттық ойындар», «Отбасылық өмір салты», «Туризм және Катонқарағайдың көрікті жерлері», «Ара шаруашылығы», «Ұлттық салт-дәстүрлер», «Қазақтың этникалық тұрғын үйі-киіз үй», «Шығармашылық әлемі», «Катонқарағай экологиясы», «Ұлттық музыкалық аспаптар» атты модульдері қазақ тілін үйретудің заманауи тәсілдерімен қонақ балалардың қызығушылығын туғызды. Дене шынықтыру пәні мұғалімдері жас ұрпақты салауатты өмір салтына баулу мақсатында таза ауада түрлі эстафеталық спорттық ойындар мен қазақтың «Тоғызқұмалақ», «Асық ату», «Арқан тартыс» сынды ұлттық дәстүрлі ойындарын өткізді. Балалар ұстаздар отбасында болды, ұстаздар тек мемлекеттік тілді үйрету ғана емес, сонымен қатар жасөспірімдермен тіл табыса білу, жанұядағы ұйымшылдық, туған жерді құрметтеуді үйрету, сүю сияқты мақсатты көздеді.

Жоба барысында балалар Катонқарағай өңірінің көрікті, әрі киелі жерлерін, Берел қорғанын, Оралхан Бөкей мұражайын, форель шаруашылығын, Самал, Аққайың демалыс орындарын, жылқы және ара шаруашылығын аралап, қазақ халқының мәдениетімен, әдет-ғұрыптарымен және салт-дәстүрімен танысты.

Жоспар бойынша жерлес жазушы Оралхан Бөкейдің 80 жылдық мерекесіне орай жазушының өмірі мен шығармашылығын таныстыру мақсатында балалар Шыңғыстай ауылындағы мұражайға саяхатқа барып, жазушының өмірбаянымен танысып, қолданған заттарын, шығармаларын тамашаласа, Берел қорғанына саяхатта сақ дәуірінен сақталып қалған экспонаттарды қарап, қорғанның ашылу тарихымен, қорғандағы ерекше құнды жәдігерлерді көріп, өз білімдерін толықтырды. Сонымен қатар Мемлекеттік Ұлттық паркке саяхат кезінде өлкемізде өсетін дәрілік шөптердің қасиетімен, сирек кездесетін жануарлардың тіршілігі туралы білімдерін толықтырып, туристік жолдарға виртуалды саяхат жасады.

Сонымен қатар табиғат аясында, спорт залда түрлі спорттық шаралар, жарыстар, туристік жорықтар мен экскурсияларда өткізілді. Демалыс кезінде балалар киіз басуды, қазақтың ұлттық сырмақ-алашаларын жасауды, қазақтың ұлттық тағамдарын жасауды, домбыра дайындауды және қазақ әндерін айтуды, «Қамажай», «Қара жорға» билерін билеп үйренді. Қазақ тілінде кинофильмдерді, қазақ ертегілерін, жергілікті ақын-жазушылардың шығармалары бойынша деректі фильмдерді, «Менің атым-Қожа», «Көксерек», «Алпамыс мектепке барады» сияқты балаларға арналған фильмдері тамашалады. Дәрілік шөптерді өсірумен айналысатын «Ақсу-Дэен» кәсіпорынның қызметкерлері оқушыларға емдік шөптерді жинау жолдарын көрсетіп, шеберлік сабағын өткізді. Яғни 20 күннің әр күні есте қаларлықтай қызықты әрі ұтымды ұйымдастырылды. Әртүрлі квесттер, дискотекалар және т.б. өткізілді.

Балалар соңғы күні қортынды тест тапсырмаларын орындады, тест қорытындысы бойынша балалардың сөздік қорының әжептәуір ұлғайғанын және осы модульдердің барлығын жақсы меңгергенін байқалды. Диагностика нәтижесі балалардың сөздік қорының 20-нан 35-ке дейін болса, шығу диагностикасы 80-нен 150 сөзге дейін жетті.

Жалпы алғанда тілді меңгерудегі мақсаттарға жетуге, сабақтан кейін жаңа сөздермен диалог құру, қайталау өз нәтижесін берген сияқты. Бұл жоба тек тіл үйрену ғана емес, жүзге таяу отбасы арасындағы достық қарым-қатынастың орнауына себепші жобаға айналды.

Тәжірибенің нәтижелілігі

24. Сыныптары біріккен шағын мектептер бар болған жағдайда ауданда/қалада бағыттар бойынша педагогтердің әдістемелік бірлестіктері құрылады.

25. Оқу-әдістемелік және ғылыми-әдістемелік жұмыстарды тікелей басқаруды білім беру ұйымы басшысының оқу (оқу-әдістеме, ғылыми-әдістеме) жұмысы жөніндегі бойынша орынбасары жүзеге асырады.

26. Күнтізбелік-тақырыптық жоспарларды педагогтер оқу пәндері бойынша Үлгілік оқу бағдарламасына сәйкес әзірлейді, білім беру ұйымының әдістемелік бірлестігінің отырысында қаралады және білім беру ұйымы басшысы бекітеді.

27. Білім беру ұйымының әкімшілігі (әдіскер, педагог) әзірлеген оқу-әдістемелік құжаттама әдістемелік бірлестіктердің (комиссиялардың, кафедралардың), білім беру ұйымдарының әдістемелік кеңестерінің отырыстарында талқыланады. Оң қорытынды алғаннан кейін білім беру ұйымының басшысы бекітеді.

28. Әдістемелік бірлестіктердің (комиссиялардың, кафедралардың) жұмыс жоспары бір жылға құрылады және білім беру ұйымының басшысы бекітеді.

29. Білім беру ұйымдарындағы әдістемелік бірлестіктерді (комиссияларды, кафедраларды) дайындығы жоғары, шығармашыл педагогтер арасынан сайланатын (тағайындалатын) басшы басқарады.

30. Мектепке дейінгі білім беру деңгейінде оқу-әдістемелік сүйемелдеу және әдістемелік көмек көрсету мынадай жұмыс бағыттарын қамтиды:

1) үздік тәжірибені тарату үшін "даму нүктелері" ретінде ең үздік мектепке дейінгі ұйымдар базасында "Құзыреттілік орталықтарын" құру;

2) көшбасшы-басқарушылардың көмегімен жергілікті жерлерде озық тәжірибені тарату және енгізу үшін "даму нүктелерін" бірыңғай басқару орталықтарына (мектепке дейінгі ұйымдардың альянстарына) одан әрі шоғырландыру.

31. Әдістемелік бірлестіктің жұмысын басқару және үйлестіру үшін педагогикалық кеңес жұмысының мазмұнының қайталамайтын әдістемелік кеңес құрылуы мүмкін.

5-тарау. Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарының оқу-әдістемелік бірлестіктерін ұйымдастыру тәртібі

32. Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарының (бұдан әрі-ТЖКОББ) оқу-әдістемелік бірлестіктері бейіні бойынша құрылады және қызметін мынадай бағыттар бойынша жүзеге асырады:

1) білім беру саласындағы нормативтік құқықтық актілерді жаңарту бойынша ұсыныстар енгізу;

2) техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарында оқу-тәрбие процесін жетілдіру бойынша конференциялар, семинарлар ұйымдастыру және өткізу;

3) оқулықтарды, оқу-әдістемелік кешендерді, оқу-әдістемелік құралдарды және ұсынымдарды бейін бойынша, оның ішінде электрондық оқулықтарды әзірлеуді ұйымдастыру;

4) оқытудың заманауи технологияларын енгізу, білімді бақылау және оқу процесін ақпараттандыру бойынша ұсыныстар мен әдістемелік ұсынымдар әзірлеу;

5) техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарында оқу-әдістемелік жұмыстың қызметін ұйымдастыру тәжірибесін зерделеу және оны жетілдіру бойынша ұсыныстар дайындау;

6) инновациялық білім беру технологияларын енгізу бойынша озық тәжірибені жалпылау және тарату;

7) республикада, Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығы елдерінде және алыс шетелдерде мәндес біліктіліктер мен мамандықтар бойынша білім беру ұйымдары педагогтерінің халықаралық, республикалық конференцияларға қатысуы және тағылымдамадан өтуі үшін ұсыныстар енгізу;

8) жастардың және жұмыспен қамтылмаған халық арасында кәсіптік бағдар беру жұмысын ұйымдастыру бойынша ұсынымдар әзірлеу;

9) бейінді колледждерде оқу-әдістемелік әдебиеттермен, педагогикалық оқыту құралдарымен, оқу-зертханалық жабдықтармен, техникалық заманауи оқыту құралдарымен қамтамасыз етілуі туралы талдамалық материалдар дайындау;

10) колледж базасында ұйымдастырылған техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беретін мамандарының біліктілігін арттыру курстарын әдістемелік қамтамасыз ету;

11) білім беру бағдарламаларына, оқу-әдістемелік құралдарға, оқулықтарға, оқу-әдістемелік кешендерге және электрондық оқулықтарға сараптама ұйымдастыру және жүргізу;

12) ТЖКБ ұйымдарында пайдалану үшін қажетті ұсынылған оқу әдебиеттерінің, оқу құралдарының тізбесін қалыптастыру бойынша ұсынымдар енгізу;

13) Workldskills (Ворлдскилс) стандарттарының талаптары бойынша ТЖКОББ білім беру бағдарламаларының мазмұнын жаңартуға жәрдемдесу;

14) ТжКОББ мамандықтары бойынша кадрлар даярлауды жүргізетін ТжКОББ ұйымдары қызметінің өзара іс-қимылдыжәне үйлестіруді жүзеге асыру;

15) ТжКОББ ұйымдары, жоғары білім беру ұйымдары мен ұйым (кәсіпорын) мамандарының өзара іс-қимылды жүзеге асыруға жәрдемдесу;

16) білім беру сапасын сыртқы бақылау жүйесін жетілдіру, кәсіптік стандарттар мен білім беру бағдарламаларын әзірлеу, жетілдіру мақсатында ТжКБ ұйымдарының жұмыс берушілер өкілдерімен өзара іс-қимылдың жүзеге асыруға жәрдемдесу.

33. Оқу-әдістемелік бірлестіктің (бұдан әрі – бейін бойынша ОӘБ) шешімі барлық білім беру ұйымдарына - бейіні бойынша ОӘБ мүшелеріне жеткізіледі.

34. Бейін бойынша ОӘБ қызметіне басшылықты Төраға жүзеге асырады.

ТжКОББ базасында ОӘБ-да жұмыс істейтін ұйымның басшысы бейін бойынша ОӘБ төрағасы болып табылады.

Оқу-әдістемелік бірлестіктің төрағасы бейін бойынша ОӘБ-нің жұмысын ұйымдастырады және бағыттайды.

Бекітемін

Келісілді

Мектеп директоры:

Ғылыми- әдістемелік
жұмыстар
жөніндегі орынбасары:

**Жаратылыстану пәндері
(химия, биология, география) бірлестігінің
2023-2024 оқу жылына арналған жұмыс жоспары²**

(_____ тамыз 2023 жылы _____ мектебінің ғылыми- әдістемелік кеңесінің №1 отырысында (мәжілісінде)
талқыланып бекітілді)

² Ұсынылған үлгі «Атырау облысы Білім беру басқармасының Махамбет ауданы білім бөлімінің «Дүйсенғали Төленов атындағы мектеп-гимназиясы» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің практикасынан алынған.

Бірлестік тақырыбы:

«Оқушылардың білім сапасын арттыруға жетелейтін түрлі модификациялық ғылыми әдістерді зерттеп сабаққа пайдалану»

Мақсаты:

Нәтижеге бағытталған білім беру мақсатында негізгі пәндер шеңберінен тысқары, жеке тұлғаның сұранысына, ерекшелігіне байланысты түрлі ғылыми әдістерді қолданып білім беру үрдісін сапалы ұйымдастыру.

Міндеттері:

1. Мемлекеттік стандартты орындауды міндетке алу және білім сапасын арттыру.
2. Мұғалімдерді авторлық бағдарламалар, құралдар, шығармашылық ізденістер жасауға ұмтылдыру.
3. Оқушылардың аудандық, облыстық, республикалық пәндер олимпиадасында, ғылыми жоба жарысында жүлдегерлер дайындау ісін нақтылау, бірлестік мүшелерінен талап ету.
4. Оқушының алған білімінің үздіксіз дамуымен қатар, өзін-өзі тәрбиелеуі, ақыл-ой, мәдени, қоғамдық көзқарасының қалыптасуын қамтамасыз ету.
5. Бір немесе бірнеше пәндер бойынша оқу-тәрбие, әдістеме және эксперимент жұмыстарын жоғары кәсіби деңгейде дайындап, өткізе отырып, оқушылардың шығармашылығын дамыту.
6. Әр түрлі сабақтар мен іс-шараларды өткізу әдістемесін жетілдіру.
7. Мұғалімдердің кәсіби педагогикалық біліктілігін көтеру;

Бірлестік жұмысының мазмұны:

- Мемлекеттік стандарт талабын орындау;
- Оқу сапасын жақсарту;
- Байқау-сынақтар жүргізу;
- Семинар-конференциялар дайындау;
- Шығармашылық және тәжірибелік есептер өткізу;
- Әдістемелік бірлестік отырыстарын өткізу;
- Пәндік ашық сабақтар мен сыныптан тыс шаралар өткізу;

- Озат тәжірибе мен қажетті құжатта зерттеу, жүзеге асыру;
- Пән және әдістеме апталықтарын өткізу;
- Өзара тәжірибе алмасу;

. Күтілетін нәтижелер:

- ✓ білім беру ортасының қоғамның ағымдағы сұранысына бейімделуі;
- ✓ оқыту сапасының артуы, мұғалімнің өз пәні саласында білімнің жинақталуы, оқытудың қазіргі әдістерін меңгеруі мен педагогикалық процесті компьютерлік технология көмегімен ұйымдастыруы;
- ✓ дарынды оқушылармен жұмыс нәтижесінде олимпиада, ғылыми жоба, түрлі байқаулар жеңімпаздарының санының артуы;
- ✓ ерекше білім беруге қажеттігі бар білім алушылар әлеуетін артуы.

Пәні бірлестігінің сапалық құрамы

№	Мұғалімнің аты, тегі әкесінің аты	Туған жылы	Білімі, мамандығы, бітірген оқу орны, жылы	Пед еңбек стажы	Пәні	Санаты	Апталық жүктемесі	Қоғамдық жұмыс	Білімін жетілдіру	Марапатталуы	Мекен-жайы, байланыс телефондары
1	Педагогтің аты-жөні	1963 16.02.	Жоғары, Биология және химия пәні мұғалімі, Гурьев педагогикалық институты, 1986ж	37	Биология	Педагог-зерттеуші	8	Мектеп директорының ғылыми әдістемелік жұмыс жөніндегі орынбасары	2022ж	Ы.Алтынсарин төс белгісі; ҚР Білім ж/е ғылым мин, алғыс хаты. Аудандық білім бөлімінің алғыс хаты	
2											
3											

Мұғалімдердің өз білімдерін арттыру мақсатында шығармашылық және ізденіс тақырыптары

№	Мұғалімнің аты-жөні	Пәні	Зерттеп жүрген тақырыбы
1	Педагогтің аты-жөні	Биология	Биология пәні бойынша дарынды оқушылармен жұмыс жүргізу әдісі.
2	Педагогтің аты-жөні	Химия	Химия сабақтарында күрделенген есептер шығару арқылы оқушылардың ой-өрісін кеңейтіп, шығармашылық қабілетін дамыту.
3	Педагогтің аты-жөні	География	География сабақтарында оқушылардың функционалдық сауаттылығын арттыру
4	Педагогтің аты-жөні	География	География сабақтарында ойын әдістерін қолдана отырып, оқушылардың сабаққа деген қызығушылығын арттыру
5	Педагогтің аты-жөні	Биология	Молекулалық биологиядан оқушылардың білімділігі мен құзыреттілігін қалыптастыру
6	Педагогтің аты-жөні	Биология	Биология пәні бойынша дарынды оқушылармен жұмыс жүргізу әдісі

БІРЛЕСТІК БОЙЫНША ӨТКІЗІЛЕТІН ШЫҒАРМАШЫЛЫҚТЫ АРТТЫРУ БАҒЫТЫНДА ЖҰМЫСТАР

№	Істелетін жұмыстар	Уақыты	Жауапты	Орындалуы туралы белгі
1	Нөлдік бақылау жұмыстарын өткізу	Оқу жылы басында		
2	Тоқсандық , жарты жылдық баға шығару есеп беру	Тоқсан қорытындысы		
3	Мектепшілік, аудандық, облыстық пәндік олимпиадаларға қатысу	Жоспар бойынша		
4	Аудандық резервтер олимпиадасы	Кестеге сай		
5	Мектепшілік, аудандық, облыстық ғылыми жобаға қатысу	Жоспар бойынша		
6	Үздік кабинет байқауына қатысу	Жоспарға сай		
7	Мектепшілік «Жыл мұғалімі» байқауына қатысу	Жоспар бойынша		
8	Мектепшілік, аудандық, облыстық педагогикалық оқуларға қатысу	Жоспарға сай		
9	Аудандық "Үздік сабақ" , «Педагогикалық идеялар понарамасы» сайыстарына қатысу	Жоспарға сай		
10	Бірлестік апталығын ұйымдастыру	I жарты жылдық		
11	«ЕСО МЕКТЕР» жобасын жүзеге асыру бағытында жұмыстарды ұйымдастыру			

Оқушылардың білім сапасын көтеру бағытындағы жұмыстар

№	Атқарылатын жұмыс түрлері	Мақсаты	Уақыты	Жауапты адамдар
1	Оқушыларды пәндік олимпиадаға қатыстыру. (7-11 сыныптар аралығындағы)	Жүлделі орын алу	Уақытында	Педагогтің аты-жөні
2	Аудандық білім байқауына оқушыларды қатыстыру. (7-11 сыныптар аралығында)	Жүлделі орын алу	Уақытында	Педагогтің аты-жөні
3	11-сынып оқушыларын ҰБТ сынағын тапсыруға дайындау жоспарын жасау.	100 пайыздық сапа	Жыл ішінде	Пән мұғалімдері
4	Оқушыларды ғылыми жобаға қатыстыру. (8-11 сыныптар аралығындағы)	Жүлделі орын алу	Уақытында	Пән мұғалімдері
5	Оқушыларды «Зерде» ғылыми жобалар байқауына қатыстыру	Жүлделі орын алу	Уақытында	Пән мұғалімдері
6	11-сынып оқушыларын қорытынды аттестаттау емтиханын тапсыруға дайындық жұмыстарын жүргізу.	100 пайыздық сапа	Жыл ішінде	Пән мұғалімдері
7	Оқушылардың таным процестеріне психодиагностикалық, психопрофилактикалық әсері.	Психокоррекциялық жұмыс.	Уақытында	Мектеп психологі ж/е пән мұғалімдері
8	Ата – аналармен психокансультациялық жұмыстар жүргізу.	Кеңес беру.	Уақытында	Мектеп психологі сынып жетекшілері

Бірлестік мәжілістері (отырыстары)

№	Істелетін жұмыстың тақырыбы	Күні	Жауапты адам	Орындалғаны туралы
1	<p>Пән бірлестігінің отырысы:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1) Жаратылыстану пәндері бірлестігінің өткен 2022-2023 оқу жылындағы жұмысының есебі 2) Жаратылыстану пәндері бірлестігінің жаңа 2023-2024 оқу жылына арналған жұмыс жоспарымен таныстыру. 3) 2023-2024 оқу жылына арналған әдістемелік нұсқаулармен танысу. 4) Бірлестік мүшелерінің күнтізбелік жоспарларымен таныстырып бекітуге ұсыну. 5) Қолданбалы курс жоспарларын талдап бекітуге ұсыну 		Педагогтің аты-жөні	
2	<p>Пән бірлестігінің отырысы:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1) Білім беруде мұғалімдердің түрлі әдіс-тәсілдерді тиімді пайдалануы туралы баяндама жасау; Баяндамашы (Педагогтің аты-жөні) 2) Пән мұғалімдерінің оқушыларды олимпиадаға дайындау жұмыстарын ұйымдастыру (Педагогтің аты-жөні) <i>«Инклюзивті орта мәдениетін қалыптастыру басты назарда»</i> 3) Ағымдағы мәселелер 		Педагогтің аты-жөні	
3	<ol style="list-style-type: none"> 1) «Оқушыларды жобалау- зерттеу қызметіне үйрету жолдары» тақырыбында баяндама жасау; (Педагогтің аты-жөні) 2) 11- ші сынып оқушыларымен жүргізіліп жатқан I жарты жылдықтағы жаратылыстану пәндері бойынша оқу-тәрбие жұмысы туралы. Баяндамашы: пән мұғалімдері. 3) Ағымдағы мәселелер апталықтар аясында ашық сабақтар жоспарлау 		Педагогтің аты-жөні	

4	<p>1) «Оқушы қызғушылығын арттырудың тиімді тәсілдері» Баяндамашы: Әмірова Н.С.</p> <p>2) 11-ші сынып оқушыларымен емтиханға және ҰБТ-ға дайындық жұмысы туралы мәлімдеме. Баяндамашы: пән мұғалімдері.</p> <p>3) Ағымдағы мәселелер.</p>		Педагогтің аты-жөні	

Пән бірлестігі бойынша дарынды оқушылармен жұмыс жоспары

№	Атқарылатын жұмыстар	Уақыты	Жауаптылар
1	Дарынды оқушыларды анықтау, сараптама жасау	Қыркүйек	Пән мұғалімдері
2	Дарынды оқушыларды қолдау, бағдар беру	Жыл бойы	Пән мұғалімдері
3	Зерттеу жұмыстарымен айналысуға көмектесу	Уақытында	Пән мұғалімдері
4	Оқушылардың өздігінен жұмыс жасауына, шығармашылық ізденістеріне қажетті кеңес беру	Үнемі	Психолог, сынып жетекші, пән мұғалімдері
5	Пәндік олимпиадаларға дайындап, қатыстыру	Уақытында	Пән мұғалімдері
6	Ғылыми жобаларға қатыстыру	Уақытында	Пән мұғалімдері

Пән бірлестігі бойынша үлгерімі төмен оқушылармен жұмыс жоспары

№	Атқарылатын жұмыстар	Уақыты	Жауаптылар
1	Үлгерімі төмен оқушыларды анықтау, сараптама жасау	Қыркүйек	Пән мұғалімдері
2	Үлгерімі төмен оқушылардың үлгерімінің төмендеу себебін анықтау	Уақытылы	Психолог, сынып жетекші, пән мұғалімі
3	Байқау тестін жүйелі өткізу	Тоқсан сайын	Пән мұғалімдері
4	Оқушылардың өздігінен жұмыс жасауына мүмкіндік беру	Үнемі	Психолог, сынып жетекші, пән мұғалімдері
5	Ата-аналарымен және сынып жетекшілерімен байланыста болу	Жыл бойы	Пән мұғалімдері
6	Сыныптан тыс шараларға қатыстыру	Уақытында	Пән мұғалімдері
7	Қосымша сабаққа шақыру	Уақытылы	Пән мұғалімдері

Педагогтардың біліктілігін арттыру перспективалық жоспары

№	Мұғалімнің аты-жөні	пәні	Соңғы өткен уақыты	Курстан өту жылдары		
				2022	2023	2024
1	Педагогтің аты-жөні	Биология	26.07.2022	+		
2	Педагогтің аты-жөні	Химия	26.07.2022	+		
3	Педагогтің аты-жөні	География	12.04.2023	+	+	+
4	Педагогтің аты-жөні	География	08.04.2022	+		+
5	Педагогтің аты-жөні	Биология	12.04.2023	+	+	+
6	Педагогтің аты-жөні	Биология	25.02.2023		+	+

Педагогтарды аттестаттаудың перспективалық жоспары

№	Мұғалімнің аты-жөні	пәні	білімі	Санаты/жылы	Өтетін жылдары					
					2023	2024	2025	2026	2027	2028
1	Педагогтің аты-жөні	Биология	жоғары	Педагог-зерттеуші		+				
2	Педагогтің аты-жөні	Химия	жоғары	Педагог-зерттеуші	+					
3	Педагогтің аты-жөні	География	жоғары	Педагог-сарапшы	+					
4	Педагогтің аты-жөні	География	жоғары	санатсыз	+					
5	Педагогтің аты-жөні	Биология	жоғары	Педагог-сарапшы		+				
6	Педагогтің аты-жөні	Биология	жоғары	санатсыз	+					

Педагогтардың біліктілігін арттыру курстарына қатысуы

№	Мұғалімнің аты-жөні	Уақыты	Өткізген орталық	Курс тақырыбы
1	Педагогтің аты-жөні	29.06.2021	ПШО	Оқушылардың жаратылыстану- ғылыми және оқу сауаттылығын, креативті ойлауын дамыту
		31.08.2021	ПШО	Педагогтердің цифрлық дағдыларын дамыту
		14.09.2021	Өрлеу	Педагогтердің цифрлық құзырлығын дамыту
		03.11.2021	ПШО	Білім беру үдерісіне қатысушылардың академиялық адалдық саясаты
		12.11.2021	«Адамның үйлесімді дамуы ұлттық институты»	«Өзін-өзі тану» пәнінің ғылыми- әдіснамалық негіздері
		26.07.2022	«Daryn online»	XXI ғасыр ұстазы- жаңашыл мұғалім
2	Педагогтің аты-жөні	19.01.2021	ПШО	Сабақты тиімді жоспарлау
		31.03.2021	ПШО	Критериалды бағалау бойынша каникулдық мектеп
		25.06.2021	ПШО	Критериалды бағалау бойынша каникулдық мектеп
		11.06.2021	ПШО	Химия пәні бойынша бағалауға арналған тапсырмаларды әзірлеу және сараптау
		20.08.2021	ПШО	Жаратылыстану және химия мұғалімдерінің пәндік құзыреттерін дамыту
		26.07.2022	«Daryn online»	XXI ғасыр ұстазы- жаңашыл мұғалім
3	Педагогтің аты-жөні	19.01.2021	ПШО	Сабақты тиімді жоспарлау
		31.03.2021	ПШО	Критериалды бағалау бойынша каникулдық мектеп
		15.06.2021	ПШО	Оқушылардың жаратылыстану- ғылыми және оқу сауаттылығын, креативті ойлауын дамыту
		02.08.2021	ПШО	Жаратылыстану және география мұғалімдерінің пәндік құзыреттерін дамыту
		31.08.2021	ПШО	Педагогтердің цифрлық дағдыларын дамыту
		08.04.2022	ПШО	Геймификацияны оқытуда қолдану
		12.04.2023	ПШО	Жаһандық құзыреттіліктер курсы
4	Педагогтің аты-жөні	04.06.2021	ПШО	Оқушылардың жаратылыстану- ғылыми және оқу сауаттылығын, креативті ойлауын дамыту
		25.06.2021	ПШО	Оқушылардың функционалдық сауаттылығын дамыту

		10.08.2021	ПШО	Педагогтердің цифрлық дағдыларын дамыту
		05.11.2021	ПШО	Критериалды бағалау бойынша каникулдық мектеп
		20.10.2021	ПШО	Табысты сабақты тиімді жоспарлау
		08.04.2022	ПШО	Геймификацияны оқытуда қолдану
5	Педагогтің аты-жөні	19.01.2021	ПШО	Сабақты тиімді жоспарлау
		02.07.2021	ПШО	Оқушылардың функционалдық сауаттылығын дамыту
		10.08.2021	ПШО	Педагогтердің цифрлық дағдыларын дамыту
		20.08.2021	ПШО	Жаратылыстану және биология мұғалімдерінің пәндік құзыреттерін дамыту
		08.04.2022	ПШО	Геймификацияны оқытуда қолдану
		10.03.2023	Өрлеу БАО	«STEM-оқытудың пәнаралық интеграциясы жағдайында ғылыми-жаратылыстану цикл пәндерін оқыту»
		7.04.2023	ПШО	Оқыту тәжірибесін жетілдірудегі мектеп педагогтерінің аналитикалық құзыреттілігі
6	Педагогтің аты-жөні	29.06.2021	ПШО	Оқушылардың жаратылыстану- ғылыми және оқу сауаттылығын, креативті ойлауын дамыту
		26.07.2021	ПШО	Жаратылыстану және биология мұғалімдерінің пәндік құзыреттерін дамыту
		12.11.2021	ПШО	Биология пәні бойынша бағалауға арналған тапсырмаларды әзірлеу және сараптау
		25.02.2023	ПШО	Буллинг себептері, формалары, алдын-алу

Жаратылыстану пән бірлестігінің 2023-2024 оқу жылына арналған жұмыс жоспары

Р/с	Мазмұны	Мерзімі	Жауапты
1	2022-2023 оқу жылының әдістемелік жұмысына сараптама және жаңа оқу жылына оқу үрдісінің сапалылығы мен тиімділігін арттыру, әдістемелік қамтылуы бойынша тапсырмалар мен міндеттер	Тамыз	Бірлестік жетекшісі
2	Күнтізбелік жоспарларды қарап, бекітіп, оқулықтардың сай келуін қадағалау	Тамыз	Бірлестік жетекшісі
3	Таңдау курстары, дарынды оқушылармен жұмыс,өзіндік білім көтеру жоспарларын бекіттіру	Тамыз	Бірлестік мүшелері
4	Өз білімін жетілдіру жоспары, жеке шығармашылық ізденіс тақырыбы бойынша жұмыстану	Тамыз	Бірлестік мүшелері
5	Білім алушылардың білімдеріндегі олқылықтардың орнын толықтыру жұмыстары	Қыркүйек	Пән мұғалімдері
6	Ерекше білім беруді қажет ететін білім алушыларға оқу бағдарламаларын бейімдеу	Қыркүйек	Пән мұғалімдері
7	Дарынды оқушылармен жұмыс жоспарын жасақтау	Қыркүйек	Пән мұғалімдері
8	Аттестаттаудан өтетін мұғалімдер жұмысын жүйелеу	Қыркүйек-наурыз	Педагогтің аты-жөні
9	Тоқсандық жиынтық бағалау жұмыстарының жүргізілуін қадағалау, қорытындысын бақылауда ұстау	Тоқсан сайын	Пән мұғалімдері
10	Ғылыми жобаға тақырып алу, оқушыларды қатыстыру	Қазан	Бірлестік мүшелері
11	Оқушыларды мектепішілік пән олимпиадаларына дайындау, қатыстыру	Қазан	Бірлестік мүшелері
12	Мемлекеттік емтиханға, МОДО-ға дайындық, PISA байқау сынақтарын жүргізу	Қараша	Пән мұғалімдері
13	Жаратылыстану пәндері бірлестігінің апталығын өткізу	Желтоқсан	Бірлестік мүшелері

14	«Жасыл ұрпақ» 2.0. жобасын жүзеге асыру	Қазан-желтоқсан	Педагогтің аты-жөні
15	Үлгерімі төмен оқушылармен жүргізілген жұмыс түрлерін сараптау	Қаңтар	Бірлестік мүшелері
16	Оқушылардың қорытынды аттестацияға дайындығын, ҰБТ-ға дайындық барысын қадағалау	ақпан	Педагогтің аты-жөні
17	Республикалық, облыстық, аудандық семинар, конференцияларға қатысу, тәжірибе алмасу	Жыл бойы	Пән мұғалімдері
18	Мұғалімдердің өзара сабаққа қатысуын қарау	Сәуір,мамыр	Педагогтің аты-жөні

ОҚУ КАБИНЕТІ ТУРАЛЫ

№	Кабинет меңгерушісі	Кабинеті	Кабинет паспорты	Жоспары	Интерактивтік тақта	Қарточ.гарау, тақырып бойынша тест жин.	Папка жасау	Стенд жасау	Плакат,таблица жасау	Слайд	Емтиханға дайындық бұрышы	Кабинетте өтетін сабақ кестесі
1	Педагогтің аты-жөні	Мультимедиалық	+	+	+	+	+	-	+	+	+	+
2	Педагогтің аты-жөні	Мультимедиалық	+	+	+	+	+	+	+	+	+	+
3	Педагогтің аты-жөні	Мультимедиалық	+	+	+	+	+	+	+	+	+	+

**ОҚУ-ТӘРБИЕ ҮРДСІН ЖАН-ЖАҚТЫ ТЕКСЕРУ БАРЫСЫНДА ХИМИЯ, БИОЛОГИЯ, ГЕОГРАФИЯ
ПӘНІ БОЙЫНША ЖАЗЫЛҒАН АНЫҚТАМАҒА СӘЙКЕС ІС-ШАРАЛАР ЖОСПАРЫ**

№	Іс-шаралар	Өткізу мерзімі	Жауапты адам
1	Жыл сайын бірлестік мүшелерінің рейтингісін шығару	Қаңтар, Мамыр.	Педагогтің аты-жөні
2	Тоқсан сайын мемлекеттік стандартқа сай бағдарлама талаптарының орындалысын қадағалау.	Тоқсан қорытындысында	Педагогтің аты-жөні
3	Бірлестік мүшелерінің іс- тәжірибесін зерттеп, жинақтау. Мұғалімдер портфолиосын жүйелі толығын бақылау.	Жыл ішінде	Педагогтің аты-жөні

6-қосымша

«БЕКІТЕМІН»

«__» _____ 2022 ж.

**Қалалық білім берудегі жаңа технологиялардың ғылыми-әдістемелік орталығының
әдістемелік жұмысын ұйымдастыру бойынша
2023 жылға арналған
КҮНТІЗБЕЛІК ЖОСПАРЫ**

ҚББЖТҒӨ әдіскерлерінің апталық жұмыс

ЦИКЛОГРАММАСЫ

Апта күндері	Қызмет түрі	Жұмыстың мазмұны	Жұмыс уақыты
Дүйсенбі	Кеңес беру күні	Әдіскерлер өз жұмыс орындарында <u>әдістемелік қолдау мәселелері бойынша білім беру ұйымдарының қызметкерлерін қабылдайды</u>	09:00-18:00
Сейсенбі	Ағымдық және перспективалық жоспарлау	1) жұмыс орындарындағы құжаттармен жұмыс 2) мектепте қосымша оқытушылық жұмыс	1) 09:00-13:00 2) 14:00-18:00
Сәрсенбі	Зерттеу және әдістемелік көмек көрсету	<u>Жетекшілік ететін мәселелер бойынша зерделеу және әдістемелік көмек көрсету мақсатында әдіскерлердің білім беру ұйымдарына баруы</u>	09:00-18:00
Бейсенбі	«Әдістемелік көпір: әдіскер-мұғалім» күні	<u>Зерделенетін мәселелер тізбесі мен бекітілген кестеге сәйкес оқу-тәрбие процесінің жай-күйін зерделеу және әдістемелік көмек көрсету мақсатында әдіскерлердің білім беру ұйымына шығуы. Жұмыс қорытындысы бойынша әдістемелік кеңес өткізу</u>	09:00-18:00
Кесте бойынша	«Шеберлік шыңына» Алматы қалалық «Педагог-шебер – озық тәжірибе» бағдарламасын жүзеге асыру	Инновациялық педагогикалық тәжірибені анықтау, зерделеу, жинақтау және тарату үшін қажетті оңтайлы жағдайлар жасау	09:00-18:00
Жұма	«Тікелей диалог сағаты: әдіскер-мұғалім» жобасын жүзеге асыру	Оқу-әдістемелік жұмысты ұйымдастыру мәселелері бойынша педагогтермен кездесулер ұйымдастыру	09:00-18:00
Жұма	Жұмысты қорытындылау	1) анықтамалар, акпарат, есеп дайындау, жұмыс жоспарын құру және т.б. 2) мектепте қосымша оқытушылық жұмыс	1) 09:00-13:00 2) 14:00-18:00

I Қалалық білім берудегі жаңа технологиялардың ғылыми-әдістемелік орталығының әдістемелік қызметінің 2022 жылғы жұмысына талдамалық есебі

Орталықтың жұмысы 2022 жылға арналған бекітілген жұмыс жоспарына және басым міндеттерге сәйкес жүзеге асырылды.

Ағымдағы кезеңнің ерекшелігі оқушылардың білім сапасын арттыру бойынша іс-шараларды ұйымдастыру, қашықтықтан кейінгі кезеңде білімдегі олқылықтарды жою бойынша жұмыс болды.

Оқушылардың білім сапасының төмендеуіне жол бермеу бойынша жұмысты ұйымдастыруда мұғалімдерге кешенді әдістемелік көмек көрсету мақсатында оқушылардың оқу бағдарламаларын табысты меңгеруі, пәндер бойынша білімдегі олқылықтарды жою үшін **«Білім алушылардың біліміндегі олқылықтарды жою және орнын толтыру бойынша жұмысты ұйымдастыру»** әдістемелік ұсынымдары әзірленіп, барлық орта білім беру ұйымдарына жіберілді. Әдістемелік ұсынымда білім беру ұйымдарына әдістемелер, жадынамалар, үздік халықаралық және отандық жұмыс тәжірибесінен кеңестер, үлгерімі төмен оқушыларға көмектесудің негізгі стратегиялары ұсынылды. Мысалы, сараланған тәсілді ұтымды қолдану бойынша ұсыныстар, скаффолдинг/қолдау стратегиясын қолдану, оқытуды оңтайландыру стратегиясы, оның ішінде қашықтықтан оқыту форматы, мұғалім қызметінің алгоритмі, пән мұғалімі жұмысында қолдана алатын білім алшақтықтарын жою және білім алушылардың біліміндегі олқылықтарды жою бағдарламасы мен жоспары ұсынылды.

26-27 тамыз аралығында Алматы қаласы Білім басқармасы мен қалалық білім берудегі жаңа технологиялар орталығы 33 мыңнан астам мектеп педагогтері үшін **«Қазақстанның Ұлттық басымдығы: бала және білім»** тақырыбында мектеп мұғалімдерінің, директорларының, директорлар орынбасарларының сессиялары өтті.

Кездесу форматы білім берудегі заманауи трендтерге сәйкес - сессиялар офлайн және онлайн ақпараттық платформада өтті.

Педагогтердің, ғылыми қоғамдастық, қалалық және республикалық ұйымдар өкілдерінің ашық, тікелей диалогі өтті. Сессия модераторлары, пәндік қауымдастық мүшелері, кабинет активтері өткен жылғы пәндік кабинеттердің жұмысын, келешекке арналған міндеттерді талдауды қамтитын бағдарлама дайындады. Мектеп қашықтан оқытудан қандай сабақ алғандығы туралы маңызды мәселелер талқыланды. Сонымен қатар маңызды және өзекті мәселелердің бірі : жаңа оқу жылында оқу процесі қалай ұйымдастырылады, мұғалім жоғары сапалы білім алу үшін өз жұмысын қалай құра алады деген сұрақтар болды.

25 пәндік алаңдағы талқылаулардың нәтижесі мұғалімдерге, директордың орынбасарларына және директорларға оқу процесін ұйымдастыру бойынша таразыланған және нақты ұсынымдар, оқушылардың біліміндегі олқылықтардың орнын толтыру, білім сапасын арттыру бойынша нақты құралдар, алгоритмдер мен ресурстар болды.

Мемлекет басшысының мектеп оқушыларының білім сапасының төмендеуіне жол бермеу жөніндегі тапсырмасын орындау мақсатында ҚББЖТҒӨО әдіскерлерінің алдына оқу пәндерін оқытудың жоғары теориялық және әдістемелік деңгейін қамтамасыз ету жөніндегі жұмысты қажетті жағдайда күшейту міндеті қойылды. Осыған байланысты қазіргі уақытта Алматы қаласының орта білім беру ұйымдарында білім сапасын арттыру бойынша 2022-2023 оқу жылына арналған іс-шаралар жоспары әзірленді, онда оқушылардың біліміндегі олқылықтарды жою және толтыру бойынша бірқатар іс-шаралар, оқушыларды халықаралық зерттеулерге дайындау жөніндегі іс-шаралар, сондай-ақ мұғалімдерге арналған оқыту семинарларын, курстарын, вебинарларын, тренингтерін өткізу көзделген.

Қазақстандық білім беруді тиімді жаңғырту, сапа мен қолжетімділікті арттыру мақсатында өңірлік, республикалық және халықаралық деңгейлерде түрлі мониторингтік зерттеулер жүргізіледі. Білім беру жағдайы, оның даму тенденциялары және қазіргі проблемалар туралы ақпарат беретін зерттеулердің нәтижелері бойынша жүргізіліп жатқан реформаларға өзгерістер мен түзетулер енгізу үшін басқарушылық шешімдер қабылданады. Қазақстанның халықаралық салыстырмалы зерттеулерге (PISA, TIMSS, PIRLS, ICILS және т.б.) белсенді қатысуы стратегиялық маңызды болып табылады.

Халықаралық зерттеулердің оқушылардың білім беру сапасына ықпалының маңыздылығын ескере отырып, 2021 жылдан бастап білім беру ұйымдарын PISA, TIMSS, PIRLS халықаралық салыстырмалы зерттеулеріне дайындау жөніндегі іс-шаралар жоспарлары әзірленіп, бекітілді, соған сәйкес ҚББЖТҒӨО жұмысы ұйымдастырылды.

PIRLS (Progress in International Reading Literacy Study) халықаралық салыстырмалы зерттеуіне сапалы дайындық мақсатында бастауыш сынып оқытушыларына арналған 24 оқыту семинары мен тренингтер өткізілді, оларға 4 – сыныпқа сабақ беретін мұғалімдер қатысты. Семинарлар онлайн форматта екі тілде өткізілді. Осы семинарларды өткізу үшін ақпараттық және әдістемелік ресурстар АТО-мен қамтамасыз етілді.

2022 жылғы қаңтар-желтоқсанда PISA-2022 халықаралық салыстырмалы зерттеуіне қатысатын жалпы білім беретін мектептердің пән мұғалімдеріне әдістемелік көмек көрсету мақсатында онлайн форматта 128 семинар өткізілді. Семинар жұмысына 8000-нан астам мұғалім қатысты. Бұл семинарларды өткізу форматы оқушылардың функционалдық сауаттылығын дамыту үшін тапсырмаларды шешу бойынша тәжірибе алмасуды, күрделі міндеттерді оңтайлы түрде шешуді қамтыды.

Айта кету керек, Edgunch Academy желісі бойынша 1000-нан астам мұғалімді қамти отырып, функционалдық сауаттылықты дамыту бойынша бес оқыту семинары өткізілді. Бұл семинарларда қазақ және орыс тілдері, математика, физика, биология, химия және география пәндерінің мұғалімдері оқу процесінде «almatysifrluqmektebi.kz» ақпараттық жүйе ресурстарын пайдалануға оқытылды. Аталған ресурстарды пайдалану оқушыларды PISA-2022-ге неғұрлым сапалы және нақты даярлау үшін бірыңғай ресурстық кеңістік қалыптастыруға мүмкіндік берді.

Сонымен қатар мектеп мұғалімдерінің қызметін жақсы ресурстық қамтамасыз ету әдіскерлердің күшімен ұйымдастырылды. Қаланың барлық мектептері мен колледждеріне электронды пошта арқылы халықаралық салыстырмалы зерттеулерге дайындық бойынша жинақтар пакеті жіберілді. Осы жинақтар бойынша ұйымдастырылған семинарлар оқушыларды PISA-2022-ге дайындауда оң нәтиже берді.

2022 жылғы 04-25 сәуір аралығында Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі жанындағы ақпараттық-талдау орталығы бекіткен кестеге сәйкес PISA-2022 халықаралық салыстырмалы зерттеуі жүргізілді, осыған байланысты ЭЫДҰ-ға 15 жастағы 1065 білім алушыны қамтитын 26 білім беру ұйымы, оның ішінде 19 мектеп пен 7 колледж іріктелді: қазақ тілінде оқытатын білім беру ұйымдарынан – 623, орыс тілінде – 442 оқушы.

Нәтижесінде жалпы білім беретін мектептерден 771 оқушы іріктелді, оның ішінде қазақ тілінде - 530, орыс тілінде – 241; колледждерден білім алушылар саны 254, оның ішінде қазақ тілінде - 225, орыс тілінде - 69.

Әр білім беру ұйымында Maple бағдарламасының көмегімен 2022 жылдың наурыз айының басында Alma-school мектебінен басқа 2006 жылы туған 42 оқушыдан (01.01.2006-31.12.2006 қоса алғанда) іріктелді (бұл мектепте PISA-2022 халықаралық зерттеуін жүргізуге 15 оқушы қатысты).

Қазақстан Республикасы Білім Министрінің 2022 жылғы 26 қазандағы бұйрығы негізінде 2022 жылғы 7 қараша мен 15 желтоқсан аралығында Қазақстан Республикасы Білім Министрлігі жанындағы ақпараттық-талдау орталығы бекіткен кестеге сәйкес «Мектептерге арналған PISA» негізгі зерттеуі жүргізілді. Білім беру ұйымдарын дамыту және халықаралық салыстырмалы зерттеулерге дайындау жөніндегі іс-шаралар жоспары әзірленіп, бекітілді, соған сәйкес ҚББЖТҒӨО барлық бөлімдерінің жұмысы ұйымдастырылды.

- «Мектептерге арналған PISA» зерттеуін сәтті өткізу үшін Орталық қызметкерлері мектеп үйлестірушісімен бірлесіп келесі жұмыстарды жүргізді:
- мектеп үйлестірушілері туралы жалпы мәліметтер жиналып, аудиториялық қор құрылды;
- «Мектептерге арналған PISA» зерттеуін жүргізу бағыты мен кестесі жасалды;
- әр таңдалған білім беру ұйымында зерттеу үшін пайдаланылатын әр компьютерге/ноутбукке Дженисон Риплэй бағдарламалық құралын орнату қамтамасыз етілген;
- білім беру ұйымдарының «Мектептерге арналған PISA (ПИЗА)» халықаралық зерттеуіне қатысуы қамтамасыз етілді;
- «Мектептерге арналған PISA (ПИЗА)» халықаралық зерттеуін ұйымдастыруға және өткізуге көмек көрсетілді;
- зерттеу жүргізуге аудиториялар мен компьютерлер / ноутбуктер дайындалды.

Бұдан басқа Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2021 жылғы 5 мамырдағы № 204 бұйрығы негізінде Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің Білім және ғылым саласындағы сапаны қамтамасыз ету комитеті 2022 жылғы 18-19 сәуір аралығында орта білім беру ұйымдарында білім алушылардың білім жетістіктеріне мониторинг жүргізді.

2022 жылы орталық әдіскерлері қазіргі мектептің өзекті мәселелері бойынша барлығы 12 қалалық деңгейдегі конференция, 130 қалалық семинар ұйымдастырды және өткізді, оның ішінде PISA-2022 салыстырмалы халықаралық зерттеуге дайындық бойынша оқыту семинарлары, білім алушылардың білім жетістіктерінің мониторингі (ББЖМ), онлайн форматта 200-ден астам семинар, 50-ден астам вебинар, 190-нан астам шеберлік сабақтары өткізілді. Осы семинарларға 25000-нан астам педагог қатысты. Әдіскерлер, пән мұғалімдері қауымдастығының мүшелері осы іс-шараларда сабақты ұйымдастыру, мұғалімдердің өзін-өзі тәрбиелеуі, біліктілікті арттыру, тиімді тәжірибені жалпылау және педагогикалық технологияларды, тәжірибелерді қолдану және т.б. өзекті мәселелердің кең ауқымын қамтитын мәселелер көтерілді. Бұл іс-шаралардың ғылыми-әдістемелік және практикалық бағыты қала мектептері педагогтерінің кәсіби дамуының пәрменді факторларының біріне айналды.

Алматы қалалық «Педагог-шебер – озық тәжірибе» бағдарламасын іске асыру аясында «Шеберлік шыңы» жобасы бойынша оқыту іс-шаралары өткізілді. Қала мектептерінің педагогтері ҚББЖТҒӨО -ның ақпараттық және әдістемелік қолдауымен кесте бойынша жыл бойы онлайн - форматта 210 шеберлік сабақтарын өткізді, онда жетекші педагогтер авторлық әдістемелер, қолданылатын технологиялар, оның ішінде ойлау қызметін жандандыру, формативті бағалаудың тиімді әдістері және педагогикалық қызметтің басқа аспектілері бойынша тәжірибелерімен бөлісті.

Алматы қаласының білім беру жүйесінде аттестаттау, оқу қызметін ұйымдастыру, біліктілікті арттыру және басқа да көптеген мәселелермен байланысты туындаған проблемалар мен қиындықтарды ашық талқылау мақсатында оқу жылы ішінде «Тікелей диалог сағаты: мұғалім – әдіскер» жобасы жүзеге асырылды.

«Тікелей диалог сағаты: әдіскер – мұғалім» жобасын іске асыру шеңберінде әдіскерлердің пән мұғалімдерімен онлайн-форматта консультациялық жұмысы жалғастырылды. Нормативтік құжаттарды түсіндіру, мектептерде оқу процесін ұйымдастыру тәртібі, педагог қызметкерлерді аттестаттау және басқа да мәселелер бойынша онлайн-конференциялар форматында барлығы 275-ке жуық іс-шара өткізілді. Сонымен қатар әр әдіскер кемінде 38 осындай кездесу өткізді.

Орталық жұмысының циклограммасына сәйкес пән мұғалімдеріне қысқа мерзімді жоспарды әзірлеуден бастап оқу сабағын ұйымдастыруға, оқушылардың білімін сабаққа толықтыру жөніндегі қызметті интеграциялауға, қолданбалы компьютерлік бағдарламаларды қолдануға және оқушылардың білім сапасын арттыру үшін ақпараттық платформалар мен порталдардың ресурстарын пайдалануға дейінгі көптеген мәселелер бойынша апта сайын кеңес өткізілді.

Оқушылардың оқытылатын пәндерге деген қызығушылығын қолдау және дамыту, сондай-ақ жобаларды орындау кезінде белсенділікті, бастамашылықты, дербестікті ынталандыру, қосымша әдебиеттермен жұмыс істеу дағдыларын қалыптастыру мақсатында осындай 9 қалалық және республикалық конкурстар ұйымдастырылып, өткізілді, оларға 1200-ден астам бала қатысты. Бұл әдеби поэтикалық оқулар, 15-тен астам эссе конкурстары, оларға 3000-нан астам жазбаша жұмыстар, 9 көрме және халықтық-қолданбалы шығармашылық, кескіндеме және акварель конкурстары ұсынылды, оларға 1500-ден астам қатысушылар қатысты.

Сондай-ақ орталықтың әдіскерлері **«Көптілді білім беру: практика және перспективалар»** атты халықаралық ғылыми-практикалық конференция өткізді, оның мақсаты әлемдік және отандық әдіснаманың көптілді білім берудің тиімді стратегияларын енгізу арқылы білім беру кеңістігін дамыту болды.

Конференция жұмысына Алматы қаласы орта білім беру ұйымдарының директорлары, директорлардың орынбасарлары және пән мұғалімдері қатысты. Конференция үш тілде өтті: қазақ, орыс және ағылшын. Іс-шарада өз елдерінде көптілді білім берудің табысты тәжірибесімен бөліскен 10 елдің (АҚШ, Болгария, Эстония, Моңғолия, Қырғызстан, Италия, Швейцария, Ресей, Беларусь, Украина) өкілдері сөз сөйледі. Конференцияны қолдау ЕҚЫҰ және АҚШ Елшілігінің RELO тарапынан жүзеге асырылды.

Білім басқармасының 2022 жылғы 9 наурыздағы № 86 бұйрығына сәйкес Алматы қаласында 4 мамыр мен 30 маусым аралығында гранттың мөлшері мен оны беру тәртібін белгілей отырып, «Орта білім берудің үздік ұйымы» грантын беруге байқау ұйымдастырылып, өткізілді.

Конкурс Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2014 жылғы 26 желтоқсандағы № 544 бұйрығымен бекітілген қағидаларға сәйкес тиімді педагогикалық және басқарушылық тәжірибені анықтау, қорыту және тарату, педагогтер мен білім беру ұйымдары басшыларының кәсіби және жеке өсуін ынталандыру мақсатында өткізілді.

Бұл байқаулардың мақсаты неғұрлым тиімді педагогикалық тәжірибені анықтау және дарынды, жоғары ынталы педагогтерді қолдау, белсенді кәсіби диалогті кеңейту, қоғамда білім беру басымдықтарын танымал ету, педагогтердің өзіндік кәсіби әлеуетін көтеру болып табылады.

Қазіргі әлем білім беру жүйесіндегі инновациялық өзгерістердің негізгі тұлғасы ретінде мұғалімнің жеке басына қойылатын жаңа талаптарды белгілейді. Осыған байланысты әр мұғалім мен педагогикалық ұжымның педагогикалық құзыреттілік деңгейін арттыруға ықпал ететін жұмыс формалары мен әдістерін үнемі педагогикалық іздеуді жүзеге асырады. Осыған байланысты орталықтың әдіскерлері жас педагогтерге арналған 2 халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция, 84-тен астам қалалық семинар, 15 дөңгелек үстел, 30-дан астам вебинар, қазіргі мектептің өзекті мәселелері бойынша 50 шеберлік сабақтарын ұйымдастырып, өткізді. Осы семинарларға 12 000-нан астам жас педагог қатысты.

Әдіскерлер, жас педагогтер қауымдастығының мүшелері осы семинарларда өзекті сұрақтар мен мәселелердің кең ауқымын қамтитын сұрақтар көтерді: сабақты ұйымдастыру, мұғалімдердің өзін-өзі тәрбиелеуі, біліктілікті арттыру, тиімді тәжірибені жинақтау және педагогикалық технологиялар мен практикаларды қолдану және тағы басқалар. Бұл іс-шаралардың ғылыми-әдістемелік және практикалық бағыты қала мектептері педагогтерінің кәсіби дамуының пәрменді факторларының біріне айналды.

Қазақстан Республикасы Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігінің (Сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызмет) Алматы қаласы бойынша департаменті мен Алматы қаласы Білім басқармасының қолдауымен төртінші жыл қатарынан білім беру ұйымдарының педагог қызметкерлері арасында «Адал ұстаз» қалалық байқауы өткізіледі.

Бұл байқау кәсіби құзыреттіліктерді оңтайлы меңгергенін көрсететін талантты, шығармашылықпен жұмыс істейтін педагогтерді анықтауға, оларды қолдауға және көтермелеуге, сондай-ақ педагогтердің сыбайлас жемқорлыққа қарсы дүниетанымын және сыбайлас жемқорлыққа теріс көзқарасын қалыптастыруға бағытталған.

2022 жылы оқу процесінің сапасын арттырудың негізгі факторы ретінде оқушылардың оқу - танымдық іс-әрекетін ұйымдастырудың стандартты емес, неғұрлым тиімді нысандары мен тәсілдерін іздеуге және әзірлеуге бағытталған **«Ақылды сабақ - білім сапасын арттыру»** Алматы қалалық жобасы өз жұмысын жалғастырды.

Барлығы 186-дан астам сабақтың бейнероликтері ұсынылды, оның ішінде 22 бейнеролик үздік деп танылды. Жеңімпаздар Алматы қаласы Білім басқармасының «Құрмет грамотасымен» марапатталып, қатысушыларға сертификаттар табысталды.

Үздік сабақтар Алматы қаласы Білім басқармасының сайтында орналастырылды. Бұл қалалық жоба табысты жұмысын жалғастыруда.

Әр мұғалім үшін ең маңызды біліктілік санатын арттыру мақсатында аттестаттаудан өту болып табылады.

2022 жылғы 4 қаңтар мен 30 маусым аралығында ҚБЖТҒӨО әдіскерлері білім беру ұйымдарының барлық педагогтеріне педагог қызметкерлерді аттестаттауға дайындауда және өткізуде консультативтік, әдістемелік көмек көрсетті.

Мектепке дейінгі, орта, қосымша, арнайы, сондай – ақ техникалық және кәсіптік білім беру педагогтері үшін педагогтерді аттестаттау мәселелері бойынша бірқатар қалалық семинарлар 18-20 қаңтар аралығында онлайн режимде, ал 6-7 сәуірде № 33 МЛ және № 62 Г базасында офлайн режимде өткізілді.

Сондай-ақ, онлайн режимінде 21 және 24 қаңтарда білім беру ұйымдары директорларының орынбасарлары, әдіскерлері мен жауапты тұлғалары үшін мемлекеттік қызметтер стандарты бойынша қалалық семинарлар өткізілді.

4 ақпанда аудандық білім бөлімдерінің әдіскерлеріне білім беру ұйымдары басшыларының орынбасарларын аттестаттау мәселелері бойынша қалалық семинар өткізілді.

Сонымен қатар мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту, негізгі орта және жалпы орта, техникалық және кәсіптік, қосымша, мамандандырылған және арнайы білім беру басшыларының орынбасарлары үшін қалалық семинарлар өткізілді, онда аттестаттау үшін қандай құжаттарды порталға орналастыру керектігі көрсетілді.

Психологиялық қолдау желісі бойынша педагогтерге көмек ретінде 25 - 26 сәуірде «ҰБТ тапсыруға дайындық кезіндегі психоэмоционалдық жүктемелердің жоғарылауы кезеңіндегі педагогтің психологиялық жағдайы» атты қалалық семинар ұйымдастырылып, өткізілді.

2022 жылғы 25 мамырдан бастап педагог қызметінің нәтижелерін кешенді талдамалық жинақтау үшін құжаттарды қабылдау басталды.

Барлығы 658 құжат қабылданды (педагог-модераторға – 351, педагог-сарапшыға – 185, педагог-зерттеушіге – 122). Аттестатталушы педагогтердің аттестаттаудан өту жөніндегі қызметіне сараптама 1-25 тамыз аралығында Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 27 қаңтардағы №83 бекітілген бұйрығы негізінде жүргізілді (өзгерістер мен толықтырулармен ҚР БҒМ 2021 жылғы 12 қарашадағы №561 Бұйрығымен).

Аттестаттау нәтижелері бойынша келесі біліктілік санаттары берілді:

Жалпы орта білім беру педагогтері:

- «педагог-шебер» - 13 адам (0,2%);
- «педагог-зерттеуші» - 1 135 адам (22,0%);
- «педагог-сарапшы» - 1 182 адам (22,8%);
- «педагог-модератор» - 2 850 адам (55,0%).

Мектеп директорлары:

- «көшбасшы-басшы» - 77 адам.;
- «басшы-менеджер» - 21 адам.;

Директорлардың орынбасарлары:

- «бірінші санатты директордың орынбасары» - 347 адам.;
- «екінші санатты директордың орынбасары» - 112 адам.;
- «үшінші санатты директордың орынбасары» - 6 адам.

2022 жыл ішінде «Өрлеу» БАҰО АҚ филиалында, «Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДББҰ Педагогикалық шеберлік орталығында, республикалық білім беру жүйесінің біліктілігін арттыру институтында, республикалық қосымша білім беру оқу-әдістемелік орталығында педагогтерді курстық қайта даярлау жалғасты.

2022 жылғы 14 ақпаннан 15 желтоқсанға дейінгі кезеңде Алматы қаласы бойынша біліктілікті арттыру курстарында барлығы 7211 (6075-мектеп, 983 - д/о, қосымша білім беру-153) педагог оқыды. Оқытылған 7211 педагогтің ішінен қайта даярлаудан өтті:

1) Жаңа форматтағы курстар бойынша (ПШО деңгейлік) – 49 адам («Педагогикалық қоғамдастықтағы мұғалімнің көшбасшылығы» – 21; «Мектептегі мұғалімнің көшбасшылығы» – 6; «Тиімді оқыту» - 22);

2) қысқа мерзімді курстар бойынша – 7162 педагог. Оның ішінде 6026-мектеп мұғалімдері, 983-мектепке дейінгі білім беру педагогтері, 153-қосымша білім беру педагогтері);

- ББЖҚБАРИ-да -225;

- Өрлеуде-4720 (мектеп мұғалімдері-4181, мектепке дейінгі білім беру педагогтері – 539);

- ПШО - 2064 (мектеп мұғалімдері – 1620, мектепке дейінгі білім беру педагогтері – 444, қосымша білім беру педагогтері-153).

Элективті курстар мен факультативтік сабақтар бағдарламаларын сараптау бойынша жұмыс жалғастырылды. Жыл бойы факультативтік сабақтар мен элективті курстардың оқу бағдарламаларына сараптама жүргізілді. Тек 2022 жылы сараптамалық топтардың қарауына 574-ке жуық бағдарлама келіп түсті. «Плагиатқа қарсы» бағдарламасымен тексеруді қамтитын бірінші кезең бағдарламалардың 28% -ы өтті. Екінші кезең - сараптамалық топтың қарауы – «плагиатқа қарсы» бағдарламасынан өткендердің 54% - ы өтті. Әзірленіп жатқан элективті курстар бағдарламаларының сапасын арттыру үшін элективті курстар бағдарламаларын құрастыру және ресімдеу бойынша бірнеше рет кеңес өткізілді, мектептерге бағдарламаларды сараптау туралы ереже жіберілді.

Орталық әдіскерлері жұмысының басты мақсаттарының бірі Алматы қаласының білім беру ұйымдарында тәрбие жұмысын ұйымдастыру болып табылады.

Тәрбие жұмысы 2019 жылы әдіскерлер әзірлеген және 2022 жылы жаңартылған «ЕЛ ЖАСТАРЫ» қалалық тәрбие бағдарламасын іске асырудың арқасында жүйелі сипатқа ие болды.

«ЕЛ ЖАСТАРЫ» бағдарламасының мақсаты - қазіргі заманғы жағдайлар мен әлеуметтік даму қажеттіліктерін ескере отырып, қоғамда табысты бейімделуге қабілетті азаматтың бәсекеге қабілетті және әлеуметтік белсенді тұлғасын қалыптастыруға ықпал ететін бірыңғай тәрбие кеңістігін құру.

«ЕЛ ЖАСТАРЫ» бағдарламасы келесі кезеңдер бойынша жүзеге асырылуда:

I кезең-1-4 - сынып оқушылары - «Менің отбасым және мен .

II кезең-5-8- сынып оқушылары – «Менің өмірлік ұстанымым».

III кезең - 9-11- сынып оқушылары – «Бәсекеге қабілетті тұлға».

IV саты - техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарының білім алушылары – «Бәсекеге қабілетті ұрпақ».

«ЕЛ ЖАСТАРЫ» бағдарламасы білім беру ұйымдарының әлеуметтену процесінің басқа қатысушыларымен – отбасымен, қоғамдық ұйымдармен, мектептен тыс білім беру, мәдениет, спорт ұйымдарымен, бұқаралық ақпарат құралдарымен өзара іс-қимылының негізін білдіреді.

«ЕЛ ЖАСТАРЫ» бағдарламасының мазмұнының өзегі жыл сайын мектеп оқушылары мен колледж білім алушыларын барынша қамти отырып, кезеңдер бойынша (мектеп, аудандық, қалалық) жалпы қалалық іс-шара өткізу болып табылады.

Қалалық іс-шараларды өткізумен бір мезгілде 1-11- сынып оқушыларымен, колледж оқушыларымен, ата-аналармен тұрақты әңгімелер, дөңгелек үстелдер, брифингтер, интерактивті форматтағы іс-шаралар өткізіледі.

Жыл сайын тәрбие жұмысының сегіз бағытының біреуі басымдық ретінде ұсынылады, қалалық жоба әзірленеді, оны өткізуге дайындық басталады. Жыл сайын жалпы қалалық іс-шараларға қатысушы балалардың саны артып келеді, іс-шаралар сценарийлерін дайындау сапасы едәуір артып, оқушылардың жобаларға саналы түрде қатысуы байқалады.

Балалар әлеуметтік бастамаларды ұсыну және қорғау тәжірибесімен бөліседі.

Тәжірибесі аз директорлардың тәрбие ісі жөніндегі орынбасарлары үшін бұл іс-шаралар шеберлік сабақтарына айналды.

2019 жылы «Құқық бұзушылықтардың алдын алу және құқықтық сананы қалыптастыру» қалалық марафоны өткізілді (марафонға қатысушыларды 4500-ге жуық оқушы қамту), 2020 жылы азаматтық тәрбие бойынша сол форматта «Біздің азаматтық ұстанымымыз» балалар жасөспірімдер бірлестіктері бойынша үгітбригадаларының слет-конкурсы өткізілді (5200 оқушыны қамту). Жобалар үш кезеңде өткізілді: мектепшілік, аудандық, қалалық. Финалда аудандық кезеңдердің жеңімпаз командаларының үгіт бригадалары өнер көрсетті.

2020-2021 оқу жылында рухани-адамгершілік тәрбие бойынша «Мейірімділік пен қайырымдылық – адамзаттың үздік қасиеттері» ЮНИФЕСТ қалалық жобасы іске асырылды - COVID 19 тудырған карантиндік шектеу шаралары жағдайында онлайн форматтағы бейнероликтер байқауы қашықтық форматқа көшірілді (2800 бейнеролик жасалды, 6000-нан астам қатысушыны қамтыды).

